

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ 796.032 (574)

Қолжазба құқығында

БАХТИЯРОВА САЯГУЛ ЖАКСЫБАЕВНА

**«Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау
жүйесіндегі олимпиадалық білім беру»**

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін жазылған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Андрущишин И.Ф.;
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Булатова М.М.

Қазақстан Республикасы,
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
КІРІСПЕ	8
1 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	19
1.1 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жағдайында олимпиадалық білім берудің зерттелу жағдайы.....	19
1.2 Қазіргі кезеңдегі әлемдік тәжірибедегі олимпиадалық білімнің рөлін талдау.....	28
1.3 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің басым бағыттары.....	37
Бірінші бөлім бойынша қорытынды.....	49
2 ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ	50
2.1 Зерттеу әдістері.....	50
2.2 Зерттеуді ұйымдастыру.....	54
3 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУ ТӘСІЛДЕРІ	57
3.1 «Олимпизм», «Олимпиадалық білім» ұғымдарының анықтамалары.....	57
3.2 Олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың формалары мен әдістері.....	66
3.3 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі.....	76
Үшінші бөлім бойынша қорытынды.....	81
4 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК НЕГІЗДЕМЕСІ	82
4.1 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асырудың бастапқы деңгейі.....	82
4.2 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің мазмұны мен әдістемесі.....	99
4.3 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді іске асыру әдістемесінің тиімділігін	

эксперименттік негіздеу.....	119
Төртінші бөлім бойынша қорытынды.....	128
ҚОРЫТЫНДЫ	129
ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР	130
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	132
ҚОСЫМШАЛАР	147

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттаға сілтеме жасалған:
Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы Заңы (2017 жылғы 11 мамырдағы, № 65-VI өзгерістер мен толықтырулармен).

Олимпиадалық Хартия (2020 жылғы 17 шілдедегі редакция).

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі Тұжырымдамасы 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 қаулысы.

ГОСТ 7.32 – 2001. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері.

ГОСТ 7.1 – 2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы ережелер және құрылымына қойылатын талаптар.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған.

Олимпизм – бұл дененің, ерік-жігердің және ақыл-ойдың қасиеттерін жоғарылататын және біріктіретін өмірлік ұстанымға ие философия. Спортты мәдениет пен біліммен үйлестіре отырып, олимпизм күш-жігердің қуанышына, жақсы тәрбиелік құндылығына және жалпыға бірдей негізгі этикалық қағидаларды құрметтеуге негізделген өмір салтын қалыптастырады [1].

Олимпиадалық қозғалыс – адамның дене және рухани жетілуіне қол жеткізу, халықаралық ынтымақтастықты нығайту құралдарының бірі ретінде спортты дамыту үшін халықаралық қоғамдық қозғалыс ретінде танымал. Олимпиадалық қозғалыстың мақсаттары – спорттың негізі болып табылатын дене және моральдық қасиеттерді дамытуға ықпал ету, жастарды өзара түсіністік пен достық рухында тәрбиелеу, осылайша бүкіл әлемде бейбітшілікті нығайтуға жәрдемдесу, халықтар арасында ізгі ниет құрудың олимпиадалық қағидаларын кеңінен насихаттау, барлық континенттердің спортшыларын төрт жылда бір рет бүкіләлемдік спорт мерекесі – Олимпиада ойындарында біріктіретін іргелі қозғалыс [2].

Олимпиада ойындары – біздің заманымыздың олимпиадалық ойындарының қағидалары, ережелері олимпиадалық Хартиямен анықталған, оның негізін 1894 жылы Парижде Халықаралық спорт конгресі бекіткен ең ірі халықаралық кешенді спорттық жарыстар [3].

Олимпиадалық білім беру – жалпы білімнің бөлігі және бүгінде олимпизм туралы білімді игеру процесі мен нәтижесі ретінде әлемде өте танымал қоғамдық институт, оның тұжырымдамасы гуманистік идеяларды қоғам өміріне тарату және үйлесімді дамыған адамды тәрбиелеу, сондай-ақ ынтымақтастықты, өзара түсіністік пен өзара көмекті дамыту болып табылады [4].

Элективті пән (таңдау бойынша пән) – білім беру стандартында белгіленген құзыреттіліктерді кеңейтуге және тереңдетуге, сондай-ақ білім беру стандартында мазмұнын толықтыратын оқу жоспарының жаңа элементі. Белгіленген құзыреттерге қосымша университет белгілеген құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының вариативті бөлігі ең алдымен, білім алушылардың жеке білім беру мүдделерін, қажеттіліктері мен бейімділігін қанағаттандырумен байланысты [5].

Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК) – олимпиадалық қозғалыстың ең маңызды жоғарғы органы, билікке жатпайтын коммерциялық емес халықаралық ұйым. 1894 жылы француз бароны Пьер де Кубертеннің бастамасымен тарихи Олимпиада ойындарын жаңарту мақсатында құрылған. Халықаралық олимпиада комитеті – спорт әлеміндегі ең ірі және мәртебелі ұйым. Штаб-пәтері Лозаннада (Швейцария) орналасқан [6].

Ұлттық олимпиада комитеті - Халықаралық олимпиада комитетінің олимпиадалық Хартиясына сәйкес Халықаралық олимпиада комитетіне тиесілі

олимпиадалық рәмізді, ұранды, туды және гимнді, «Олимпиадалық ойындар», «Олимпиада ойындары» деген атауларды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің олимпиадалық эмблемасына, ұранына, туына және өзге де ұлттық олимпиадалық нышанға айрықша құқықтарды иеленеді [7].

Олимпиада Хартиясы – олимпизмнің негізгі қағидаттарының, Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК) бекіткен ережелер мен ресми түсіндірулердің жиынтығы ретінде танымал. Олимпиадалық Хартия олимпиадалық қозғалыстың құрылымын, жұмыс жасау механизмін және процестерін реттейді және Олимпиада ойындарын өткізу шарттарын айқындайтын олимпизмнің негізгі нормативтік көзі [8].

Олимпиада ойындары – төрт жылда бір рет өткізілетін әлемдегі ең ірі спорт. Жарысты өткізу дәстүрі біздің заманымыздан бұрын басталған. Олимпиада біздің заманымызға дейінгі 776 жылдан бастап біздің заманымызға дейінгі 393 жылға дейін Олимпия деп аталатын қалада өтті, онда ойындардың атауы пайда болды [9].

«Fair Play» – адамның спорттағы тектілік пен әділеттілік туралы ішкі сеніміне негізделген этикалық және моральдық заңдардың жиынтығы. Fair-play (адал ойын) қағидаты төрешілердің ережелері мен шешімдеріне құрметпен қарауды, допингті пайдалануға жол бермеуді, спортшылардың жарыстарға қатысуына тең мүмкіндіктерді білдіреді [10].

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АОА	- Аймақтық олимпиада академиясы
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
ЖОО	- жоғары оқу орны
ҚХР	- Қытай Халық Республикасы
РОК	- Ресей олимпиадалық комитеті
СОА	- Сібір олимпиадалық академиясы
ОБСӨЖ	- оқытушы басшылығымен студенттің орындайтын
СӨЖ	- студенттің өзіндік жұмысы
ҰОК	- Ұлттық олимпиада комитеті
ХОА	- Халықаралық олимпиада академиясы
ХОК	- Халықаралық олимпиада комитеті
WADA	- Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік
\bar{X}	- ортша арифметикалық мәні
S	- орташа квадраттық ауытқу
t	- Студенттің критерийі
n	- сыналушылар саны

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес саламатты ұлтты дамытудың негізі ретінде спорт пен дене шынықтыру саласын дамытуда отандық спортшылар жетістіктерінің халықаралық деңгейде мойындалуы ең маңызды нәтиже ретінде танымал. Жоғары оқу орындарының базасында ұлттың бірыңғай болашағын қалыптастыруға, патриотизм жүйесін тәрбиелеуге ықпал ететін адамгершілік, эстетикалық және зияткерлік тұрақты жастарды дамытуда дене шынықтыру мен спорт саласын пайдалануға назар аудару жұмыстың басым бағыты болып табылады [11].

Мемлекет басшысының «100 нақты қадам: Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарында қойған Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуін қамтамасыз ету жөніндегі міндетті ескере отырып, спорт пен салауатты өмір салтын таңдайтын саламатты ұлт қалыптастыру жөніндегі ортақ мақсатқа негізделген дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау саласын дамытудың жаңа моделін қалыптастыру қажет [12].

Осыған байланысты жоғары дене шынықтыру және спорт білімін әлемдік білім беру жүйесіне ықпалдастыру қажеттілігін атап өткен жөн. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіне келетін болсақ, олимпизм идеологиясы кәсіби дайындық жүйесінің негізі құрамдас бөлігі деп айтуға болады.

Осы педагогикалық қызметті дамыту және жандандыру қажеттілігі туралы қазіргі олимпиада қозғалысының басты ресми құжаты – олимпиадалық Хартияда, Халықаралық және Ұлттық олимпиада комитеттері мақсаттарында көрсетілген. Олимпиадалық Хартияда Қазақстандық жастарға олимпиадалық білім алуға жан-жақты жәрдемдесу туралы, олимпизмнің негізгі қағидаттарын насихаттау туралы, мектептер мен университеттерде дене шынықтыру және спорт бойынша оқу бағдарламаларында олимпизмнің таралуына ықпал туралы атап өтілген [13].

Бұл өз кезегінде дене шынықтыру және спортпен айналысу мотивтерін нығайтуға, спорт саласын жетілдіруге, жаңа спортшы таланттарды іздеуге бағытталған білім беру, тарихи тәжірибе мен дәстүрге бағытталған қоғам санасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға көмектеседі.

«...Сондықтан кез-келген қазақстандық, жалпы ұлт сияқты, ХХІ ғасырға лайықты қасиеттер жиынтығына ие болуы керек [14].

Қазақстанда олимпиадалық білім беруді енгізу мәселесін зерделеу жан – жақты көзқарасты талап етеді. Олимпиада ойындарының жүлдегер спортшыларының жетістіктері үлкен әлеуметтік, білім беру және тәрбиелік мәнге ие [15, б.12]. Алайда, коммерцияландыру, кәсіпқойландыру, біржақты төрелік ету, заманауи олимпиадалық спорт түрлерінде допингті қолдану олимпиадалық қозғалыстың дамуына орны толмас зиян келтірді, оның қағидаттарын бұзды және олимпизм идеясының жойылуына әкелді. Осыған

орай, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық мәдениет пен білім беруді жетілдіру олимпиадалық қозғалыста туындайтын дағдарысты жағдайлардан шығуға көмектеседі.

Олимпиадалық білім беру мәселелері отандық және шетелдік көптеген ғалымдар мен практиктердің назарын аударды. Олар халықаралық олимпиада конгрестерінде, ғылыми конференцияларда, семинарларда және ғылыми жұмыстарда талқыланады. Қазақстанда Қазақ спорт және туризм академиясы «Олимпиадалық спорт және баршаға арналған спорт» Халықаралық ғылыми конгрестерін жүйелі түрде өткізіліп тұрады, оған шетелдің көптеген елдерінің ғалымдары қатысады [16].

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулерде жастардың олимпиадалық білім беру мәселелерін шешу, олимпиадалық қозғалыс туралы білім жүйесін қалыптастыру, олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстырудың өзектілігіне байланысты, оны іс жүзінде жүзеге асырудың жаңа нысандарын, құралдары мен әдістерін, ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін іздестіру арқылы осы педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру мәселесі алға тартылуда.

Жас ұрпақтың олимпиадалық білімі бойынша жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осы жұмысты жүргізуге тікелей қатысты мамандарды дайындау деңгейіне байланысты. Өкінішке орай, қазіргі таңда дене шынықтыру және спорт саласы мамандары балалар мен жастарға олимпиадалық білім берудің мақсаттары, міндеттері, мазмұны, құралдары мен әдістері туралы өте әлсіз түсінікке ие.

Қазіргі Қазақстанның әлемдік қоғамы жағдайында олимпиадалық қозғалысқа және Олимпиада ойындарына қызығушылықтың артуына байланысты дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауды әлемдік жүйеге ықпалдастырудың, олимпизм, олимпиадалық білім берудің мұраттары мен құндылықтарын насихаттаудың өзектілігіне байланысты олимпиадалық білім беруді жүзеге асыратын мамандарды кәсіби дайындаудың жаңа тәсілдерінің қажеттілігінен зерттеу жұмысының тақырыбы таңдалды.

Зерттеу мәселесінің ғылыми даму жағдайы. Ежелгі дәуірдің ұлы және әлемге әйгілі символы болған Олимпиада ойындары Пьер де де Кубертен есімімен тығыз байланысты болғанын, олимпизм идеалдарындағы білім беру жүйесін қайта құрудың негізін қазіргі таңда шынайы бағалаған Г.М. Аксенов [17], И.В. Игнатченко [18], қазіргі олимпизмнің қалыптасуының әлеуметтік-педагогикалық аспектілерін С.Н. Мягкова [19], Н.В. Нарчук [20], Ж. Самдандоржийн [21] зерттесе, олимпиадалық қозғалыстың адамгершілік қағидаттары Ж.Н. Атанасовтың [22], Х.М. Кахигалдың [23] зерттеулерінде көрініс тапты, сонымен қатар олимпизмді оқу процесінің құрылымына қосуды В.И. Усаков [24], Г.Ф. Петлеванный [25], Ю.А. Прокопчук [26], К.Н. Ефременков [27], В.А. Болдырева [28], Н.Ю. Мельникова [29], Н.Н. Мелентьева [30], Л.С. Леонтьева [31] жан-жақты қарастырды. Олимпиадалық білімді қазіргі қоғамның гуманистік құндылығы ретінде Ю.П. Сегалдың [32], М.В. Антипованың [33], Р.А. Пирожников [34], М.А. Захаровтың [35] зерттеулеріндегі басты бағыттардың бірі «Фэйр Плэй»

ұғымын талдау, атап айтсақ, әділ ойын қағидаттары болды.

И.В. Баринованың [36], Б.Ф.Курдюковтың [37], В.Н.Сергеевтің [38], Ю.М. Чернецкийдің [39], А.Т. Контанистовтың [40], Г.М. Поликарпованың [41], Е.В. Дивинскаяның [42], В.М. Разувановтың [43], М.М. Орешкиннің [44], К.Н. Ефременковтің [45] еңбектерінде жоғары оқу орындарының кәсіби білім беру жағдайында дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім беру кеңістігінде олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру мәселелерінің аспектілерін көрсетеді.

С.Ю. Бариновтің [46], Р.А. Пирожниковтың [47], А.Т. Паршиковтің [48], В.И. Баюровтің [49], И.И. Кругликтің [50] ғылыми зерттеулері олимпиадалық білім беру мәселелеріне, атап айтқанда, әртүрлі жас топтарында олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру технологиялары мен әдістерінің дамуына арналған.

В.И. Столяров [51], И.И. Гуслистова [52], М.М. Булатова [53], С.Н. Бубка [54], М.Е. Кобринский [55], В.С. Родиченко [56], А.А. Сучилин [57] В.Н. Платонов [58] олимпиадалық білім берудің теориясы мен әдіснамасын жан-жақты зерттеді.

Елімізде дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру идеясын жүзеге асыруда, алдымен, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын кәсіби дайындауда отандық мамандардың ғылыми еңбектерін басшылыққа алып, зерттеулерінің бағыт-бағдарын анықтадық. Оның ішінде А.Қарақовтың [59], Б.Қ. Мухаметжановтың [60], А.Т.Балабековтың [61], А.Қ. Тшановтың [62], М.Т. Стамқұловтың [63], М.Қ. Мамытовтың [64], А.Б.Дошыбековтың [65] еңбектерінде басшылыққа алатын құнды ғылыми бағыттар зерттелген.

Зерттеудің болашақ бағыты елімізде дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асыру болып табылады.

Олимпиадалық білім беруді зерттеу мәселесіне қатысты әдебиет деректерін талдау нәтижесінде келесідей **қарама-қайшылықтар** анықталды:

біріншіден, Қазақстандағы ғылыми айналымда олимпиадалық білім беруді іске асыру мен таратуда жас ұрпақты олимпизм идеалдары мен құндылықтарымен таныстыруға бағытталған «олимпизм» және «олимпиадалық білім» ұғымдарының жеткіліксіз зерттелуі, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруде дамымаған тұжырымдамалық негіздері;

екіншіден, Қазақстандағы отандық спорттың жоғары деңгейі мен жинақталған тәжірибесі қарамастан болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру мен мәдениеттің мүмкіндіктерінің жоғары деңгейде ескерілмеуі.

Осы қарама-қайшылықтардың мазмұнын ескере отырып, біз **зерттеу мәселелерін** қалыптастырдық: әзірге біздің елімізде олимпизм теориясы мен тарихын, қазіргі олимпиадалық білімнің өзекті әлеуметтік-мәдени мәселелерін жан-жақты талдаған және олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру үшін дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындаудың ғылыми негізделген

әзірлемелері мен оған қатысты іргелі еңбектер жоқ. Осыған байланысты, елімізде дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беру мәселесінің өзектілігі мен әлсіз дамығандығын ескере отырып, **«Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беру»** тақырыбында зерттеу жүргізілді.

Бұл мәселені шешудегі біздің **зерттеуіміздің мақсаты** - жоғары оқу орындарында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім берудің мазмұны мен әдістемесін жасау.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнында дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру үрдісі.

Зерттеу пәні: Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беруді енгізу жолдары.

Зерттеу міндеттері:

1. Шетелдік және отандық тәжірибеде олимпиадалық білім беруді дамыту тәжірибесін жинақтау, оның әлеуметтік-тарихи негіздерін ашу және қазіргі қоғамда жүзеге асырылу деңгейін анықтау.

2. Дене шынықтыру және спорт саласындағы қазақстандық мамандар үшін «олимпизм» және «олимпиадалық білім» ұғымдарының мазмұнын нақтылау.

3. Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімін дамытуға және әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдық-мазмұндық модельді және бірыңғай кешенді бағдарламаны әзірлеу.

4. Қазақстанда олимпизм идеяларын одан әрі дамыту үшін дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беру әдістемесін тәжірибеде қолданудың тиімділігін эксперименттік негіздеу.

Зерттеу болжамы: Егер «Олимпиадалық білім беру» курсының теориялық негіздері, құрылымдық-мазмұндық моделі, олимпиадалық білім беру бойынша әртүрлі материалдардың кешені ұсынылып, олимпиадалық білім беруді жетілдіру әдістемесі іске асырылса, онда болашақ дене шынықтыру және спорт мамандардың олимпиадалық білімі деңгейін арттыру тұрғысынан олимпизм мұраттары мен құндылықтарына сәйкес келетін олимпиадалық мәдениеті қалыптасатын болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесілерден тұрады:

1. Олимпиадалық білім беру тәжірибесі жалпыланды, оның әлеуметтік-тарихи негіздері және қазіргі қоғамда жүзеге асырылу деңгейі талданды, осыған байланысты елімізде дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру қажеттілігі айқындалды; жоғары оқу орындарында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру тәжірибесін енгізу және дамыту бойынша шетелдік және отандық тәжірибе жинақталды.

2. «Олимпизм», «олимпиадалық білім» ұғымдарының мазмұны нақтыланды.

3. Дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі және теориялық курсты («Олимпиадалық

білім» оқу құралы, «Олимпиадалық білім негіздері» электрондық-әдістемелік әзірлемені) және практикалық оқыту құралдарын (олимпиадалық сөзжұмбақтар, олимпиадалық викторина, олимпиадалық іскерлік және зияткерлік ойындар, олимпиадалық сабақтар, олимпиадалық сөздіктің алфавиттік реттелген тізімі) қолдану негізінде олимпиадалық білім беруді жетілдіру әдістемесі әзірленді.

4. Құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігі және дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді жетілдіру әдістемесін тәжірибе жүзінде пайдалану эксперименттік негізде дәлелденді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін олимпиадалық білім тұжырымдамасы мен олимпиадалық қозғалыстың тұжырымдамалық негіздері, олимпиадалық білім берудің теориясы мен әдістемесі, олимпиадалық білім берудің теориясы мен әдіснамасы, олимпиадалық білім беруді оқыту технологиялары мен тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, инновациялық технологиялар мен олимпиадалық білім беру арқылы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар құрайды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік, әдебиеттерді талдау және жалпылау, сауалнама жүргізу, олимпиадалық сауаттылықты тестілеу, олимпиадалық мәдениеттің қалыптасу деңгейін диагностикалау, педагогикалық эксперимент, зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу әдістері.

Зерттеу базасы. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен тәжірибелік қызметтің теориялық талдауы республиканың дене шынықтыру-спорт жоғары оқу орындарының олимпиадалық қозғалысы құрылымындағы белгілі бір кемшіліктерді көрсетті, бұл бізге орындалған жұмыстың нәтижелерін пайдалана отырып, олимпиадалық білім беру және тәрбиенің мазмұны мен түсінігіне инновациялық тәсілдерді назарға ала отырып, оны қатаң ғылыми-әдістемелік негізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2. Әлемдік қоғамдастықтың әртүрлі елдеріндегі олимпиадалық қозғалыс терминдерін мағыналы түсіндіру тәжірибесін зерделеу, отандық олимпиадалық білім берудің теориялық дамуы мен білімін жалпылау қазақстандық дене шынықтыру және спорт жүйесіндегі «олимпизм» мен «олимпиадалық білімнің» бірыңғай ұғымдарының түсінігін тұжырымдауға мүмкіндік береді.

3. Олимпиадалық білім берудің жүйелік-кешенді бағдарламасы мен құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу олимпизмнің негізгі идеяларын берудегі оқу-тәрбие қызметінің маңызды компоненттерін құра отырып, олимпиадалық білім беру мәселелерін шешуге байланысты дене шынықтыру мамандары мамандарының теориялық дайындық деңгейінің жоғарылауын айқындайтын болады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы әлемдік спорттың даму заңдылықтары мен динамикасын аша отырып, үш блокты білімдік элективті курстың мазмұны дене шынықтыру мамандарының білімін кеңейтуге,

олимпиадалық қозғалыстың мәнін тереңірек түсінуге және осы өзекті мәселеге қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

4. Оқу кестесіне сәйкес өткізілетін және қорытынды бақылау жүргізуді, оқу процесін заманауи ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттермен, оның ішінде электрондық көздермен қамтуды көздейтін, ЖОО-ның оқу жоспарына енгізілген «Олимпиадалық білім беру» элективті курсының негізінде олимпиадалық білім беруді тәжірибелік іске асыру олимпиадалық білім беруді, олимпиадалық мәдениет пен олимпизм құндылықтарының неғұрлым жоғары деңгейін қалыптастырады.

Жүргізілген зерттеудің теориялық маңыздылығы келесілерді қамтиды:

1. Олимпиадалық білім беру тәжірибесін жинақтау, оның әлеуметтік-тарихи негіздерін ашу және қазіргі қоғамдағы іске асырылу деңгейін талдап қорыту.

2 Шетелдік және отандық тәжірибеде олимпиадалық білім беруді іске асырудың тәжірибиесін жинақтау.

3. «Олимпизм», «олимпиадалық білім» ұғымдарын талдауды нақтылау.

4. Олимпиадалық білім беруді ұйымдастыруды іске асыру жолдары мен нысандарына байланысты ерекшеліктерін анықтау.

5. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнінің құрылымы мен мазмұнының моделін құрастыру.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жоғары оқу орындарында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде, сондай-ақ әртүрлі білім беру мекемелерінде олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың мүмкіндіктері туралы ғылыми түсініктерді кеңейтеді.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы: Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асыруға арналған:

1. «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні бағдарламасы әзірленіп, оқу үрдісіне енгізілуі студенттердің олимпиадалық білім беру саласында олимпиадалық сауаттылықтарын арттыруға, студент жастарды олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстыруға ықпал етеді, бұл зерттеу нәтижелерімен расталады.

2. Дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған «Олимпиадалық білім» оқу құралы және «Олимпиадалық білім негіздері» оқу-әдістемелік әзірлемесі әзірленді, білім беру мекемелерінде дене шынықтыру және спорт мамандарын олимпиадалық білім беруді жүзеге асыруға дайындаудың біртұтас бағдарламасы жасалды, бағдарламаны дене шынықтыру және спорт саласындағы болашақ мамандарды кәсіби дайындауда олимпиадалық білім беруді технологиялық қамтамасыз ету ретінде студенттер пайдалана алады.

Ұсынылған оқу-әдістемелік әзірлемеде көрсетілген олимпиадалық сабақтары, құралдары мен нысандары олимпиадалық білім беру бойынша жұмысты студенттер осы жұмыстың белсенді қатысушылары мен

ұйымдастырушылары болатындай етіп құруға мүмкіндік береді және бұл өз кезегінде олимпиадалық білім беруді болашақ кәсіби қызметінде іске асыруға дайындық деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Ұсынылған дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді іске асыру жастардың дене шынықтырумен және спортпен жаппай айналысуын едәуір арттыруға мүмкіндік береді, олимпизм үлгісінде тәрбиелік құндылыққа ие болады, білімді маманның қалыптасуына үлес қосады, ал олимпиадалық білім беру идеясын өскелең ұрпаққа тарату олимпиадалық мәдениет мектебі арқылы қоршаған әлемді қабылдауын кеңейтеді, Қазақстанда олимпиадалық білім берудің бірыңғай жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми нәтижелерінің сенімділігі және негізділігі.

Жоғары оқу орындарында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді жетілдіру әдістемесі ғылыми негіздеудің әдіснамалық қағидалардың нақтылығымен, оның теориялық және практикалық дәлелдемелерімен, сонымен қатар зерттеу әдістерінің бірқатар жиынтығын мақсатты пайдаланумен, оның тақырыптық сипаттамаларының дәлдігімен, алынған тәжірибенің деректерін сандық және сапалық жағынан шынайы талдаулармен, таңдамалылардың біртектілігімен расталды.

Берілген жұмыстың басқа ҒЗЖ, әртүрлі мемлекеттік және халықаралық бағдарламамен байланысы. Диссертациялық зерттеу ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» 3.07.2014 ж. № 228-V ҚРЗ заңымен (2017 ж. 11 мамырдағы, № 65-VI өзгерістер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі Тұжырымдамасымен (2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 қаулы), Олимпиадалық Хартиямен (2020 жылғы 17 шілдедегі редакция, 4-тарау) байланысты.

Автордың жеке үлесі келесі әрекеттерден тұрады: диссертациялық жұмыстың барлық нәтижелері автордың қатысуымен орындалды. Жұмыстың авторы зерттеудің нысаны мен тұжырымдамасын таңдауға, жұмыстың мақсатын анықтауға, зерттеу міндеттерін қоюға, дене шынықтыру және спорт саласындағы олимпиадалық білім беруді дамыту және жүзеге асыру бойынша ғылыми әдебиеттерді мазмұнды талдауға, педагогикалық процестің нақты жағдайларында педагогикалық эксперименттің бағдарламасын дайындауға және ұйымдастыруға, эксперименттің сапалық және сандық деректерін дұрыс өңдеуге өз үлесін қосты. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми Кеңесінің 2019 жылдың 27 мамырдағы №9 хаттамасы қаулысымен 5B010800 - Дене шынықтыру мамандығының 3 курсына «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні 2019-2020 оқу жылынан бастап оқу жұмыс жоспарына енгізілді (*енгізу Хаттамасынан көшірме В қосымшасында орналастырылды*) және дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру әдістемесінің мазмұнын жасады. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді технологиялық қамтамасыз етуде университет басылымында олимпизм

құндылықтарының таралуына ықпал ететін «Олимпиадалық білім» оқу құралы жарық көрді. Сонымен бірге, білім беру мекемелерінде олимпиадалық білім беруді іске асыру және өскелең ұрпаққа тарату идеясымен Қазақстанда олимпиадалық білім беруді дамыту бойынша «Олимпиадалық білім негіздері» атты сабақтан тыс іс-шаралардың электронды оқу-әдістемелік әзірлемесі жасалды.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес диссертация тақырыбы бойынша 20 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда 7 мақала; Scopus халықаралық базасына кіретін журналдарда 2 мақала (білім беру бойынша процентиль -36; Q3, SRJ – 0,22 және физиотерапия, спорттық терапия және оңалту бойынша-55; Q2, SRJ-0,39), республикалық ғылыми журналда 1 мақала; 7 - Халықаралық, 1 – Бүкілресейлік және 1 – Республикалық конференция материалдар жинағындағы мақала; «Олимпиадалық білім» оқу құралына авторлық құқық объектісіне мемлекеттік тіркеу туралы Куәлік алынды.

Докторанттың жарияланған мақалаларды дайындауға қосқан үлесі.

Scopus деректер базасына кіретін журналда – «Cypriot Journal of Educational Sciences» (Түркия):

1. Bakhtiyarova, Sayagul, Ali Zhalel, Nurbagi Sagidolla, Baitlessova Nursulu, Yergaliyev Askarbek. The role of discipline "Olympic Education" in Training Specialists of "Physical Culture and Sport" in Kazakhstan // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2021. – Vol. 16, Iss. 6. – P. 3196-3212.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Бахтиярова С.Ж.; зерттеу жүргізуге көмектесу – Жалел А.; мақаланы редакциялау - Сағидолла Н., Байтлесова Н., Ергалиев А.

«Journal of Physical Education and Sport» (Румыния).

2. Bakhtiyarova Sayagul, Murzakhmetov Yerbol, Kashkynbai Kanat, Sundetov Mirlan, Kuderiyev Zhanibek Kalbekovich. Olympic education as one of the priority areas of physical education and sports specialists // Journal of Physical Education and Sport. – 2020. – Vol. 20, Iss.1. – P. 273-279.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Бахтиярова С.Ж.; зерттеу жүргізуге көмектесу, мақаланы редакциялау - Кудериев Ж., Мурзахметов Е., Кашкынбай К., Сундетов М.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналдарда:

1. Бахтиярова С.Ж. Жас спортшыларды олимпизм идеалдарымен тәрбиелеу (2019).

Авторлар үлесі: деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Бахтиярова С.Ж.

2. Андрущишин И.Ф., Бахтиярова С.Ж. Олимпийское образование в подготовке специалистов в области физической культуры и спорта (2019).

Авторлар үлесі: ғылыми кеңес беру және мақаланы редакциялау - Андрущишин И.Ф.; деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Бахтиярова С.Ж.

3. Бахтиярова С.Ж., Жигитбекова Б.Д. Дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудағы олимпиадалық білім беру формалары (2019).

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Бахтиярова С.Ж.; мақаланы редакциялау - Жигитбекова Б.Д.

4. Бахтиярова С.Ж., Айтенова Э.А., Абдрахманов И.С. Олимпиадалық білім берудің рөлі мен маңыздылығы (2019).

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Бахтиярова С.Ж.; зерттеу жүргізуге көмектесу - Айтенова Э.А.; мақаланы редакциялау - Абдрахманов И.С.

5. Бахтиярова С.Ж. Олимпиада ойындарының рәміздері олимпиадалық білімнің маңызды бағыттарының бірі (2019).

Авторлар үлесі: деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Бахтиярова С.Ж.

6. Бахтиярова С.Ж., Андрущишин И.Ф., Федоров А.И., Ниязакынов Е.Б. Олимпийское образование: взгляд специалистов (2020).

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, экспериментті жоспарлау және жүргізу, мақала жазу - Бахтиярова С.Ж.; ғылыми кеңес беру - Андрущишин И.Ф.; теориялық талдау үшін материалдар жинау - Федоров А.И., Ниязакынов Е.Б.

7. Бахтиярова С.Ж., Айтенова Э.А., Сматова К.Б., Жаксылыков Е.Х. Дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауда олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру жүйесі (2022).

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Бахтиярова С.Ж.; зерттеу жүргізуге көмектесу - Айтенова Э.А., мақаланы редакциялау - Сматова К.Б., Жаксылыков Е.Х.

Авторлық құқықтарды тіркеу ҚР Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институты жүргізді. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы Куәлік 2020 жылғы «5» маусым, № 10594. Объектінің атауы: «Олимпиадалық білім» оқу құралы (Қосымша Л).

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, практикалық ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертациялық зерттеу материалдары 146 беттен, 27 кесте мен 19 суреттен тұрады. Жұмыста әдебиет деректерінің 194 көзі пайдаланылды.

Кіріспе бөлімінде тақырыпты таңдауға себеп болған зерттеудің өзектілігі, зерттеу мәселесінің ғылыми даму жағдайы, қарама-қайшылықтардан туындайтын зерттеу мәселесі қарастырылып және ғылыми аппараты ұсынылды: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, ғылыми жаңалығы ашылды, теориялық - әдіснамалық негіздері талданды, қолданылған тәсілдер, теориялар мен тұжырымдамалар, зерттеу әдістері, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы, тақырыптың өзектілігін ашатын ғылыми-зерттеу

жұмыстары, әртүрлі мемлекеттік және халықаралық бағдарламамен байланысы, мақаланы дайындаудағы автордың жеке үлесі, зерттеу нәтижелерін жариялау, авторлық құқықтарды тіркеу, диссертацияның көлемі мен құрылымы тұжырымдалды.

«Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздері» атты **бірінші бөлімде** қазіргі кезеңдегі олимпизмнің білім берудегі рөлі бойынша шетелдік және отандық тәжірибесіне талдаулар жасалды, олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың формалары мен әдістері анықталды, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің басым бағыттары жан-жақты қарастырылды.

«Зерттеудің әдістері және ұйымдастырылуы» атты **екінші бөлімде** олимпиадалық білім берудің теориялық және тәжірибелік негіздерін зерделей отырып, оны жоғары оқу орындарында болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының оқу үрдісінде жоспарлауға және оларды іс-жүзінде жүзеге асыруға бағытталған тәжірибені ұйымдастыру реттілігі мен әдістері қарастырылды. Диссертациялық жұмыстың өзектілігін анықтауға бағытталған алдын-ала зерттеудің әдістерінің бірі ретінде ұсынылған «Олимпиадалық білім беру мәселесінен хабардарлығы, қатынасы және қызығушылығы» және «Олимпиадалық ойындарға көзқарасы, қызығушылығы және олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтау» сауалнамасы мазмұны келтірілді. Жоғары оқу орынында болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау оқу үрдісінде «Олимпиадалық білім беру» курсы жоспарлау бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыстың мазмұны ашылды. Алдын-ала және қалыптастырушы эксперимент барысында қолданылған студенттердің олимпиадалық сауаттылық деңгейі, дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білім беру бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық деңгейін бағалау, дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінде олимпиадалық мәдениеттің қалыптасуы мен деңгейлік көрсеткіштерін бағалау бойынша сауалнаманың мазмұны қарастырылды. «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнін оқығаннан кейін дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығы сауалнамасы зерттеудің тиімділігін ашудың негізгі әдістерінің бірі ретінде ұсынылды. Алынған нәтижелердің сенімділігін дәлелдеуде математикалық-статистикалық өңдеу мәліметтері берілді.

«Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асыру тәсілдері» атты **үшінші бөлімде** дене шынықтыру және спорт саласында олимпиадалық білім берудің зерттелу жағдайы, «олимпизм», «олимпиадалық білім» ұғымдарына талдаулар жасалып, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі ашылды.

«Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асырудың эксперименттік негіздемесі» атты

төртінші бөлімде дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді іске асырудың бастапқы деңгейі, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауға арналған «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнінің мазмұны, олимпиадалық білім беруді дамыту мен жетілдіру әдістемесі мазмұны мен эксперименттік нәтижелердің тиімділігі қарастырылды.

Қорытындыда олимпиадалық білім беру жағдайындағы зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, зерттеушілерге арналған зерттеу болашағы ұсынылады.

Қосымшада ұсынылған:

1. Олимпиадалық білім беру мәселесінен хабардарлығы, қатынасы және қызығушылығын анықтау сауалнамасы

2. Олимпиадалық ойындарға көзқарасы, қызығушылығы және олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтау сауалнамасы

3. Университет ғылыми Кеңесі хаттамасы көшірмесі

4. Енгізу актісі

5. Экспериментке дейінгі және кейінгі тәжірибелік және бақылау топтарының «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні бойынша тест тапсырмаларын орындау көрсеткіштері

6. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық сауалнамасы (К.Н. Ефременков бойынша)

7. Олимпиадалық сауаттылық тесті тапсырмалары

8. Үлкен олимпиадалық викторина

9. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы

1 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОЛИМПИДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жағдайында олимпиадалық білім берудің зерттелу жағдайы

Олимпиадалық білім берудің мазмұнын түсінуге септігін тигізетін В.И. Столяровтың (1989) тұжырымдамасына сәйкес, олимпиадалық білім беру - күрделі педагогикалық қызмет, оның мақсаты жастарды гуманистік идеалдар мен олимпизмнің құндылықтарына тарту болып табылады [66]. Бұл қызмет өзара бір-бірімен байланысты міндеттер кешенін шешуді көздейді:

- идеалдар мен құндылықтар, яғни жалпы гуманизм, сондай-ақ олимпиада ойындары мен олимпиадалық қозғалыс, олардың тарихы, мақсаттары, міндеттері және т.б. туралы білімді қалыптастыру.

- олимпизмнің идеалдары мен құндылықтарына сәйкес келетін мүдделерді, қажеттіліктерді, ұстанымдарды, құндылықтық бағдарларды және т.б. қалыптастыру, оның ішінде спортқа «олимпиадалық» бағдарлау, олимпиадалық ойындар мен олимпиадалық қозғалысқа қызығушылық туғызу, олимпиадалық жарыстарға қатысу және («Адал ойын» қағидаттарына сәйкес мінез-құлық көрсету) олимпиадалық қозғалыстың қатысушы болуға ұмтылу, олимпиадалық идеяларды түсіндіру және насихаттау, оның дамуына жәрдемдесу;

- спорт арқылы олимпиадалық идеалдар мен құндылықтарды іске асыру үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін туғызу;


- спортта олимпиадалық идеалдар мен құндылықтарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қасиеттер мен қабілеттерді игеру.

С.Матвеев (2007) және басқалары олимпиадалық білімнің бастауларын тарихи аспектіде қарастырып, осы негізде қазіргі қоғам жағдайында балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында Олимпиаданы одан әрі танымал ету жолдарын айқындай отырып, олимпиадалық білімнің негізін ежелгі грек олимпиадалық спортының тарихи құжаттарынан, ежелгі мәдениеттің ерекшеліктері мен эллиндік білім беру жүйесінен іздеу керектігін мәлімдейді [67].

С.Матвеев атап өткендей Пьер де Кубертеннің негізделген және тұжырымдалған олимпиадалық білім берудің теориялық-әдістемелік базасына үш кезең кіреді:


1. Олимпиадалық білім идеясының бастауы;
2. Олимпиадалық білім негіздерін қалыптастыру;
3. Олимпиадалық білімнің қалыптасуы және дамуы.

1 - суретте олимпиадалық спорттың негіздерін ғылыми деректермен сипаттай отырып, олимпиадалық білімінің бастауын бірлікте қарастырады.



Сурет 1 – С. Матвеев, Л. Радченко, Я. Щербашин қарастырған олимпиада білімінің бастауы [67, 47 б.]

2-суретте мамандар қарастырған олимпиадалық білім берудің теориялық-әдістемелік базасына үш кезеңнің даму сатысы берілген.



Сурет 2 - С. Матвеев, Л. Радченко., Я. Щербашин зерттеген олимпиадалық білім беру динамикасының кезеңдері

Бұл ежелгі Грециядан қазіргі олимпизмге дейінгі олимпиадалық білім берудің қалыптасуын негіздейді. Олимпиадалық білім беру динамикасының кезеңдері:

I-идеяның бастауы: біздің дәуірімізге дейінгі 1-2-VIII ғасыр-біздің дәуіріміздің IV ғасыры.

II - негіздердің қалыптасулары: 3 - XV ғасыр М.Палмиери; 4 - XVII ғасыр Р.Довер; 5 - XVIII ғасыр Д. Вест, У.Драйтон, И.К.Ф. Гутс-Мутс; 6 - XIX ғасыр У.Брукс, Э.Курциус; дене тәрбиесінің ұлттық жүйелерінің қалыптасулары (Германия, Англия, Франция, Швеция, Чехия, Ресей); XIX ғасырдың 7 - II жартысы; Пьер де Кубертен мен оның серіктестерінің заманауи олимпизм тұжырымдамасының қалыптасуы.

III - қалыптасулары мен дамуы: 8 - XX ғасыр Халықаралық олимпиада академиясының, Ұлттық олимпиада академиясының құрылуы.

Т.П. Берсенева (2017) өз зерттеуінде ежелгі дәуірден біздің заманымызға дейінгі олимпиадалық қозғалыс идеалдарының өзгеру процесін қарастырды. Антикалық олимпиадалық қозғалысқа қандай идеалдар тән екені анықтай келе, ежелгі және қазіргі олимпиада ойындарының идеалдарын салыстырмалы түрде қарастырды [68]. Осы орайда олимпиадалық қозғалыстың тарихын талдай отырып, бір жағынан Ежелгі Грецияның олимпиада ойындарының астарында жатқан мұраттардың қазіргі адамзат үшін маңызды екенін көруге болады. Бұл тәннің, ақыл-ойдың және жанның үйлесімді дамуы, адал бәсекелестік, бәсекелестерді құрметтеу, батылдық пен патриотизм қағидаларынан тұрды. Аталған мұраттар жолындағы күрес, оларды жүзеге асыруға ұмтылу бұл спорттық құбылысты өз уақытында қайта жандандыруға мүмкіндік беретінін көрдік.

М.М. Булатова (2018) олимпиадалық ойындар мен олимпиадалық қозғалысты тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси, білім беру және таза спорттық сипаттағы құбылыстар мен процестердің жиынтығы ретінде олардың жетістіктері мен проблемаларын, оң және теріс аспектілерін, даму қауіптері мен болашағын ескере отырып зерттеді [69]. Көптеген елдерге тән дәстүрлі түрде қалыптасқан олимпиадалық білім беру тұжырымдамасы уақыт қажеттілігінен артта қалғандығын, әсіресе олимпиадалық құндылықтардың әмбебаптығына, олимпиадалық білімнің жаһандық білім беру әлеуетіне қойылатын талаптардың күшейгендігін көруге болады.

Сонымен қатар, М.М.Булатова (2019) тағы бір еңбегінде Пьер де Кубертеннің көзқарастарынан бастау алып, олимпиадалық білім беру жүйесін қалыптастырудың алғы шарттары мен ХОК президенттерінің осы саладағы саясатын қарастырған [70]. Олимпиада ойындары жанданғаннан кейінгі әртүрлі кезеңдердегі олимпиадалық білімнің таралуына ықпал еткен немесе оған кедергі болған тарихи және әлеуметтік-мәдени жағдайларды талдауға тырысқанын көруге болады.

О. Вацеба (2007) болса жалпы білім беретін мектеп оқушыларының оқу-тәрбие процесінде олимпиадалық білім берудің өзекті мәселелеріне, атап айтқанда, дене шынықтыру мұғалімдерінің білім алушы жастар арасында

олимпиадалық ақпаратты таратуға қатынасын анықтады [71]. Оқушылардың оқу-тәрбие процесінде олимпиадалық білім берудің тиімді қолдану формаларына іргелі талдаулар жасағанын көруге болады.

В.И. Столяров (2019) олимпиадалық білім берудің авторлық тұжырымдамасын әзірлеу мен практикалық іске асырудың көп жылдық тәжірибесін жинақтады. Осы олимпиадалық білім берудегі педагогикалық іс-әрекеттің теориясы мен практикасындағы өзекті проблемалар мен елеулі қателіктерге сипаттама берді [72]. Олимпиадалық білім беру теориясы мен практикасындағы үлкен қателіктерді үш бағытта қарастырды:

1. Олимпиадалық білім беру - өте кең түсінік. Ол көбінесе дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогикалық қызметтің кез-келген түрін қамтиды: адам денсаулығын сақтауға және нығайтуға, дене қасиеттері мен дене шынықтыруды қалыптастыруға, спорттық дағдыларға үйретуге және т.б. бағытталған іс-шаралар.

2. Балалар мен жастарды олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстырумен байланысты педагогикалық іс-әрекетті өте тар түсіну: оның мақсаттары мен міндеттері тек олимпиадалық қозғалыс пен олимпизм туралы білімді қалыптастыруға әкеледі.

3. Негізгі күш-жігер балалар мен жастардың олимпиадалық қозғалыстың тарихы мен қазіргі жағдайын сипаттайтын фактілер туралы білімдерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл білім маңызды болғанымен, олимпиадалық қозғалыстың мақсаттары мен міндеттері, олимпизм идеалдары мен құндылықтары, Кубертен концепциясының негізгі ұғымдары, олардың рөлі, маңызы және қазіргі жағдайда жүзеге асыру әдістері, қалай сақтау керектігі туралы білім. Қазіргі олимпиадалық қозғалыстың гуманистік құндылығы және онымен байланысты келеңсіз құбылыстарды жою.

С.Ю. Бариновтың (2010) зерттеу еңбектеріне жүгінсек, тұлғаның спорттық-гуманистік мәдениеті, оны қазіргі жағдайда балалар мен жастар арасында тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ осы педагогикалық қызметтің маңызды элементі ретінде олимпиадалық білім бола алатынын арнайы жеткізеді. Сондай-ақ осы педагогикалық қызметтің маңызды элементі ретінде олимпиадалық білімге жоғары баға берген [73].

В. Ермолованың (2011) бірқатар зерттеулері өскелең ұрпақтың гуманистік құндылықтарын қалыптастыру жүйесіндегі олимпиадалық білім беру әлеуетін талдауға арналды. Мектеп оқушыларының олимпиадалық білімі рухани және дене дамуы тұрғысынан тұлғаны қалыптастыруға жан-жақты әсер ететін инновацияланған педагогикалық технология ретінде қарастырды [74]. Бұл технология Украинадағы білім беруді дамытудың ұлттық стратегиясына сәйкес келеді, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде балалар мен жастарды тәрбиелеу жүйесін жетілдіруге ықпал етіп, жас ұрпақтың дене дамуы және рухани-адамгершілік дамуына, әлеуметтік жетілген тұлғаны қалыптастыруда, жастарды өмір саласын саналы түрде таңдауға дайындауды негіздейді.

Ф.Н. Солдатенков (2017) олимпиадалық білім беруде студенттерді дайындаудың 3 негізгі компонентіне әсер ету дәрежесін бағалады. Осыған

сәйкес білім беру тұрғысында олимпиадалық қозғалысты білуге арналған тесттермен, аксиологиялық тұрғыда М. Рокич әдісі бойынша құндылық бағдарларына арналған тестпен, мотивациялық тұрғыда А.А. Реан мен В.А. Якуниннің әдісімен білім мотивациясына арналған тестпен анықтауға болатынын мәлімдейді [75]. Нәтижесінде олимпиадалық білім беру негіздерін оқытуда ойын әдісін қолдану студенттердің танымдық ортасының сапасын жақсартуға, оқу мотивациясын арттыруға, оларды босатуға мүмкіндік бергенін, бұл жоғары білім беру жүйесіне тезірек бейімделуге оң әсерін дәлелдеді.

Ал Б.М. Доскараевтің (2019) еңбегінде олимпиадалық білім мен тәрбие, жалпы олимпиадалық қозғалысқа, ондағы Қазақстандағы алар орынына қатысты тарихи мәліметтермен, олимпиадалық ойындар мен отандық спорттық қалыптасуына қатысты бірегей материалдар баяндалған. Автор бүгінде олимпиадалық білім беру мен мәдениетті, Қазақстанда тарихи-олимпиадалық тақырып саласында ғылыми зерттеулерді жандандыру қажеттілігін атап өтті [76].

А.М. Банников (2016) қазіргі таңдағы білім беру және олимпиадалық білім беру тұжырымдамаларын логикалық және аналитикалық талдады, олимпиадалық білім берудің теориясы мен тәжірибесін салыстырмалы талдау жасады, оқу құжаттамасының сапалық талдауы және құрылыс жүйелерінің жалпы теориясы сияқты теориялық зерттеу әдістерін қолдана отырып, олимпизмнің негізгі қағидаттары мен құндылықтарын анықтады, аймақтық олимпиадалық академиялардың қызметін ұйымдастыру арқылы халықты олимпиадалық тәрбиелеу жолдарына дәлелдеулер жасады. Олимпиадалық Хартияда баяндалған негізгі олимпиадалық құндылықтарды іске асыру ұлттық олимпиадалық комитеттер мен ұлттық және аймақтық олимпиадалық академиялар арқылы жүзеге асырылатынын айта келе, Ұлттық олимпиада академиялары дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орындарының бастамасы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адамзаттың күнделікті өміріне олимпиадалық білім, олимпизм, олимпиадалық спорт, олимпиадалық ойындар, олимпиадалық идеал туралы білімді енгізу бойынша белсенді іс-шаралар ұйымдастыруда жетекші ұйым екендігі туралы пікір білдірді [77].

А.А. Макаров (2008) олимпиадалық білім беру теориясы мен практикасының өзекті мәселелерін ұсына отырып, олимпизм идеяларын түсіндіру және насихаттау жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін жұмыс тек дене шынықтыру сабақтарында ғана емес, басқа да оқу пәндері, әсіресе гуманитарлық пәндер шеңберінде жүргізілуі тиіс деп шешті [78]. Олимпиадалық білім берудің тиімді жүйесін құру, атап айтқанда, олимпиадалық тақырыпты мемлекеттік білім беру стандарттарына, жалпы білім беретін мектептердің дене шынықтыру бағдарламаларына, спорт мектептерінің оқу жоспарларына, мектептен тыс мекемелерде бүгінгі олимпиада ойындарының тақырыбын ұсынып, бірақ олимпизм мен олимпиадалық қозғалыс мәселелері жоқ іс-шараларына енгізу негізінде мүмкін болатынын жариялады.

Б. Досқараев және басқалары (2018) елімізде бүгінгі күнде үлкен спортта оған қатысушы жоғары дәрежелі спортшылардың тек спорттық жетістіктері мен нәтижелері ғана емес, сондай-ақ, олардың олимпиадалық қозғалысқа, олимпизмнің гуманистік идеалдары мен құндылықтарына деген жағымды қатынасы, оларды жоғарылатудағы шынайы жетістіктері мен олар туралы толық әрі терең білімдерінің көрсеткіштерін көрсететінін әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, олимпиадалық қозғалысқа қатысты тұжырымдамалар бойынша жоғары білікті спортшыларды дайындаудағы олимпиадалық білім мен тәрбиенің орны туралы маңызды мәселелерді зерттеді [79]. Сонымен қатар жоғары дәрежелі спортшылардың өмірінде маңызы бар олимпизмнің басты құндылықтары туралы пікірлер мен мәліметтер кәсіпқой-бапкерлер ортасы үшін де ерекше пайдалы екенін жеткізгенін түсіндік.

И.И. Гуслистова (2019) зерттеуінде олимпиадалық білім беру негіздерін оқыту әдіснамасы, оның құндылықтарын тарату және насихаттау мәселелерін қарастырды. Өзекті ретінде аксиологиялық, белсенділік және жеке тәсілдерді ұсынды, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерінің барына талдаулар жүргізді [80].

Ф.Н. Солдатенков (2019) олимпиадалық білім беруді дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын ынталандыруды дамыту құралы ретінде пайдалану мүмкіндіктерін зерттеді. Олимпизм білгірлерінің байқаулары түрінде балалармен жұмыс түрлерін егжей-тегжейлі қарастырды. Олимпиадалық білім беру құралдарына негізделген іс-шаралар кешенінен өткеннен кейін балалардың салауатты өмір салтына деген ынтасын зерттеу нәтижелері арқылы дәлелдеулер жасады [81].

А.А. Оплетин (2017) зерттеулерінде студенттердің жеке басының өзін-өзі дамытуы үшін олимпиадалық білім беруді дене шынықтыру сабақтарында оқу процесінде қолдану мәселесін зерттеді. Студент жастарды олимпиадалық қозғалысқа тән үздік дәстүрлерге тәрбиелеуді жөн деп санайды. Осы тұрғыда олимпиадалық білім беруді жоғары оқу орындарының жағдайында университеттің оқу-тәрбие процесінде дамыту және сүйемелдеу әдістерін ұсынды [82]. Нәтижесінде университеттің оқу процесінде дене шынықтыру сабақтарында тұлғаның өзін-өзі дамытуын қалыптастыру кезінде олимпиадалық қозғалысқа тән әлеуетті мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік беретін нәтижелер шығаруға болады.

З.С. Варфоломеева (2014) бастауыш мектеп жасындағы балалардың олимпиадалық білімін диагностикалауға өзіндік көзқарасын ұсынды, олимпиадалық білім беру - бұл білім түрі ретінде бағалай отырып, бұл олимпиадалық білімнің құрылымын білім беру құрылымына сәйкес үш компонентті құрамға бөліп көрсетті. Олимпиадалық білім деңгейін танымдық, аксиологиялық және мінез-құлық аспектілерін қамтитын олимпиадалық білімнің интегралды нәтижесі ретінде бағалауға мүмкіндік беретін диагностикалық құралдың моделін жасады [83].

Сонымен қатар З.С. Варфоломеева (2010) келесі зерттеу еңбегінде «Олимпиадалық білім беру» ұғымының мазмұнын қарастырды. Оқушыларға

олимпиадалық білім беру тәжірибесін талдай отырып, олимпиадалық мәдениеттің адамгершілік құндылықтарын игеруге баса назар аударды, оқушыларға олимпиадалық білім берудің қосымша бағдарламасын әзірлеу қажеттілігін негіздеді [84].

Барлық өңірлік олимпиадалық академиялар заңды тұлға мәртебесіне ие қоғамдық ұйымдар болып әділет органдарында тіркелген. Олардың басты міндеттері – олимпизмнің гуманистік идеалдары мен құндылықтарын түсіндіру және насихаттау, олимпиадалық білім беруді енгізу, олимпиадалық қозғалыс мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру болып табылады [85].

Олимпиадалық білімнің ХОА-ның қызметінде маңызды орын алатындығы даусыз. Мұны ХОА-ның әрбір сессиясында олимпиадалық білім беру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінетіндігінен байқауға болады. Баяндамашылар өз сөздерінде олимпиадалық білім беру бағдарламаларын оқу-тәрбие процесінде бекіту оқушылардың дене жаттығуларымен айналысуға деген қызығушылығын арттыруға көмектесетінін бірнеше рет атап өтті.

Олимпиадалық білім берудің жүйелік факторы халықтың, әсіресе жастардың, білімнің, олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарын белсенді игеруіне жағдай жасауға, соңғысын жеке адамдардың мінез-құлқының тиімді мотивтеріне және адамдардың гуманистік өмір салтының нормаларына айналдыруға бағытталған гуманистік ұйымдастырылған педагогикалық процесс болып табылады.

3-суретте көрсетілгендей олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру процесі келесі кезеңдер түрінде ұсынылуы мүмкін.



Сурет 3 - Олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру кезеңдері

Осыған орай, олимпиадалық білім беру құралдары мен әдістері арқылы балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу қажеттілігі ХХІ ғасырда жер бетіндегі өмірді ізгілендіру проблемаларының шиеленісуіне байланысты ерекше өзекті.

Олимпиадалық білім беру білімді алмасу, білімді тасымалдау, білімді тұтыну, білім және олимпизм құндылықтарын тарату кезеңдерімен тығыз байланысып жатыр.

Олимпиадалық білім беру проблемалары бойынша ғылыми зерттеулердің неғұрлым өзекті бағыттары: олимпиадалық спортты дамыту және оның жұмыс істеуі, олимпиадалық білім беру проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, олимпиадалық білім беру, тұтас, гуманистік бағдарланған жүйе ретінде олимпиадалық білім беру болып табылады.

Оның ішінде елімізде олимпиадалық білім беруді халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтары арасында тарату жолдары, әдістемелік қамтамасыз етуді дамыту және жетілдіру бағыттары, білікті дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау және қайта дайындау жүйесін құру негіздері, олимпиадалық білім беруді олимпиадалық қозғалыс ішіндегі мүдделерді таратуда пайдалану мүмкіндігі мен педагогикалық үрдіске негізделген әлеуметтік құбылыс ретінде олимпиадалық білім беруді ғылыми негіздеулер келтірілген.

Зерттеулерге сүйене отырып олимпиадалық білім берудегі ғылыми зерттеулердің бағыттары мынадай болды: олимпиадалық спортты дамыту және оның жұмыс істеуі, олимпиадалық білім беру проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастыру, олимпиадалық білім беруді енгізуге қабілетті кадрларды дайындау, олимпиадалық білім біртұтас, гуманистік бағдарланған жүйе ретінде қарастыру.

1 кестеде көрсетілгендей, олимпиадалық білім берудің шетелдік озық тәжірибесін талдау, мамандардың олимпиадалық білім беру жүйесін ғылыми зерттеудің өзекті бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Кесте 1 - Олимпиадалық білім берудегі ғылыми зерттеулердің бағыттары мен тақырыптары

Ғылыми зерттеулердің бағыттары	Ғылыми зерттеулердің тақырыптары
1	2
Олимпиадалық спортты дамыту және оның жұмыс істеуі	Олимпиадалық спорттың өзекті мәселелері; Түрлі өңірлерде олимпиадалық спортты дамыту; Олимпиада ойындарын ұйымдастыру және өткізу; Халықаралық спорт ұйымдарының қызметі мен өзара іс-қимылы және т.б.

1 - кестенің жалғасы

1	2
Олимпиадалық білім беру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастыру	Олимпиадалық білім беруді зерттеу әдістері, әдістері мен тәсілдері; Әр түрлі аймақтарда олимпиадалық зерттеулерді ұйымдастырудың ерекшеліктері; Ғылыми зерттеулердің мәселелері және т.б
Олимпиадалық білім беруді енгізуге қабілетті кадрларды дайындау	Оқу орнының жұмысындағы олимпиадалық білім: Оқу пәндері бағдарламасындағы олимпиадалық білім және жеке пән ретінде; Олимпиадалық білім беруді енгізуге қабілетті кадрлармен жұмыс істеу құралдары, әдістері, нысандары; Студент жастармен, оқушылармен, дене шынықтыру кадрлары және т.б курс тыңдаушылары.
Олимпиадалық білім біртұтас, гуманистік бағдарланған жүйе ретінде	Олимпиадалық білім беруді жүзеге асыруға бағытталған ұйымдардың қызметі; Олимпиадалық білім беру құралдары, әдістері, нысандары; Халықтың әртүрлі топтары арасында олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру және т.б.

1 кестеден олимпиадалық білім беру жүйесінің ашық жүйе екендігіне көз жеткіздік. Бұл олимпиадалық идеалдар мен құндылықтар, олимпиада үдерісіне қатысушылардың барлығының ынтымақтастық сезімі олимпиадалық білімнің тәрбиелік гуманистік қозғалыс ретіндегі маңыздылығын бағалауға оң септігін тигізеді.

Олимпиадалық білім берудің жұмыс істеуі мен дамуы мәселелерін нақтылай отырып, олардың ішінде басым бағыттарды шешу қажет екендігі келесі еңбектерде көрініс табады [86-89].

Жоғарыдағы зерттеулерге сүйене отырып мамандардың олимпиадалық білім беруді зерделеу әдістемесіне, олимпиадалық білім негіздерін оқыту әдістемесі мәселелері бойынша біршама көңіл бөлінгендігіне көз жеткіздік. Олимпиадалық білім беру бойынша қазіргі ғылыми зерттеулер олимпиадалық білімнің мәнін нақылаумен, олимпизммен, олардың әлеуметтік-мәдени саладағы, спорттағы рөлімен, сондай-ақ Олимпиада ойындарының дамуының тарихи тұстарын анықтаумен өзара әрекеттестікте жан-жақты қарастырылған.

Зерттеулер нәтижесінде олимпиадалық білім беруді ауқымды әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде тани отырып, оның мазмұны жалпы білім берудің барлық деңгейлерінде енгізуге және күнделікті қоғамдық өмірде жүзеге асыруға қабілетті және жандандыруды қажет ететіндігімен түсіндірілді. Осы тұрғыда олимпиадалық білім берудің қазіргі заманғы жүйелерін анықтауда әлемдік тәжірибедегі олимпиадалық білімнің рөлін талдауды қажет етеді.

1.2 Қазіргі кезеңдегі әлемдік тәжірибедегі олимпиадалық білімнің рөлін талдау

Олимпиадалық білім берудің алғашқы тәуелсіз мекемесінің пайда болуы 1961 жылы Халықаралық олимпиада академиясының құрылған кезеңіне жатқызылуы керек. Грекияда Ұлттық олимпиада комитеті құрған Халықаралық олимпиада комитетінің негізгі мақсаты - олимпизмнің қағидаларын, мұраттары мен құндылықтарын тарату және дамыту. Қазіргі уақытта мұнда өткізілетін сессияларда олимпиадалық білім беру мәселелері тікелей талқыланып, басқа да мақсатты жұмыстар жүзеге асырылуда.

Осы орайда олимпиадалық білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі жас ұрпақтың дене дайындығын, эстетикалық және рухани тәрбиесін бір процеске біріктіруге арналған олимпиадалық білім берудің әлемдік тәжірибесіне зерттеу жүргіздік. Олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудағы әртүрлі елдердің тәжірибесін зерттеу ресми веб-сайттардағы ақпаратты талдау негізінде жүзеге асырылды. Ұлттық олимпиада комитеттерінің ресми сайттарына, Ұлттық олимпиада академияларының сайттарына және Халықаралық олимпиада комитетінің сайтына талдау жасалды. Сонымен қатар әр түрлі елдерде олимпиадалық білім беруді ұйымдастыруды талдау, ақпаратты жүйелеу, кейіннен салыстырмалы талдаулар жасалды. Салыстырмалы талдау олимпиадалық білім беру өткізілген мақсатты аудитория, өткізілетін іс-шаралар бойынша және халықтың топтарын қамту саны критерийлері бойынша жан-жақты анықталды [90].

1997 жылы Канадада Халықаралық олимпиада комитеті халықаралық тарих және олимпиадалық қозғалыс академиясының құрылуы олимпиадалық білім беруді бекітудің нағыз аспектісі болды. Бұған дейін ХОК-тің олимпиадалық академия және олимпиадалық білім жөніндегі комиссиясы құрылғаны белгілі болды. 1994 жылы Самаранч «Ұлттық Олимпиада комитеттері: білім беру арқылы олимпиадалық идеялар» басқару комитетін ұйымдастырған [91].

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің деректерін, ең алдымен әлемдік тәжірибенің олимпиадалық мәселелер бойынша ғылыми-практикалық конференциялары мен сессияларының материалдарын, сондай-ақ өз зерттеулерінің нәтижелерін талдай және жинақтай отырып, қазіргі жағдайда олимпиадалық білім берудің жұмыс істеуінің өзекті мәселелері мен негізгі бағыттарын айқындауға болады [92-94].

Пьер де Кубертен өмір бойы олимпиадалық рухты насихаттады және «қазіргі олимпиада ойындарының атасы» деп танылды. Оның негізгі олимпиадалық идеалы-бүкіл әлем жастарын олимпиадалық ойындар арқылы біріктіру, оларды оқыту және бейбіт және әдемі әлемге жұмылдыру болды. Білім болмаса, олимпизмнің өзінің жоғары мақсаттары да жойылады [95].

2 кестеден олимпиадалық білім берудің әдістемелік базасының қалыптасуына ұлттық олимпиадалық академиялардың үлесін көруге болады.

Кесте 2 - Олимпиадалық білім берудің әдістемелік базасының қалыптасуына ұлттық олимпиадалық академиялардың үлесі

Ұлттық олимпиадалық академия	Олимпиадалық білім берудегі іс-шаралар мазмұны
1	2
Армения Ұлттық Олимпиада Академиясы	Олимпиадалық білім беру мақсатында теледидар мен радионы пайдалана отырып, арнайы әдебиеттер шығарады, жыл сайын оқытушылар мен жаттықтырушыларды дайындау курстарынан өткізеді.
Латвия Олимпиадалық академиясы	Олимпиадалық білім беру жұмыс жоспары бойынша мектеп оқушылары мен студенттерге арналған жыл сайынғы сессиялар өтеді, оған спорттық және мәдени іс-шаралар, сонымен қатар балалар олимпиадасы, Олимпиядағы (Греция) ересектер мен студенттерге арналған сессиялар, олимпиадалық оқу құралдары және т.б. кіреді.
Эстония олимпиадалық академиясы	Жастар арасында олимпизм қағидаттарын тарату және насихаттауды төрт деңгейде мақсатты жүзеге асырады: бастауыш, орта мектеп, университет және аспирантура.
Литва олимпиадалық академиясы	Олимпиадалық білім берудің негізгі нысандарының бірі ретінде Литваның спорт тарихы мұражайына сабақтар мен экскурсиялар жасау.
Украинадағы олимпиадалық академиясы	Олимпиадалық білім берудің маңызды буыны олимпиадалық зерттеулер орталығы, оның негізгі бағыты олимпиадалық спорттың жалпы теориясын зерттеу және дамыту болып табылады.
Моңғолия олимпиадалық комитеті	Олимпиадалық білім берудің негізі ретінде Спартиандық қозғалысты пайдаланып, Ресей тәжірибесін сәтті қолданып келеді.
Австралиядағы олимпиадалық академиясы	Олимпиадалық білім беру қызметі түрлі байқаулар мен жарыстар аясында өтеді.
Португалияның олимпиадалық академиясы	Негізгі бағыттары олимпизмді ғылыми зерттеу және насихаттау, олимпиадалық білім бойынша ұлттық курстарды өткізу ретінде танымал.
Аргентина олимпиадалық академиясы	Негізгі міндеттері дәрістер, баспа қызметі, жыл сайынғы бес күндік сессиялар арқылы олимпиадалық доктринаны жан-жақты тарату болып келеді.
Ресейде олимпиадалық академиясы	Олимпиадалық білім беру саласында 1991 жылдан бері іргелі жұмыстар атқарып келеді.

2 - кестенің жалғасы

1	2
Урал олимпиадалық академиясы	Мұнда өткізетін олимпиадалық тәрбие бағдарламасы негізгі үш бөлімді қамтиды: білім берудің теориялық тұжырымдамасы, ұйымдастыру әдістері мен практикалық қызмет. Батыс Уралдағы олимпиадалық білім беру бойынша әртүрлі жұмыстарды Пермь университетінің Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының зертханасында ашылған академия филиалында жүргізеді.
Сібір олимпиадалық академиясы	Үш бағыттан тұратын олимпиадалық білім беру бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуде матрица кеңінен қолданылады тарихи-теориялық, эстетикалық, дене шынықтыру және спорт. Сонымен қатар, олимпиадалық білім беруге бағдарлана отырып, дене шынықтыру оқытушыларын, мектепке дейінгі мекемелердің педагог-тәрбиешілерін қайта дайындау бойынша аймақтық және өңірлік курстар мен семинарлар өткізу мақсатты жоспарланған.
Волгоград олимпиадалық академиясы	Волгоград мемлекеттік дене шынықтыру академиясы және басқа да дене шынықтыру-спорт және білім беру мекемелері мен ұйымдарымен бірлесіп балаларды, жасөспірімдерді, жастарды, сонымен қатар ересектерді олимпиадалық қозғалысқа кеңінен тарту үшін белсенді жұмыстарды жүзеге асырады.

R.Naul (2008) олимпиадалық мәдениетке енген «түсіну, достық, бірлік» рухы «эгоизмді» әлсіретіп, индивидуализмді төмендетуі мүмкін. Қатаң бәсекелестік пен бәсекелестіктің артында олимпиадалық қозғалыс адамның ақыл-ойының даңқын және ортақ құндылықтарға деген ұмтылысты бейнелейтінін жеткізді [96]. Олимпиадалық мәдениетті әр түрлі арналар арқылы көрсетуге және таратуға болатынын анықтады.

Халықаралық олимпиада академиясының ресми журналы Ұлттық олимпиада академияларының көптеген іс-шаралары туралы егжей-тегжейлі айтады және осы мекемелердің олимпиадалық құндылықтарды таратудағы тұрақты және тынымсыз қызметтерді растайтынын көруге болады [97].

Халықаралық олимпиада академиясының сессиялары мен семинарларына қатысушылардың талқылауына балалар мен жастарға олимпиадалық білім берудің бірқатар халықаралық бағдарламалары шығарылды.

Диана Биндер бастаған Канадалық мамандар тобы Халықаралық олимпиада академиясына «Сіз және Олимпиада ойындары» атты оқушыларға арналған олимпиадалық білім беру бағдарламасының халықаралық жобасын ұсынды. Бұл бағдарлама материалдары бес олимпиадалық сақинаны ескере отырып 5 блокқа бөлінді:

1. Ежелгі Олимпиада ойындарының: тарихы, дәстүрлері, рәміздері және олимпиада ойындарының рәсімдері.

2. Қазіргі Олимпиада ойындары: қазіргі олимпиадалық ойындарының тарихы мен философиясы, Пьер де Кубертен және оның олимпизм идеалдары.

3. Олимпиада әлемі: әлемнің басқа бөліктеріндегі халықтардың танымына, түсінуіне және бағалауына ықпал ететін материалдар жинағы.

4. Олимпиада спорты түрлері: а) жазғы спорт түрлері; б) қысқы спорт түрлері.

5. Олимпиаданың танымал спортшысы: танымал олимпиадалық спортшылар туралы ақпараттар, олимпиадалық спортшылардың сыртқы келбетіне қатысты пікірталастар [97, б. 9].

Ұсынылған бағдарламаны іске асыру нәтижесінде оқушылар ежелгі және қазіргі заманғы олимпиадалық ойындардың тарихы мен дәстүрлері, олимпиадалық ойындардың рәміздері мен рәсімдері, олимпиадалық спорт түрлері, танымал олимпиада атлеттері, олимпиадалық ойындардың қорытынды нәтижелері, өз елінің олимпиадалық спорттың тарихы мен батырлары туралы көбірек білетін болады.

Барбадос олимпиада академиясы жаз айларында спортшылардың, жаттықтырушылардың, оқытушылардың, ұлттық федерациялар мен қауымдастықтардың мүдделері үшін бірқатар іс-шаралар мен білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады. Демалыс кезінде мектептер жабылғандықтан, әртүрлі жазғы лагерьлер кезінде балалар Олимпиада мұражайына саяхаттайды. Олар әртүрлі деңгейлерде ерекшеленетін ұлттық спортшылардың мұралары туралы білуге мүмкіндік алды. Экспонаттардың ішінде олимпиадалық және басқа ойындардағы кәдесыйлар болды [97, б. 63]

Олимпиадалық білім беру бағдарламасымен Аргентинадағы Аргентина олимпиада комитеті, Ұлттық олимпиада академиясы және Тукуман университетінде елдегі алғашқы олимпиадалық зерттеулер орталығын құрған. Оның негізгі мақсаты дене шынықтыру кафедрасымен тығыз байланыс жасап, олимпиадалық құндылықтарды тарату үшін білім беру бағдарламасын жасау болды [97, б. 64].

Коста-Рика олимпиада Академиясы 2013 жылы әртүрлі олимпиадалық бағдарламалар жасады. 2015 Дүниежүзілік жастар саммитінің күн тәртібіне енгізілген «Сау бол!» шарасына қатысты. Олимпиадалық құндылықтар ұлттық стадионда көптеген елдерден келген 500 қатысушыларға ерекше түрде ұсынылды. Чемпиондар дзюдо, таэквондо, семсерлесу, садақ ату және гимнастика бойынша ел және ұлттық командалар өздерінің спорт түрлері арқылы олимпиадалық құндылықтарды дәріптейді. Спортшылар жастарды жаттығуға болатын белгілі бір дене қимылдарын үйрету арқылы кейбір спорт түрлерін күнделікті өміріне қосуға шақырды [97, б. 65].

Осыған сәйкес 3 кестеде олимпиадалық білім берудің әлемдік тәжірибесінің бағыттарының ерекшеліктері, мақсаты мен нәтижелері берілген.

Кесте 3 – Олимпиадалық білім берудің әлемдік тәжірибесінің бағыттары

Мемлекет	Іс-шаралар	Бағыттары	Мақсаты	Нәтижелер
1	2	3	4	5
Австралия	1995 жылдан бастап Австралияның бастауыш мектептерге арналған олимпиада комитеті спорт құндылықтарын қалыптастыру бойынша ұлттық бағдарлама әзірлеген.	Бұл бағдарламаның басты бағыты жеке жауапкершілік, қарсыласты құрметтеу және спорт құндылықтары арқылы өзін-өзі көрсету сияқты құндылықтарға баулу.	Жас австралиялықтарға спорт құндылықтары мен олимпиадалық қозғалыс рухы мен философиясын үйрету болып табылады.	Олимпиадалық білім беру бойынша практикалық сабақтар бойынша сабақ жоспар-конспектілерін, жұмыс жоспарларын, ақпараттық жадынамаларды, иллюстрацияларды және т.б. қарап, тегін жүктеу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ олимпиадалық тақырыптарға шоғырланған жаңа құжаттарды пайдалана алады.
Бурунди Республикасы	Жоба 2005 жылы Халықаралық спорт және дене тәрбиесі жылы аясында іске қосылды. Ел университеттерінің күнтізбелік жоспары аясында конференциялар мен пікірталастар жүйелі ұйымдастырылып тұрады.	Мифтер, ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі олимпиада ойындарының құндылықтары мен нышандары, спорт пен әлем, білім, денсаулық, спорт және даму, әйелдер спорты, қоршаған орта және т.б.	Спорттық білім беру, жұмылдыру және коммуникация құралы ретінде «әлемнің» игілігі үшін спорт идеалдарын тарату және бүкіл ел аумағында халықтың үйлесімді дамуы мақсатында жүзеге асыру.	Мектептерде, жастар арасында «олимпиадалық клубтарды» құру. Олимпиадалық сабақтарды ұлттық білім беру жүйесіне енгізу. Олимпиада құндылықтарының бүкіл елде кең таралуы, атап айтқанда әділ ойын, ынтымақтастық және төзімділік
Кипр	Мақсатты аудиториясы. Мектеп оқушылары мен университет студенттері, спортшылар, тұрғындар Іс-шаралар. Олимпиада тақырыбындағы интерактивті көрмелер.	Олимпизмнің әртүрлі аспектілері бойынша көрмелер. Әр түрлі спорт түрлері бойынша интерактивті экскурсиялар жүйелі өтеді.	Қоғамның әртүрлі салаларында олимпизмнің аспектілері, оның идеалдары мен қағидаттары туралы түсініктерді өзгілеу болып табылады.	Экскурсия 20-60 адамнан құралған топ үшін ұйымдастырылады. 2006 жылдың қыркүйегінде көрмені бұл 10000 – нан астам адам тамашалады.

3 –кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Канада	Мақсатты аудиториясы. Оқушылар 2 – 12-сыныптар. Олимпиадалық білім туралы екі тілді ағылшын-француз тіліндегі оқу материалын ұсынатын Веб-сайт белсенді қызмет етеді.	Олимпиадалық білім берудің мақсаты жастардың спорттық іс-әрекетіне ықпал ету, жастарды салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру, жастарды олимпиада қозғалыс құндылықтарына: кемелдікке, адал ойынға, адамның дамуына, көшбасшылыққа, бейбітшілік пен құрметке баулу.	Канада Олимпиада комитетінің Веб-сайты олимпиадалық білім бойынша бай материалды ұсынады: жобалық идеялар, сабақ жоспарлары, олимпиадашылардың тарихы, конкурстар, видео, зерттеу нәтижелері, фотосуреттер, сұхбаттар, кітаптар, олимпиадалық қозғалыс туралы ақпарат және т.б. сайттағы барлық материалдар еркін пайдалану мүмкіндігіне ие.	1988 жылдан бастап бұл бағдарламаны мыңдаған мектептер мен мұғалімдер пайдаланды. Мысал ретінде, қыс мезгілінен кейін Ванкувердегі 2010 жылғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына 56000-нан астам педагог белсенді қатысты. Әр жыл сайын Олимпиада ойындарының қайта жандануына құрмет ретінде 23 маусымда Канадада «Олимпиада күнін» өткізеді, олимпиадалық құндылықтарға тәрбиелеуді дәріптейді.
Доминикан Республикасы	Мақсатты аудиториясы. 9-12 жастағы оқушылар балалар. Іс-шаралар. Екі апта көлеміндегі жазғы сауықтыру лагерлері.	Олимпиадалық білім жергілікті серіктестікте ұйымдастырылған 40 балалар сауықтыру лагерлерінде өткізіледі. Олимпиада құндылықтарын жандандыру.	Жастар арасындағы зорлық-зомбылықтың өсуіне қарсы күрес мақсатында олимпиадалық құндылықтарды дәріптеу болып табылады.	Балалар сауықтыру лагерлерінің спорттық және олимпиадалық білім беру іс-шараларына 3000 оқушы белсенділік танытады.
Эстония	Мақсатты аудиториясы. Барлық жастағы оқушылар, мұғалімдер санаты. Іс-шаралар. Олимпиадалық білім беру	Бағдарлама дене шынықтыру мұғалімдерінің, мектеп директорларының және спорт әкімшілерінің	Барлық жастағы эстондық оқушылар арасында олимпиадалық идеалдардың жан –жақты белсенді жүзеге асуы.	Мұғалімдерге арналған дайындық курстарына жыл сайын 125 қатысушы жұмылдырылады. 2015 жылы мектеп олимпиадасының 44 жобасы Эстония олимпиадалық

3- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	бойынша теориялық сабақтар өткізу, мұғалімдерге арналған спорттық фестивальдар мен тренингтер.	мектеп құру және ұйымдастыру ынтасын жүзеге асыру болып табылады.		академиясының байқауына қатысады. 2015 жылы 12974 оқушы Эстонияның мектеп олимпиадасына қатысты.
Франция	Мақсатты аудиториясы. Оқушылар 8-11 жастағы оқушылар. Іс-шаралар. Ғылыми, мәдени, көркем және спорттық қызметі бар апталық балалар сауықтыру лагері болып табылады.	Балалар білім беру-сауықтыру лагерінде мәдени және ғылыми, спорттық іс-шаралар өтеді. Мектептерде бағдарламаның оң әсерін арттыру үшін олимпизм шаралары алдын-ала өткізіліп тұрады.	Жоба олимпиадалық идеалдармен мен құндылықтарды тарату, сондай-ақ жастардың спорттың пайдасы туралы хабардарлығын арттыру.	Іске қосылған сәттен бастап, 2006 жылы жыл сайын олимпиадалық жастар лагеріне 100 оқушы жұмылдырылады.
Гватемала	Мақсатты аудиториясы. 12-18 жастағы оқушылар, жастар Іс-шаралар. Олимпизм мен оның құндылығын тарату мақсатында фильмдер, конференциялар, пікірталастар өтеді.	Олимпиадалық білім беру бағдарламасы бүкіл ел бойынша жүзеге асырылған. Интерактивті білім беру бағдарламасы да бар. Олимпизмге қатысты тақырыптар бойынша таңдалады.	Олимпизм философиясы мен құндылықтарының жолға қойылуы. Олимпизм философиясы мен құндылықтарын тарату үшін инновацияны серпін беру.	Олимпизмге арналған конференциялар 2003 жылдан бері жолға қойылған, бұл іс-шаралар халықтың олимпиадалық философия және оның құндылықтары туралы білім деңгейін белсенді етеді.
Қазақстан	Мақсатты аудиториясы. Мектеп оқушылары. Іс-шаралар. Қазақстан ҰОК және kundelik.kz сайтының «Олимпиадалық сабақ» атты танымал олимпиадашылары өткізген бейнесабактар.	Жобаның мақсаты олимпиадалық Хартияға сәйкес олимпиадалық қозғалысты дамыту және қорғау, Қазақстан аумағында құрмет, достық олимпиадалық құндылықтарды насихаттау.	Қазақстандық жастардың олимпизмге және оның қағидаларына деген қызығушылығын белсендендіру.	Білім беру жобасына еліміздің түкпір-түкпірінен мектеп оқушылары қазақстандық олимпиадашылармен бірге онлайн режимінде дене шынықтырумен сәтті айналысты.

Хорватия олимпиада академиясы жыл сайын «Олимпиада күнін» тойлайды. Академия Хорватияның олимпиада комитетімен, мектептердің спорт Одағымен, Олимпиада ойындарына қатысушылар қауымдастығымен және Хорватия спорт мұражайымен ынтымақтаса отырып, 2013 жылы Олимпиада күніне 5000 адамның қатысумен балалар мен жастарға арналған он бағдарлама дайындады. Сонымен бірге академия жаттықтырушыларға олимпиадалық құндылықтарға оқытуға арналған білім беру бағдарламасын жүзеге асырады. Сонымен қатар, Лозанна олимпиадалық мұражайымен бірлесе отырып, хорват тілінде «Негізгі олимпиадалық тақырыптар» кітабы жарық көрді. Жалпы алғанда, 2013 жылдың бірінші жартысында Хорватия Ұлттық олимпиадалық академиясы 9000-нан астам адамның қатысуымен 83 жеке іс-шараларды дайындайды [97, б. 66].

Германияның олимпиадалық спорт федерациясы неміс олимпиадалық академиясымен бірлесе отырып, неміс спорттық және олимпиадалық мұражайында іс-шара ұйымдастырды. Неміс олимпиада академиясы «Бес сақина: олимпиадалық идеяның сүйкімділігі» атты іс-шара кезінде мұражай плакаттар көрмесін ұйымдастырды және өз іс-әрекеттерінен таңдалған фотосуреттері бар слайд-шоуды ұсынды. Академия өзінің олимпиадалық жетістіктерінің суреттері бар папка жасайды [97, б. 6].

Румыния олимпиада академиясы олимпиадалық құндылықтар мен қағидаттарды ілгерілету және қоғамдық мүддені тарту үшін арнайы әзірленген олимпиадалық зерттеулер бағдарламаларын өзінің 46 өңірлік бөлімшелері арқылы жүзеге асырады. Академия қызметкерлерінің басшылығымен жұмыс істейтін «Олимпиадалық сақиналар» ұйымдары мектептер мен университеттерде ерекше рөл атқарады. «Балалар қиялындағы Олимпиада ойындары» өнер байқауы және жоғары оқу орнына дейінгі курс студенттеріне арналған спорттық журналистика және әдебиет байқауы 10000-нан астам қатысушыны қамтиды [97, б. 68].

Гонконгта олимпизмді насихаттау және нығайту мақсатында Ұлттық олимпиада комитеті мектептер, спорт қауымдастықтары, элиталық спортшылар және жалпы жұртшылық үшін жыл бойы олимпиадалық білім беру бойынша бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды. Қоғамға арналған олимпизм туралы Спорттық білім беру бағдарламасын 2005 жылдан бастап мектептер мен жергілікті қауымдастықтардағы бұрынғы және қазіргі спортшылар үнемі жүзеге асырып келеді. Оның мақсаты-қатысушыларды спорттың маңыздылығы туралы хабардар ету және Гонконгтағы олимпизм және спорттың дамуы туралы көбірек білуге ынталандыру. Олимпиадалық мақсаттарға қол жеткізуге одан әрі жәрдемдесу мақсатында олимпизм лагері ұйымдастырылды, Ұлттық олимпиада академиясымен және Ұлттық олимпиада комитетімен ынтымақтастықта олимпизм бойынша жазғы жастар көшбасшылық лагері ұйымдастырылды [97, б. 69].

Маврикий олимпиада академиясы Ұлттық олимпиада комитетінің қамқорлығымен олимпиадалық құндылықтар бойынша ұлттық университет аралық жарыс ұйымдастырады. Алдын ала байқаулар елдің төрт білім беру өңірінде өткізілді және олардың жеңімпаздары финалдық кезеңге өтеді. Оған

барлығы 85 колледж және 150 –ден астам студент қатысады, олардың мақсаты олимпиадалық құндылықтарды тарату және олимпиадалық білімді насихаттау. Қатысушылар айтарлықтай қызығушылық танытады және конкурстың әртүрлі тақырыптары бойынша жақсы дайындалды, олар келесідей бөлінді:

Жергілікті спорт (Үнді Мұхитындағы аралдардағы ойындар, Маврикий спортының чемпиондары, Маврикий спортының тарихы, Маврикий олимпиадалық комитеті және маврикийдегі спорттық пәндер);

Олимпиадалық қозғалыс және олимпиадалық ойындар (Халықаралық олимпиада комитеті, Халықаралық олимпиадалық академиясы, Ежелгі Олимпиада ойындары, Қазіргі Олимпиада ойындары, барон Пьер де Кубертен);

Олимпиадалық құндылықтар (олимпиадалық рәміздер, спорт және қоршаған орта, спорт және әлем, әйелдер мен спорт, жасөспірімдер олимпиадасы) [97, б. 72].

Того олимпиада академиясы үш бағдарламаға назар аудара отырып, олимпизмді насихаттау бойынша жұмыстарды жүзеге асырады. Алғаш рет 2011 жылдың желтоқсанында жүзеге асырылған «Олимпиадалық құндылықтар рухында тәрбиелеу» бағдарламасы келесі жылы бастауыш мектепте және қазіргі оқу кезеңінде колледждер мен орта мектептерді қамтиды. Оның негізгі мақсаты мектептерде спортты таратумен және оқушы жастарды олимпиадалық құндылықтармен жақсы танысуы үшін тегін спорттық жабдықтар таратумен байланысты. Академияның екінші маңызды бағдарламасы - жыл сайынғы сессиясы. Спорттың елдің дамуына қосқан үлесі жыл сайын желтоқсанның бірінші аптасында «Университеттердің спортқа қосқан үлесі және олимпизмді ілгерілету» тақырыбында сессия өткізіледі. Оған 20-дан астам орта және жоғары оқу орындарының студенттері қатысады [97, б. 73].

2006 жылдың ақпан айынан бастап Түркия олимпиада комитетінің Мәдениет және олимпиадалық білім беру комиссиясы «Спорт мәдениеті және олимпиадалық білім» жобасын жүзеге асырып келеді. 2013 жылдың қаңтар-маусым айларында бағдарламаға Стамбул, Эскишехир, Анкара, Мерсин, Хатай, Измир, Кония, Газиантеп және Кожаяли қалаларындағы 400 мектептен 60 000-ға жуық бала қатысты [97, б. 75].

Испания олимпиада академиясы Севилья университетімен және Сантандер университетімен екі жаңа Олимпиадалық зерттеу орталығын құру туралы келісімге қол қойды, олардың саны қазіргі уақытта елде 30-ға жетті. Академияның тікелей қатысуымен Памплона университетінде дәрістер, олимпиадалық ойындарға қатысқан спортшылармен пікірталас топтарын, бейнероликтер және Пьер де Кубертеннің фотосуреттері бар уақытша көрмелер ұйымдастырып, оған 150-ден астам студент жастарды жұмылдырады. Испанияның олимпиадалық академиясы «Испания олимпиада комитетінің ғасыры. Олимпизмнің ғасыры» басылымы жарияланды [97, б. 76].

Литва олимпиадалық академиясы Литваның олимпиадалық комитетімен, білім және ғылым министрлігімен, дене шынықтыру және спорт департаментімен бірлесіп және Үкіметтің қолдауымен «Балалар мен жастарға арналған олимпиадалық білім беру» халықаралық бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Оның негізгі мақсаты - жастарды ұлттық мәдениеттің бір бөлігі

ретінде спортпен шұғылдануға ынталандыру, олимпиадалық спорт түрлері мен әділ құндылықтарды насихаттау [97, б. 77].

2012 жылы бірқатар сәтті бастамалардан кейін Сейшел аралдары олимпиада академиясы 2013 жылы жұмысын жалғастырды. Оның алғашқы іс-шарасы 2 наурызда академияның жыл сайынғы сессиясы болды. Сессияның мақсаты - елдегі білім берудің барлық деңгейлерінде олимпиадалық ойындарды ілгерілету; онда мектептерден, федерациялардан 26 адам қатысты, сондай-ақ ұлттық академия мүшелері қатысады. Алдымен «Олимпиадалық мұра» тақырыбы ұсынылады [97, б. 78].

Соңғы жылдары Германияның мамандары олимпиадалық білім берумен, оның теориялық негіздері мен пәндік саласын қалыптастырулармен, педагогикалық процесті жүзеге асырудың формалары мен әдістерімен байланысты мәселелерді зерттеу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді. Осы бағытта Германияның өзінде олимпиадалық білім берудегі практикалық нәтижелерге қызығушылықтар жоғары және елдегі жетекші мамандар тарапынан ұжымдық жұмысында егжей-тегжейлі талданып келеді [98].

Жалпы білім беретін мектептерде олимпиадалық білім беру мәселесін дамытуда Жаңа Зеландия мамандары екі бағытты ұсынды. Біріншісі фактілермен, сандармен және мектеп бағдарламаларының мазмұны мен оқу міндеттерімен келіспей, олимпиадалық ойындар тарихы мен қазіргі жағдайы туралы басқаша ақпараттармен байланыстыру. Екіншісі олимпизмнің идеялары мен құндылықтарын дене тәрбиесі мен спорттағы өмірлік қағидаттарын қалыптастыру процесі ретінде зерттеулерді қарастырды [99].

Осыған сәйкес бүгінгі таңда олимпиадалық білім беру барған сайын белсенді ғылыми зерттеулердің тақырыбына айналды, өйткені бүкіл қоғамды ізгілендіру жолындағы олимпиадалық қозғалысты дамыту қажеттілігі халықаралық деңгейдеде мойындалды, бұл жалпы адамзаттық моральдық және рухани құндылықтарды насихаттайтын дәстүрлі емес жаңа білім беру көздерін іздеу қажет екендігін анықтайды.

Осы тұрғыда шетелдік тәжірибиеге сүйене отырып, елімізде Олимпиада ойындарын, олимпиадалық қозғалысты және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ауқымды жобалар және олимпиадалық білім беруді балалар мен жастардың оқу-жаттығу процесіне енгізу қолға алынса, қазақстандық жас ұрпақтың олимпиадалық сауаттылығы артып, олимпизм қағидаттарын сақтау рухында тәрбиеленуі жүзеге асады.

1.3 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің басым бағыттары

Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт саласындағы қызмет үшін мамандар дайындау жүйесі әр елдегі білім берудің маңызды құрамдас бөліктері болып табылады. Осыған байланысты жаңа буынның білім беру стандарттары бойынша дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда халықаралық спорттық және олимпиадалық қозғалыс саласындағы сауаттылықты көздейтін арнайы курстарды таңдау және түзету қажеттілігі туындап отырғанына көз жеткіздік.

А.Б. Габибовтың (2016) зерттеулеріне сүйенсек, жоғары оқу орындарында оқу кезеңі жеке тұлғаның дене шынықтырумен айналысуын дамытуда шарықтау шегі екендігін алға тартып, бұл мемлекеттік білім беру жүйесі шеңберінде жастарға білім, білік және дағды берудің, дене шынықтыру және спорт саласында құндылық бағдарлары жүйесін қалыптастырудың соңғы мүмкіндігі ретінде қарастырды [100]. Осы тұрғыда спарталық ойындар негізінде жастарға олимпиадалық білім беру моделінің әлеуметтік-педагогикалық әсерлерін бөліп көрсетті:

- студент жастардың спорттың, спорттық қызметтің және олимпизмнің маңыздылығы мен құндылығын түсінуі;

- дене шынықтыру-спорт қызметінің эстетикалық, рухани-адамгершілік және басқа да гуманистік құндылықтарына бағдарланудың күшейтуіне септігі;

- олимпиадалық қозғалыс саласындағы білім деңгейінің арттыруына оң әсері;

- студенттерді олимпизм құндылықтары мен мұраттарына баулу бойынша оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жан-жақты арттыру бағыттары.

И. Максименко (2007) Луганск облысындағы олимпиадалық білім беру процесінің бай олимпиадалық дәстүрлері схемасын сипаттады. Оның ішінде олимпиадалық идеялар мен қағидаларды насихаттау олимпиадалық сабақтар, дәрістер, спорттық кештер және пікірталастар арқылы жүзеге асырылады. Украина Олимпиадалық академиясының Луганск филиалы Шевченко атындағы Луганск ұлттық педагогикалық университетінің Дене шынықтыру және спорт институтымен және Украинаның Ұлттық олимпиадалық комитетімен бірге мектептерде, колледждерде, университеттерде ежелгі ойындардың тарихы мен олимпиадалық қозғалыстың дамуының қазіргі аспектілері туралы олимпиадалық сабақтар өткізетінін мәлімдеген [101]. Олимпиадалық мұраттарды насихаттаудың бір түрі - олимпиадасылар жүлдесі үшін жарыстар өткізу екендігі белгілі болды.

В.М. Ермолова (2020) олимпиадалық білім беру жүйесінде мұражай педагогикасын қолданудың өзекті мәселе екендігін өз ұсынысында айтты [102].

Жас ұрпақты олимпиадалық құндылықтармен, олимпиадалық ойындардың мәдени мұрасымен таныстыруда олимпиадалық білім берудің жетекші бағыттарының біріне айнала отырып, олардың арасында спорт және олимпиадалық мұражайлар маңызды орын алатынын, мұражайлардың тәрбиелік және білім беру әлеуетін дәлелдеді.

Ш. Ибод (2016) көптеген елдерде білім беру жүйесін жақсартуға байланысты бірқатар заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануына қарамастан, жалпыадамзаттық құндылықтардың негізгі атрибуттары болып табылатын балалар мен оқушы жастарды оқыту, дене дамуы, адамгершілік және рухани тәрбиелеу мазмұнында айтарлықтай өзгерістер болғанын жеткізді [103]. Автор егер білім беруді идеалға қозғалыс ретінде қарастыратын болсақ, онда олимпиадалық білім мен тәрбие бұл қозғалысты ұйымдастырады және оның негізінде білім беру мекемесінің барлық оқу-тәрбие жүйесін құруға болады деп санады.

Н.М. Мартыненко (2015) болса студенттердің студенттік дене тәрбиесінің құралы ретінде қолданбалы олимпиадалық білімге сұраныс нәтижелерін талдай отырып, оларды олимпиадалық қозғалыс пен салауатты өмір салты құндылықтарымен таныстыруды көздеді [104]. Нәтижесінде автор болашақ мамандардың кәсіби қызығушылықтары негізінде педагогикалық жоғары оқу орындарында олимпиадалық білім беруді тиімді ұйымдастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын жан-жақты зерттеді.

М.В. Коренева (2019) өз зерттеуінде «Олимпиадалық білім» пәнін оқу шеңберінде Ресей Федерациясының дене шынықтыру және спорт университеттерінің студенттері арасында «Fair Play» қағидаттарын таратумен байланысты өзекті мәселелерге тоқталды [105]. Нәтижесінде «Олимпиадалық білім» пәнінің тақырыптары және олардың мазмұнына тоқталып, сонымен қатар «Fair Play» халықаралық қозғалысына қатысты бөлімде студенттердің өзіндік жұмыстарының мәнін түсіндірді.

К.Н. Ефременков (2011) болса Ресейдегі жоғары дене шынықтыру саласындағы олимпиадалық білім беру моделін қарастырды. Авторлық модельдің жетекші идеясы олимпиадалық білім беруді дене шынықтыру бакалаврын дайындау кезінде жалпы мәдени және жалпы кәсіптік құзыреттерді қалыптастырудың құралдарының бірі, оның кәсіби қызмет субъектісі ретінде қалыптасу тетігі ретінде тану болды [106]. Модельді әзірлеу федералды компонент пәндерінің мазмұнына рұқсат етілген өзгерістер енгізуден басталды. Әзірлеген олимпиадалық дене шынықтыру білімінің эксперименттік моделі жоғары білім беру жүйесін реформалау жағдайында Ресейдің дене шынықтыру университеттеріне үшінші буынның білім беру стандарттарына көшу процесін жандандыруға мүмкіндік бергендігін дәлелдеді.

М.Ф.Шариповтың (2020) зерттеулеріне сүйенсек дене шынықтыру жоғары оқу орны студенттерінің олимпиадалық білімінде зияткерлік және ойын тапсырмаларының әртүрлі нысандарын қолдану тәжірибесін ұсынды. Автор ең танымал формалардың сипаттамасын келтіре отырып, студенттер арасында сауалнама жүргізді [107]. Сауалнама нәтижесінде авторлар олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру үшін көрнекі қабылдау мен логикалық ойлауға байланысты зияткерлік және ойын тапсырмаларының нысандары үлкен әлеуетке ие деген қорытынды жасаған.

М.Ф. Шарипов (2017) тағы бір зерттеуінде Уралдағы студенттік жастарға олимпиадалық білім беру жүйесіндегі «Олимпизм білгірлері» байқауының жетекші рөлін атап өтіп, олимпиадалық білім берудің белсенді және тиімді түрі ретінде «Олимпизм білгірлері» байқауын ұйымдастыру және өткізуді ұсынды. Осы орайда Дене шынықтыру жоғары оқу орны студенттерінің олимпиадалық білім беру нысаны ретінде «Олимпизм білгірлері» байқауының мазмұнын қарастырды [108].

4 кестеде көрініп тұрғандай, олимпиадалық дене шынықтыру мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарындағы олимпиадалық білім беруді дамыту жөніндегі жұмыстарына қысқаша талдау жасауға тырыстық.

Кесте 4 – Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарындағы олимпиадалық білім беруді дамыту жөніндегі жұмыстарға талдау

Оқу орнының атауы	Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді дамытудың басым бағыттарының қысқаша сипаттамасы
1	2
Ресей мемлекеттік дене шынықтыру, спорт және туризм университеті (Мәскеу)	«Олимпизм, олимпиадалық қозғалыс, тарих және қазіргі заман» атты Ресейдің жас ғалымдары мен студенттерінің бүкілресейлік ғылыми олимпиада сессияларын белсенді өткізеді. Олимпиадалық білім беруді дамытуға аймақтық академия мен университеттің тарихи-спорт мұражайының бірлескен қызметіне үлкен үлес қосады. Мұражай мұрағаттары мен экспозициялары олимпиадалық мәселелер бойынша білімдерін кеңейтуге ықпалын жасайды. 1994 жылдан бастап университет пен Ресей олимпиада академиясы бірлесіп «Олимпиадалық қозғалыс және әлеуметтік процестер» және «Олимпиадалық білім беру практикасы» атты Бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференциясын дәстүрлі өткізеді.
Мәскеу мемлекеттік дене шынықтыру академиясы (Малаховка, Мәскеу облысы)	«Халықаралық олимпиадалық қозғалыс: тарих және қазіргі заман» атты оқытушыларға, студенттерге арналған ғылыми конференциясы өткізеді. Олимпизм білгірлерінің байқауларын ұйымдастырады. Академияның мерейтойына арналған волейбол, баскетбол, үстел теннисі, шахмат бойынша жарыстар «Олимпиадалық ауысым» жарысы (Малаховка кентінің оқушыларына) шығармашылық конкурстар (әндер, өлеңдер, суреттер, әңгімелер) өткізеді. Академияның қызметкерлерімен және олимпиадашылармен кездесулер өткізеді. Мәскеу облысы Люберецкий ауданының оқушылары арасындағы «Олимпизм білгірлері» конкурсы мен «Қазіргі олимпиадалық қозғалыс» көрмесін ұйымдастырады. Біліктілікті арттыру факультетінің тыңдаушыларына арналған олимпиада қозғалысының мәселелері бойынша дәрістер курсы жүреді. Олимпиадалық қозғалыс мәселелері бойынша студенттік конференция өткізіледі. Мәскеу мемлекеттік дене шынықтыру академиясының оқытушылары мен аспиранттары арасында олимпиадалық қозғалыс мәселелері жөніндегі конференция өткізеді.

4- кестенің жалғасы

1	2
<p>П.Ф. Лесгафт атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік шынықтыру, және университеті</p> <p>Санкт-Петербург ұлттық дене спорт денсаулық</p>	<p>1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына арналған Санкт-Петербург университеттерінің жас ғалымдарының олимпиадалық сессиясын өткізеді.</p> <p>Санкт-Петербургтің жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушылары арасында қазіргі заманғы олимпиадалық қозғалыс білгірлерінің байқауын ұйымдастырады.</p>
<p>Смоленск мемлекеттік шынықтыру, және академиясы</p> <p>дене спорт туризм</p>	<p>Спорт мектептерінің жаттықтырушыларына, оқу орындарының Дене тәрбиесі басшыларына арналған біліктілікті арттыру факультетіндегі «Олимпизм және мәдениет» курсы өткізеді.</p> <p>Ресейдің батыс өңіріндегі жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы олимпиадалық викториналар ұйымдастырады.</p> <p>Смоленск мемлекеттік дене шынықтыру, спорт және туризм академиясының студенттері мен аспиранттары арасындағы Олимпиадалық мәселелер бойынша ең жақсы зерттеуге байқау және олимпиадалық білім берудің үздік қойылымына арналған аймақтық байқау оқу орындарында олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру бойынша дене шынықтыру мұғалімдерінің Смоленск облыстық семинары өтеді.</p> <p>«Олимпизм, қазіргі спорттағы білім және тәрбие мәселелері» студенттік конференциясы өтеді.</p>
<p>Великолук мемлекеттік шынықтыру академиясы</p> <p>дене</p>	<p>Великолук қаласындағы жоғары оқу орындарының 1 курс студенттеріне арналған Ежелгі және қазіргі Олимпиада ойындарының тарихы туралы «Не? Қайда? Қашан?» атты «Олимпизм білгірлері» байқауы өтеді.</p> <p>Великолук академиясы студенттерінің олимпиадалық қозғалыс мәселелері бойынша жалпы білім беретін мектеп оқушыларымен дәрістер мен әңгімелер өтеді.</p>
<p>Чайковский мемлекеттік шынықтыру институты</p> <p>дене</p>	<p>Чайковский мемлекеттік дене шынықтыру институтының 30 жылдығына арналған «Спорт - Сен әлемсің!» балалар сурет байқауының өтуі. «Олимпиада ойындары - тек олимпиадашылар үшін ғана емес» жоо аралық студенттер арасында конференциясы өтеді.</p>

4 -кестенің жалғасы

1	2
Урал мемлекеттік дене шынықтыру академиясы (Челябинск)	Уралдың жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері арасында олимпиада тақырыбы бойынша Олимпизм және «Көңілді тапқыштар клубы» білгірлерінің конкурстары. «Олимпиадалық қозғалыстың, дене шынықтыру мен спорттың тарихы, жай-күйі және даму мәселелері» атты жас ғалымдар мен студенттердің бүкілурал ғылыми олимпиадалық сессиясының өткізілуі.
Кубан мемлекеттік дене шынықтыру, спорт және туризм университеті (Краснодар)	Олимпиада тақырыбы бойынша конкурстары, диспуттары және викториналары. Кіші олимпиадалық ойындары. Спарталық ойындары. Кубан мемлекеттік дене шынықтыру, спорт және туризм университетінің студенттері арасында олимпиада қозғалысының тарихы бойынша байқаулар. Олимпизм идеалдары мен құндылықтарын насихаттау бойынша «Ресейдің олимпиадалық білімі» аймақтық байқаулар ұйымдастырылады.
Воронеж мемлекеттік дене шынықтыру институты	Воронеж мемлекеттік дене шынықтыру институтының студенттеріне арналған «Олимпиадалық білім» арнайы курсы бойынша әдістемелік құралдар шығару. Олимпиадалық қозғалыс тарихын үздік білуге студенттердің жоо аралық конкурстары. Воронеж университеттерінің оқытушылары мен студенттерінің олимпиадашылардың қатысуымен спорттық кештер, кездесулер, әңгімелесулер. Воронеж университеттерінде жоғары жетістіктер спорты бойынша конференциялар, олардың нәтижелері бойынша ғылыми-әдістемелік тезистерді дайындау.
Украина дене шынықтыру және спорт Ұлттық университеті (Киев)	Украинадағы олимпиадалық білім берудің маңызды буыны - Украина мемлекеттік дене шынықтыру және спорт университетінің олимпиадалық ғылыми-зерттеу орталығы. Орталықтың құрамына олимпиадалық спорт кафедрасы, Украинаның Олимпиадалық академиясы, олимпиадалық мұражай, «Олимпиадалық әдебиет» баспасы, «Олимпиадалық спорттағы ғылым» ғылыми-теориялық журналы кіреді.
Қазақ спорт және туризм академиясы (Алматы, Қазақстан)	Украина дене тәрбиесі және спорт ұлттық университетінің профессорлары В.Н. Платонов және М.М. Булатова жыл сайын дәріс оқуға шақырылады. Олимпиаданың мәдени мұрасы, олимпиадалық спортты дамыту және жоғары жетістіктер спорты болашағы тақырыптары бойынша дәрістерге академияның оқытушылары, студенттері мен жаттықтырушылары профессорларды тыңдауға жұмылдырылады.

Жоғарыдағы кестеден аталған жоғары оқу орындарында олимпиадалық білім берудің іргетасы қаланып, кешенді бағдарламалары әзірленгенін, олардың педагогикалық қызметті ұйымдастырудың бағыттары, нысандары мен әдістерінің кешенін қамтитын олимпиадалық ақпараттық – ағартушылық, білім беру қызметінің тұтас жүйесін орналастыруға бағытталғанын көздейді. Бұл тұрғыда олимпиадалық білім беруде ресейлік жоғары оқу орындарының тәжірибесі ауқымды орын алған.

Д.А. Кружков (2020) коронавирустық инфекция пандемиясының салдарын еңсеру жағдайында олимпиадалық білім беруді қашықтықтан ұйымдастыруды оңтайландыру үшін заманауи коммуникациялық технологияларды қолданудың негізгі бағыттарын қарастырды [109]. Бұл өз кезегінде оқушылар мен білім алушыларға қашықтықтан олимпиадалық білім беру бойынша жұмыстарды жандандыруға мүмкіндік бергенімен қорытындылайды.

И.И. Мошкин (2020) жүргізген зерттеулерде викторина форматында сандық коммуникациялық платформаны қолдана отырып, олимпиадалық білім беру сабақтарын өткізу тәжірибесін қарастырған [110]. Өткізілген педагогикалық эксперимент заманауи формаларды жүзеге асыру оқу материалына қызығушылықты арттырады және оны дене шынықтыру мұғалімдері де, олимпиадалық спорт жаттықтырушылары да қолдана алады деп айтуға негіз бар.

Н.А. Карпушконың (2021) зерттеуінде дене шынықтыру және спорт институтында «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологияның мазмұнды компоненттерін ұсынып, білім алушылармен кері байланыс бойынша ақпарат алу мақсатында сауалнама әдістерінің нәтижелерін көрсетті. Сонымен қатар бүгінгі таңда кем дегенде 23000 жарияланым олимпиадалық білім беру мәселелеріне, әртүрлі оқу орындарында білім алушыларға, жас және білікті спортшыларға, олимпизм тақырыбына қызығушылық танытатын көптеген адамдарға арналған фактілерді келтірді [111].

В.М. Ермолова (2019) гуманитарлық-көркемдік-эстетикалық циклдер пәндерін оқыту процесінде олимпиадалық қозғалыстың мәдени мұрасымен мағыналық мазмұнымен қамтылған өнер туындыларын біріктірудің тиімділігін дәлелдеді. Жаңа украина мектебінің - құндылық-мазмұндық, жалпы мәдени, білім беру және танымдық құзыреттіліктерін және жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын талқылады [112].

Н.А. Воронов (2018) көптеген жоғары деңгейдегі спортшылар үшін бастапқы нүкте болып табылатын дене шынықтыру және спорт институтының мысалында жоғары оқу орындарында оқитын жастар арасында олимпиадалық білімді таратуға баса назар аудару қажеттілігін негіздеді [113]. Нәтижесінде студенттер ұлттық және халықаралық олимпиадалық қозғалыстағы белгілі бір спорт түрінің орны мен маңыздылығын, осы спорт түрінің елдегі және жекелеген аймақтардағы дене шынықтырудың жаппай дамуына әсерін, оның ұлттық және халықтық дәстүрлермен байланысын білуі керек екендігіне басымдық танытты.

Л.А. Овсянникованың (2017) ғылыми еңбегін зерттеуде қазіргі уақытта олимпиадалық білім әртүрлі нысандарда дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау процесінде қолданылғанын көруге болады және олимпиадалық білім дене шынықтыру университеттерінің де, дене шынықтыру бейініндегі университеттердің де оқу жоспарларына енгізілгеніне көз жеткіздік. Оның ішінде Ресей мемлекеттік дене шынықтыру академиясы олимпиадалық білім берудің теориялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық негіздерін дамытумен айналысады, Сібір мемлекеттік дене шынықтыру академиясы Сібір дене шынықтыру білімі қауымдастығымен «Олимпиадалық қозғалыс және олимпиадалық білім беруді оқыту әдістемесі» атты арнайы курс бағдарламасы жасап, оқу жоспарына енгізген, П.Ф. Лесгафт атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік дене шынықтыру университетінде студенттерге олимпиадалық Хартияны түсіндірулер мен «Fair Play» олимпиадалық қағидаларын оқыту және «Олимпиадалық әлем және сен» атты оқулығы ұсынылған. Осыған орай академияның білікті мамандары «Баршаға арналған олимпиадалық білім» оқу құралын басып шығарды. Омбы мемлекеттік дене шынықтыру университетінің студенттерін дайындаудағы оқу бағдарламасында педагогикалық бейіндегі жоғары оқу орындарының дене шынықтыру факультеттерінде, дене шынықтыру техникумдары мен колледждерінде, педагогикалық училищелер мен олимпиадалық резерв училищелеріндегі дене шынықтыру бөлімдерінде «Олимпиадалық қозғалыс» арнайы курсы оқылады [114].

Кубан мемлекеттік дене шынықтыру университетінің мамандары «Халықаралық олимпиадалық қозғалыстың қазіргі заманғы мәселелері» атты арнайы курс ұйымдастырады, сонымен қатар жыл сайын «Олимпиада ойындарының білгірлері» конкурсын өткізіп тұрады. «Олимпиадалық қозғалыс тарихы» арнайы курсы Воронеж мемлекеттік дене шынықтыру институтының оқу жоспарына енгізіліп, жүзеге асты. Украинаның дене шынықтыру және спорт Ұлттық институтының оқу үрдісінің жоспарына «Олимпиадалық спорт» атты пәні енгізілген, сол пән бойынша оқу құралы жарық көріп пайдаланылуға берілген. Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім берудің тиімді нұсқаларының бірі Волгоград мемлекеттік дене шынықтыру академиясында жүзеге асқан, онда дене шынықтыру және спорт теориясы мен тарихы кафедрасында жыл сайын «Олимпиадалық білім беру» курсы оқыту жолға қойылған.

А.Т. Контанистов (2021) алғаш болып Ресей олимпиада комитетінің басшылығымен және қаржылық қолдауымен Ресей халықаралық олимпиадалық университетінде жүзеге асырылатын олимпиадалық білім беру бағдарламасын талдады. Олимпиадалық қозғалыс, оның проблемалары мен даму перспективалары туралы білім жүйесін оқыту контекстінде осы бағдарламаның мазмұнына басты назар аудару қажеттігін көрсетті [115]. Зерттеу нәтижесінде 2016-2019 жылдарға арналған курстар мен бағдарламалар тыңдаушыларының сандық құрамының динамикасын анықтады, қазіргі олимпиадалық қозғалыс туралы білімді оқыту көлемін белгіледі, жаңа ұрпаққа олимпиадалық білім беру

бағдарламасын, олимпиадалық тақырыпты кеңейту бойынша ұсынымдар әзірледі.

А.В. Иванов (2021) қазіргі жас ұрпақты олимпиадалық білімге тарту және қызығушылықтың әдістері мен құралдарын анықтау мақсатында жоғары сынып оқушыларының басымдықтарына талдау жасады. Экспериментке дейін және одан кейін студенттердің олимпиадалық құндылықтарына салыстырмалы талдау жүргізді [116]. Нәтижесінде оқушыларға әсер ету, олардың ерекшеліктері мен мүдделерін ескере отырып, дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылықты біртіндеп қалыптастыруға, сондай-ақ олимпиадалық білім беруді насихаттайтын мұраттар мен құндылықтарды қалыптастыруға қол жеткізуге болады. Жастарды олимпизмге тартудың жаңартылған құралдары мен әдістерін қолдану оның тиімділігін көрсетті және оны дене тәрбиесін қалыптастырудың жүйелі құралы ретінде қолдануға болатындығын мәлімдеді.

Ф.Н. Солдатенков (2020) зерттеуінде Ресей Федерациясының белгілі бір аймағындағы балабақшадан университетке дейінгі олимпиадалық білім беру жүйесін ұйымдастыру тәжірибесін ашты [117]. Зерттеу мазмұнының нәтижелері мынадай болды. Сургут қаласында олимпиадалық білім беру жүйесі құрылды, оның аясында оқу жылы ішінде 700-ден астам оқушы мен 300-ден астам мұғалім жұмыс істейді. Білім берудің әрбір деңгейінде бағыттардың әрқайсысында-тәрбиелік, оқыту, сауықтыру және зерттеудің білім алушылардың жасына және жалпы білімдік дайындығына сәйкес келетін өзіндік мазмұны бөлінеді. Білім беру процесін ұйымдастыру үшін бес элементтен тұратын олимпиадалық білім беру құралдарының кешені қолданылады: білгірлер конкурстары, дене шынықтыру бағдарламасын практикалық игеру конкурстары, олимпиадалық құрамды оқу орындарына «дене шынықтыру» пәнінің бөлімдеріне қосу, оқу материалдары, шеберлік сыныптары. Автор қазіргі уақытта олимпиадалық білім берудің біртұтас көп деңгейлі жүйесін ұйымдастыру алғаш рет мектепке дейінгі, жалпы және жоғары білім берудің барлық деңгейлерін қамтитын олимпиадалық білім берудің дәйекті жүйесін құруды ұсынды. Жүйе білім берудің төрт негізгі компонентін іске асыруға бағытталған құралдар кешеніне негізделген: тәрбиелік, оқыту, сауықтыру және зерттеу. Жүйе білім алушыларда әлеуметтік құндылықтарды, салауатты өмір салтын, жалпы теориялық білім мен шығармашылық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

И.И. Гуслистова (2013) дене шынықтыру және спорт саласындағы арнайы орта білім беру мекемелеріндегі олимпиадалық білім беруді ұлттық олимпиадалық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырды, сондықтан оны микро жүйе ретінде қарастыруға болады, оның жүйелік факторы - оның *мақсаты* –спортшыны өзінің дүниетанымының құрылымында олимпизм идеалдарының өзекті мәні бар тұлға ретінде қалыптастыру, ал кері байланыс механизмі *нәтиже* – мақсатқа жету - спортшылардың құндылық басымдықтары жүйесіндегі олимпизм идеалдарының өзектілігін арттыру деп танытты [118].

А.А. Романов (2021) зерттеуінде Мәскеу көлік колледжінің мысалында коронавирус пандемиясы кезінде олимпиадалық білім беру бойынша сабақтарды қашықтықтан өткізу тәжірибесін қарастырды [119]. Нәтижесінде аталған жағдай студенттердің жүктемесін азайтып, оларға олимпиада тақырыбы бойынша үлкен көлемде онлайн-білім алуға мүмкіндік бергенін айта кетуге болады. Бұл олардың техникалық құралдармен жұмыс істеу дағдыларына және олимпизм мен салауатты өмір салты туралы білімдерін арттыруға оң әсер еткенін жеткізді.

Олимпиадалық білім беру пәні олимпизмнің негізгі идеяларын жеткізудегі маңызды компонент бола отырып, оқу процесіне, соның ішінде Ресей мемлекеттік дене шынықтыру, спорт, жастар және туризм университетінде және Кубань мемлекеттік дене шынықтыру, спорт және туризм университетінде енгізілді және ол білім, білік, меншік және білім беру үшін құрылымдық компоненттерден тұрады.

Е.А. Копылова (2021) еңбектерінің бірінде олимпиадалық білім берудегі маңызды қағидаттардың бірі ретінде – «Fair Play» қағидаттары туралы материалдарды жариялаған. Спортшылардың бәсекелестік іс-әрекетінің ерекшелігіне байланысты моральдық мінез-құлқының ерекшеліктері сипатталып, талданған [120]. Зерттеуінде олимпиадалық білім беру арқылы жастардың адамгершілік тәрбиесінің гуманистік құндылығын ашады. Зерттеудің мұғалімдерге, дене шынықтыру мұғалімдеріне, мектеп оқушыларымен және студенттермен жұмыс істейтін жаттықтырушыларға «Fair Play» қағидаттарын насихаттауда маңызы өте зор деп түсіндіруге болады.

Ю.Н. Москвичевтің (2021) пікірінде олимпиадалық қозғалыстың дамуы, бүкіл қоғамның ізгілендіру жолындағы ілгерілеуі үшін олимпиадалық білім берудің өзектілігі мен қажеттілігі бүгінде халықаралық деңгейде мойындалғанын тілге тиек етті. Бұған олимпиадалық білім берудің әртүрлі аспектілерін талдауға арналған көптеген ғылыми зерттеулер дәлел бола алатынын жеткізеді. Осыған байланысты жаңа деңгейдегі кәсіби кадрларды дайындау жүйесін дамытудағы келесі қадамы олимпиадалық білім беру маманының модельдерін қалыптастыру деп пайымдай отырып, оның қажеттілігі бүгінгі күннің талабы екендігіне көз жеткізді [121]. Нәтижесінде «олимпиадалық білім беру маманы» біліктілігін бере отырып, жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандартын әзірлеу және іске асыру мүмкін болатындығын негіздейді.

Н.С. Леонтьева (2019) және басқалары олимпиадалық білім беруде пәндік көрнекілік үшін тарихи-спорттық тақырыптарды таңдау бойынша пәндердің құрылымы мен мазмұнын, олардың өзара байланысы мен өзара шарттылығын, оның ішінде жоғары оқу орындарындағы жалпы білім беру бағдарламалары шеңберінде іске асырылатын «Олимпиадалық білім беру» пәнімен өзара байланысын көрсететін кестесін әзірледі [122]. Олимпиадалық білім беруді іске асыруда олимпиадалық білім беруді енгізу компоненттерінің құрылымы, өзара байланысы және өзара тәуелділігі 5 кестеде келтірілген.

Кесте 5 - Дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орындарында олимпиадалық білім беруді енгізу компоненттерінің құрылымы мен мазмұны

	Пән бөлімінің атауы	Арнайы курстардың атауы
	1	2
«Олимпиадалық білім беру» пәні	Олимпизм-әлемдік мәдениеттің феномені ретінде Олимпизмнің мұраттары мен құндылықтары	«Халықаралық спорттағы және олимпиадалық қозғалыстың генезисі және дамуы», «Халықаралық олимпиадалық жүйесі», «Халықаралық спорттық әлеуметтік феномен ретінде», «Қазіргі халықаралық спорттың және олимпиадалық қозғалыстың ұйымдық құрылымы».
	Грек өркениетінің әлемдік олимпиадалық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі	«Халықаралық спорт және олимпиадалық қозғалыстың генезисі және өркендеуі», «Олимпиадалық туризм: тарихы және қазіргі заман», «Өркениеттілік және олимпизм».
	Олимпиаданың денсаулық идеалы және салауатты өмір салты	«Бейімделген спорт және паралимпиадалық қозғалысы», «Допингге қарсы тәртіптілік», «Олимпиадашы имиджі», «Волонтер қызметін ұйымдастыру».
	Олимпизм-спорт, мәдениет пен білімнің бірлігі	«Халықаралық спорт және олимпиадалық қозғалыстың ғылыми-қолданбалы аспектілері», «Олимпиадалық туризм: тарих және қазіргі заман», «Волонтер қызметін ұйымдастыру», «Жасөспірімдер олимпиада қозғалысы», «Олимпиада қозғалысының философиялық-экономикалық аспектісі».
	Олимпиада қозғалыс және әлеуметтік үрдістер. Халықаралық Олимпиада қозғалысының өзекті мәселелері	«Бейімделген спорт және паралимпиадалық қозғалысы», «Халықаралық спорт және олимпиада қозғалысы және бұқаралық ақпарат құралдары», «Олимпиада нышандары мен атрибуттар: құқықтық қорғаулар және реттеу», «Халықаралық спорт және олимпиада қозғалысындағы жарнамалар», «Халықаралық спорт әлемінің елдері», «Жасөспірімдердің олимпиада қозғалысы», «Олимпиада ойындары экономикасы», «Допингтік қарсы реттеу».
	ХОК қамқорлығымен ірі халықаралық жарыстары	«Әлем елдеріндегі спорттық басқару және жұмыс істеу модельдері: салыстырмалы талдаулар», «Қазіргі олимпиада қозғалысы», «Халықаралық спорттағы әлемдік елдер», «Ірі халықаралық жарыстарды ұйымдастыру теориясы мен практикасы», «Жасөспірімдер олимпиада қозғалысы».
	Олимпиадалық білім беруде сабақтарды өткізуді ұйымдастыру нысандары	«Оқушылар мен жастарға олимпиадалық білім беру технологиялары», «Балалар мен жастарды спорттық-гуманистік бағытта тәрбиелеудің экономикалық аспектісі».

Е.В. Дивинская (2012) жеке тұлғаға бағытталған көзқарас тұрғысынан дене шынықтыру жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби дайындау процесінде олимпиадалық білім берудің ерекшеліктерін қарастырды. Аймақтық әлеуметтік-мәдени құндылықтардың, оның ішінде дене шынықтыру, олимпиадалық және паралимпиадалық спорттың қалыптасуы мен даму процесін ашатын олимпиадалық білім берудің аймақтық компонентін жасады, сонымен қатар болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау процесінде олимпиадалық білім берудің мәдениеттанулық моделінің мазмұнды бағыттарын әзірледі. Студенттерге жеке білім беру технологиялары негізінде олимпиадалық білім беру моделін ұсынды [123].

А.А. Макаров (2012) Полоцк мемлекеттік университетінің оқу-тәрбие үрдісіндегі олимпиадалық білімнің орны мен маңызын анықтады. Жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің және екінші курста «Олимпиада қозғалысы және кәсіби спорт» оқу пәнін өткен және ол бойынша сынақ тапсырған спорт-педагогика факультетінің студенттерінің олимпиада тақырыбы бойынша білім деңгейін салыстырды. Алынған нәтижелері Полоцк мемлекеттік университетінің студенттерінің олимпиадалық білімі бойынша іс-шараларды әзірлеуге негіз болып, олимпиадалық білім берудің тиімділігі олимпиадалық білім беру жүйесін құра алатын және болашақта Беларусь Республикасының жоғары оқу орындарында олимпизмнің құндылықтарын, мұраттары мен қағидаттарын сауатты көрсете алатындай педагогикалық кадрларды дайындау, қайта дайындау және біліктілігін арттыру кезінде ғана мүмкін болатындығын көрсетеді. Сонымен қатар студенттерді олимпиадалық қозғалыспен таныстыру спорттық пәндер циклін оқу процесінде де жолға қойылған [124].

Дене шынықтыру және спорт мамандарын кәсіби дайындаудың қазіргі кезеңінде олимпиадалық білім беру қажеттілігі мыналарға байланысты:

- олимпиадалық білім беру парадигмасы, ең алдымен, дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын гуманистік құндылықтарға бағытталған. Бұл дегеніміз, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды дайындау барысында жоғары білімнің әлеуметтік, мәдени және гуманистік бағыты бар мұғалімдерді кәсіби дайындаудың әртүрлі тәсілдерін жүзеге асыруды білдіреді;

- кәсіби цикл пәндерін жүзеге асыру барысында қалыптасатын педагогтің кәсіби құзыреттілігін нақтылауға негізделген дене шынықтыру білімінің инновациялық бағыттары;

- әр түрлі қызмет негізінде теориялық және практикалық-бағдарланған бағыттағы әртүрлі білімдерді, біліктер мен дағдыларды іске асыру негізінде білім беру процесі шеңберінде құзыреттілік деңгейін арттыру барысында қалыптасатын кәсіби қызметте педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін және оларды бейімдеуді арттыру.

Осы тұрғыда олимпиадалық білім беру аясында дене шынықтыру мұғалімдерін дайындауға бағытталған ғылыми, әдістемелік және оқу материалдарын әзірлеу жоғары білім алу процесінде олимпизмнің идеалдары мен құндылықтарын енгізуге ықпал етеді.

Бірінші бөлім бойынша қорытынды

Олимпиадалық білім беруді дамытудың өзектілігі бірнеше онжылдықтар ішінде қол жеткізілген спортты дамытудың жоғары деңгейі мен білім беру процесіне, атап айтқанда балалар мен жастарға олимпизмнің идеалдары мен құндылықтарын енгізудің төмен деңгейі арасындағы қайшылыққа байланысты. Көптеген арнайы әдебиеттерді талдау олимпиадалық білімнің генезисі адамзаттың жалпы мәдениетінің дамуымен, олимпизм идеяларының пайда болуымен, арнайы спорттық жарыстарды ұйымдастыру тәжірибесімен және оларға дайындық жүйесімен тығыз байланысты екендігін көрсетті.

Теориялық талдау нәтижелері көрсеткендей, шетелде Ұлттық олимпиадалық академияларының білім беру және әдістемелік базасының қалыптасуында АҚШ, Австралия, Украина, Чехия, Литва, Эстония, Туркия, Армения, Португалия, Аргентина, Қытай, Ресей және т.б. мемлекеттердің өңірлік олимпиада академиялары олимпиадалық білім беру үшін көп жұмыс атқаруда.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауын қорытындылай отырып, келесі тұжырымдарды жасадық:

Бүкіл шетелде кеңінен таралған білім берудің өзекті бағыттарының бірі олимпиадалық білім беру деп атауға болады. Олимпиадалық білім дене шынықтыру білімінің бөлігі болып табылады және қазіргі уақытта білім беру, тәрбиелеу және оқыту жүйесінде маңызды орынға ие бола алады.

Қазіргі уақытта олимпиадалық білім берудің олимпиадалық қозғалыс ішіндегі қатынастарды үйлестіру факторы ретінде жұмыс істеуі өзекті мәселе болды. Олимпиадалық этиканы нығайтудың өзекті мәселесін шешу үшін олимпиадалық білімді балалар, жасөспірімдер мен жастар арасындағы оқу-тәрбие процесінде ғана емес, сонымен қатар спортшылардың оқу-жаттығу дайындығында да, олимпизмнің қағидаттары мен идеалдарына сүйене отырып, олардың білімі мен әдеттерін қалыптастыру мақсатында белсенді пайдалану ұсынылады.

2 ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

2.1 Зерттеу әдістері

Алға қойған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды.

1. Олимпиадалық білім берудің тарихи дамуын зерттеу, олимпиадалық идеалдармен, құндылықтармен және қағидаттарымен таныстыру және олимпиадалық білім беру жағдайында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау әдісі жүргізілді (олимпиадалық білім идеясының бастауы, олимпиадалық білім негіздерінің қалыптасуы, олимпиадалық білім берудегі ғылыми зерттеулердің бағыттары, «олимпизм», «олимпиадалық білім» ұғымдарының анықтамаларына талдау, Халықаралық олимпиада академиясының қызметіндегі олимпиадалық білім мазмұны мен олимпиадалық білім берудің міндеттері бойынша). Нәтижесінде олимпиадалық білім беру теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері ұсынылған барлығы 194 дереккөз талданды.

2. Олимпиадалық білім берудің әдістемелік базасының қалыптасудағы Ұлттық олимпиадалық академиялардың үлесіндегі іс-шаралар мазмұны, дене шынықтыру мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарындағы олимпиадалық білім беруді дамыту жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуы және олимпиадалық білім берудің әлемдік тәжірибесінің бағыттары бойынша қазақстандық және алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені зерделеу және жалпылау.

Зерттеудің бұл әдісі олимпиадалық білім беру бойынша мамандардың және ұлттық олимпиадалық академиялардың, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарының ауқымды тәжірибесін салыстыруға, озық тәжірибеде олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың түрлі бағдарламалары, формалары мен әдістерін анықтауға мүмкіндік берді.

3. Олимпиада ойындарына деген қызығушылықты, олимпиадалық қозғалыс саласындағы ақпараттылықты және Қазақстанда олимпиадалық білім беру идеясын таратуға көзқарасты анықтау үшін дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарына сауалнама жүргізу.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарға жүргізілген «Олимпиадалық білім беру мәселесінен хабардарлығы, қатынасы және қызығушылығы» сауалнамасы келесі сұрақтарды қамтыды:

Сіз спорттық қызметтің қандай саласында жұмыс істейсіз; Сіз Олимпиада ойындарының Қазақстандағы өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі мен маңызын қалай бағалайсыз; Сіз үшін Олимпиада ойындарына, Қазақстаннан Олимпиада ойындарына қатысушыларға, Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне қатысты тақырыптар қызықты ма; Сіздің ойыңызша, қазақстандық спортшылар Олимпиада ойындарында қандай олимпиадалық спорт түрлерінен жүлделі орындарға ие бола алады; Сіз олимпиадалық білім берудегі мазмұны, формалары, әдістері туралы көбірек білгіңіз келе ме; Әлемдегі олимпиадалық қозғалысты басқаратын ұйымды көрсетіңіз; Ғ. Қосановтың Қазақстанның олимпиадалық спорт тарихындағы рөлі көрсетіңіз; Баскетболдан Мюнхен

(1972), Монреаль (1976) олимпиада ойындарында олжа салған тұңғыш қазақ баскетболшысын көрсетіңіз; Қазақстандық боксшылар - бокстағы Үздік техникасы үшін Вэл Баркер кубогының иегерлері атаңыз; Олимпиада Хартиясының дұрыс анықтамасын көрсетіңіз; Олимпиада ойындарының ашылуында көшбасшы команданы көрсетіңіз; Қазақстан Ұлттық құрамасы тұңғыш рет Тәуелсіз ел ретінде қатысқан жазғы олимпиадасын белгілеңіз; Сіздің ойыңызша, Қазақстанда олимпизмнің таралуы үшін ең нәтижелі формаларды көрсетіңіз; Қазіргі уақытта елімізде балаларға, жастарға олимпиадалық білім беру қажет екендігімен келісесіз бе; Сіздің ойыңызша, Қазақстанда олимпизм мәселелері бойынша қай кезеңнен бастап білім беру керек деп ойлайсыз; Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді енгізу өзекті деп санайсыз ба.

4. Студенттерде олимпиадалық білім беру жүйесінің қалыптасу деңгейін, Олимпиада ойындарына деген қызығушылығы мен көзқарасын анықтау үшін сауалнама жүргізу. Экспериментке дейінгі жүргізілген «Олимпиадалық ойындарға көзқарасы, қызығушылығы және олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтау» сауалнамасы келесі сұрақтарды қамтыды:

Сіз үшін Олимпиада ойындарына, Қазақстаннан Олимпиада ойындарына қатысушыларға, Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне қатысты тақырыптар қызықты ма; Олимпиада ойындары мен олимпиадалық қозғалыс туралы көбірек білгіңіз келе ме; Сіз Олимпиада ойындарының жүлдегері мен қатысушысы болғыңыз келе ме; Ғ. Қосановтың Қазақстанның олимпиадалық спорт тарихындағы рөлі қандай; Ж.Үшкөмпіров, Ш. Серіков қандай спорт түрлері бойынша Олимпиада ойындарының чемпиондары; Қазақстан қай жылдан бастап Жазғы Олимпиада ойындарына Тәуелсіз мемлекет ретінде қатыса бастады; Б. Саттарханов, Е. Ибраимов, О. Шишигина қандай Олимпиада ойындарының чемпиондары атанды; Вэл Баркер кубогын жеңіп алған тәуелсіз Қазақстанның бокстағы алғашқы чемпионы кім; Жүзуден алтын медаль жеңіп алған Қазақстанның алғашқы спортшысы; Сіз үшін үлгі болатын Олимпиада жүлдегерлерін атай аласыз ба; Сіз білім бағдарламаңыз бойынша «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқығыңыз келе ме;

5. Педагогикалық эксперимент (қалыптастырушы).

Бұл экспериментте диссертациялық зерттеуде ұсынылған болжамның дұрыстығы тексеріледі.

6. «Олимпиадалық сауаттылық» тесті. Бұл тестілеу дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінің олимпиадалық қозғалыс саласындағы білімдерін экспериментке дейін және одан кейін тексеру үшін қолданылды.

Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3-курс студенттерінің олимпиадалық қозғалыс саласындағы білімдерін тексеру мақсатында әзірленген «Олимпиадалық сауаттылық» тесті үш блоктан тұрды. «Ежелгі Олимпиада ойындары» деп аталатын бірінші блокта олимпиадалық ойындардың тарихына, Ежелгі олимпиадалық ойындардың ережелеріне, шарттарына, дәстүрлері мен олимпиадалық ойындардың бағдарламасына қатысты тест тапсырмалары берілді.

«Қазіргі Олимпиада ойындарының жандануы» деп аталатын екінші блокта

қазіргі кезеңдегі олимпиадалық ойындардың қайта жандануымен, олимпиадалық ойындардың маңызы, өткізу ерекшеліктерімен, Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК) жұмысымен байланысты тест тапсырмалары қамтылды.

«Қазақстандағы олимпиадалық қозғалыс» деп аталатын үшінші блокта Қазақстандағы олимпиадалық қозғалыспен, Ұлттық олимпиада комитетімін, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы Олимпиада ойындарында өнер көрсеткен олимпиадашылар есімдерімен байланысты бірқатар сұрақтар қарастырылды.

Үш блок бойынша құрастырылған тестілеу әдісі дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық қозғалыс саласындағы білімдерін тексеруге мүмкіндік береді.

7. К.Н. Ефременковтың «Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық» сауалнамасы. Бұл әдістеме дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінің олимпиадалық білім беру бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық деңгейін анықтауға көмектеседі. Сауалнама келесі сұрақтарды қамтиды: мен олимпиаданың қозғалысы, олимпизмнің мұраттары мен құндылықтары туралы білімді көбірек білгім келеді; менің ойлауымша, өзімді олимпиада ойындарының дәстүрлер аясында жетілдірудің қажеттігі жоқ деп санаймын; мен өз күшіме сенімділікті білдіремін; мен олимпиада ойындарының дәстүрлері аясында ойластырғандарымды жетілдірудің жүзеге асатынына сенімдімін; менің бойымда олимпизм қағидалары туралы сабақ алуға құлшынысым жоқ; олимпиадалық білім алу болашақтағы кәсіби қызметіме септігін тигізбейді; мен олимпиада ойындары дәстүрлері аясында өзімді жетілдіруде жақсы және тиімді жұмысты атқарғым келеді; мен өзімді қажет болған жағдайда өзгерте аламын; менің мәселелерім көбінесе олимпиадалық білім беру шеңберінде әртүрлі тапсырмаларды орындай алмауыммен байланысты болып келеді; мен өзгелердің олимпиадалық білім беру аясындағы қасиеттері мен мүмкіндіктері туралы пікіріне қызығушылығымды танытамын; маған өз жоспарларыма қол жеткізу және олимпиадалық дәстүрлер аясында өзімді жетілдіру қиынға соғады; мен кез-келген жағдайдағы сәтсіздіктер мен қателіктерге қорқыныш танытпаймын; менің дене жағдайым тандалған спорт түріме, денсаулық сақтаудың заманауи жүйелеріне сәйкес келеді; жоғарыдағы жағдай менікі, мен шынымен де бірдеңе жасағым келсе өзімді өзгеремін. Аталған сауалнама нәтижелерін өңдеудің кілті: 1(+); 2(-); 3(+); 4(+); 5(-); 6(-); 7(+); 8(+); 9(+); 10(+); 11 (-); 12(+); 13(-); 14(-).

8. «Тұлғаның олимпиадалық мәдениетін диагностикалау» әдістемесі. Бұл әдістеме дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінде олимпиадалық мәдениеттің деңгейін бағалау және қалыптастыру үшін қолданылды. Дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінде олимпиадалық мәдениеттің қалыптасуының «төмен», «орташа» және «жоғары» деңгейлері анықталды. Әдістеме бес блоктан тұрды: ақпараттық, бағалау, мотивациялық, ұйымдастыршылық, мінез-құлық.

Әдістеменің бірінші блогы тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің ақпараттық блогын диагностикалауға бағытталған. Келесі бағыттар бойынша сұрақтар енгізілді: Спорттағы жаттығулар және оның құрылымындағы қағидаттары туралы не айта аласыз; олимпиаданың негізгі идеалдары мен құндылықтарын қалай түсінесіз; спорттық жарыстардағы «Fair play» негізгі олимпиаданың қағидаттарына қандай түсінікпен қарайсыз; олимпизмнің идеалдарына спорттық қызметтің қандай мақсаттары мен міндеттері сәйкес келетіндігін түсіндіріңіз; олимпиадалық ойындардағы қарастырылатын тәртіпті мысалдармен түсіндіріңіз; олимпиадалық қозғалыстың олимпиадалық Хартияда көрсетілген мақсаттары мен міндеттерін атаңыз; Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК) және Ұлттық олимпиада комитетінің (ҰОК) мақсаттары мен міндеттерінің негізгі бағыттарын қалай түсінесіз; Олимпиаданың бағдарламасына жаңа спорт түрлері қандай жолдармен іріктеліп алынады; паралимпиада ойындары туралы қандай ақпарат білесіз; паралимпиада қозғалысындағы құндылықтарын қандай мысалмен түсіндіре аласыз; елімізде қазіргі спорт түрлерінің, олимпиадалық ойындарының, олимпиадалық қозғалыстың рөлі мен маңызды орнын қалай түсіндіресіз; Әлемде Олимпиада ынтымақтастығы туралы және оның миссиясы, мақсаттары неге бағытталған; WADA (Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік) туралы естідіңізбе, ол туралы не білесіз; спортпен байланысты кәсіптік қызметтің қандай түрлеріне мысалдар келтіре аласыз; олимпиадалық ойындарды ұйымдастыру және өткізу қандай мамандықтармен байланысты, мысалмен түсіндіріңіз.

Әдістеменің екінші блогы тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің бағалау блогын диагностикалауға бағытталған. Келесі бағыттар бойынша сұрақтар қамтылды: Сіздің ойыңызша, олимпиадалық ойындардың оң рөлі мен маңыздылығын қалай түсіндіресіз; Сіздің ойыңызша, спорт жолында спортшылардың тұлғасы мен қарым-қатынасына кері әсерлердің кездесуі мүмкін бе, пайда болған жағымсыз әсерді жеңудің қандай жолдарын ұсынасыз; Сіз қай Олимпиада чемпионын таңдайсыз және не үшін таңдап отырғаныңызды түсіндіре аласызба; Паралимпиадалық спортшыларға оң баға беру лайықты деп санайсызба, себебін мысалмен түсіндіріңіз; Сіз көрермен болып отырған жарыс кезінде спортшылар бір-біріне күш қолдана бастағанда қандай сезімдерді жиі сезінуіңіз байқалады.

Әдістеменің үшінші блогы тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің мотивациялық блогын бақылауда келесі бағыттағы сұрақтар қамтылды: Сіз қандай спорт түрлеріне ерекше қызығушылық танытасыз; Сіз ең бірінші белсенді демалуға, көңіл көтеруге немесе жоғары нәтижемен жеңіске жету үшін спорттағы жарыстарға қатысуды бірінші мақсатыңыз етіп санап жүрсізбе; Сіз олимпиадалық ойындарды жиі тамашалайсызба және олимпиада ойындарын қандай қызығушылықпен қарайсыз; олимпиадалық ойындарының белсенді қатысушысы болғыңыз келеме; қандай олимпиадалық спорт түрі Сізді көбірек қызықтырады.

Әдістеменің төртінші блогы тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің ұйымдастырушылық блогын бақылауда келесі бағыттағы сұрақтар қамтылды:

кандай да бір дене қасиеттерін қалыптастыруға қажетті дене жаттығуларымен айналысасыз ба; спортта жоғары жетістіктерге жету жолында денсаулыққа зиян тигізбейтіндей спорттық жаттығуларды қалай ұйымдастыруға болды; дене шынықтыруды қалыптастыру үшін спорттан басқа қандай құралдарды қолдануды жөнді деп санайсыз; Сіз спортта қандай әрекеттерді әдемі деп баға бересіз; Сіз спортшылармен, жаттықтырушылармен, төрешілермен, журналистермен, көрермендермен және т.б. қандай қарым-қатынас жасайсыз; олимпиадалық идеяларды түсіндіру мен насихаттаудың қандай жолдарын ұсынасыз;

Әдістеменің бесінші блогы тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің мінез-құлық блогын бақылауда Сіз спорттың қандай түрлерінің белсенді қатысушысыз; өз спорттыңызда жеткен жетістіктеріңіз туралы баяндап бересізбе; Сіз спортпен байланысы қандай да бір іс-шаралардың белсенді қатысушысысыз ба; осы жолда қандай жетістіктеріңіз болды, баяндай аласызба деген бағыттағы сұрақтар қамтылды.

9. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттеріне «Олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығы» сауалнамасын жүргізу. Аталған әдістеме «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнін оқығаннан кейін дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығын анықтауға септігін тигізді.

10. Алынған нәтижелерді өңдеуде математикалық статистика әдістерін қолдану жолға қойылды, оның ішінде \bar{X} - орташа арифметикалық мәні мен S – орташа квадраттық ауытқуы және t - алынған нәтижелердің айырмашылықтары анықтығын айқындауда Стьюдент критерийлері қолданылды.

2.2 Зерттеуді ұйымдастыру

Диссертациялық зерттеу үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2017-2018 жж.) дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жағдайында олимпиадалық білім беру мәселесі зерделенді, сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асыру мәселелерімен байланысты қазіргі кезеңдегі олимпиадалық білім берудің шетелдік және отандық тәжірибесі жинақталды, олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың нысандары мен әдістеріне талдаулар жүргізілді, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің басым бағыттары қаралды. «Олимпизм», «олимпиадалық білім» ұғымдарының анықтамаларына талдаулар жүргізілді, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Олимпиадалық білім беруді жүзеге асырудағы ғылыми зерттеудің әдістемелік және теориялық негіздері нақтыланды, зерттеудің ғылыми аппараты тұжырымдалды.

Екінші кезеңде (2018-2019 жж.) «Олимпиадалық білім беру» пәнінің құрылымдық-мазмұндық моделі, «Олимпиадалық білім беру» элективті курсының мазмұны мен әдістемесі және педагогикалық эксперимент

жағдайында дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білім алуын жетілдіруді қамтамасыз ететін әдістемені тәжірибелік тексеру жүргізілді, олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі дамытуға дайындығы айқындалды, олимпиадалық мәдениеттің (қалыптастырушы эксперимент) деңгейлік көрсеткіштерінің өзгерістері анықталды.

Үшінші кезеңде (2020-2021 жж.) анықтаушы және қалыптастырушы экспериментінің мәліметтерін талдау және теориялық жалпылау, дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттеріне олимпиадалық білім беруді дамыту әдістемесінің теориялық моделін түзету, зерттеу нәтижелерін қалыптастыру жүзеге асырылды.

Анықтаушы эксперимент барысында олимпиадалық ойындарға деген қызығушылық, олимпиадалық қозғалыс саласындағы хабардарлық және теориялық және практикалық тәсілдер және олимпиадалық білім беру идеясын тарату анықталды. Олимпиада ойындарына қызығушылықты анықтау, олимпиадалық қозғалыс саласындағы хабардарлығы және Қазақстанда олимпиадалық білім беру идеясын таратуға көзқарасын анықтау үшін дене шынықтыру және спорт мамандарына сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығының жоғары арнайы білімі бар 346 дене шынықтыру және спорт мамандары қатысты.

Оларға жалпы білім беретін мектептердің дене шынықтыру мұғалімдері, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары лауазымдарын атқаратын 260 (75,1%) маман, 79 (22,8%) маман спорт жаттықтырушылары, әдіскерлер, спорт нұсқаушылары, спорт бөлімдерінің басшылары, спорт мектептері директорларының 7 (2%) маманы қатысты. Сауалнамаға 2 жылдан 20 жылға дейінгі кәсіби жұмыс тәжірибесі бар дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандары жұмылдырылды.

Осы кезеңде дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттеріне сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 20-21 жас аралығындағы студенттер қатысты. Аталған сауалнама студенттердің олимпиадалық ойындарға деген қызығушылығы мен олимпиадалық білім беру жүйесінің қалыптасу деңгейінің жай-күйі туралы жалпы түсінік алуға мүмкіндік берді.

Сауалнамаға дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курсынан 225 студент қатысты. Оларға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 73 студенті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 75 студенті, М.Өтемісов атындағы Батыс қазақстан университетінің 77 студенті қатысты.

Сонымен қатар экспериментке дейін анықталды:

- 1) Студенттердің олимпиадалық сауаттылық деңгейі;
- 2) Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білім беру бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық деңгейін бағалау;
- 3) Дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерінде олимпиадалық мәдениеттің қалыптасуы мен деңгейлік көрсеткіштерін бағалау;
- 4) «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнін оқығаннан кейін дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығы.

Эксперимент жүргізу үшін Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенттерінен бақылау (30 адам) және тәжірибе (30 адам) екі тобы құрылды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні 2019-2020 оқу жылынан бастап ғылыми Кеңесінің 2019 жылдың 27 мамырдағы № 9 хаттамасы қаулысымен Дене шынықтыру мамандығының 3 курсының оқу жұмыс жоспарына енгізілді. Сондықтан бақылау және тәжірибелік екі топқада «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні бойынша сабақтар оқу жоспарына сәйкес бір семестр бойы оқытылды.

Тәжірибелік топ біз жасаған олимпиадалық білім беруді жетілдіруге бағытталған авторлық әдістеме бойынша, ал бақылау тобы жалпы қабылданған жоғары оқу орындарының әдістемесі бойынша оқыды.

Педагогикалық эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің нәтижесінде дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша оқитын екі топ студенттерінің олимпиадалық білімі, олимпиадалық білім беруде өзін-өзі дамытуға дайындығы және олимпиадалық мәдениеттің деңгейлік көрсеткіштерінің қалыптасуы тексерілді, екі топ студенттерінің динамикасы бағаланды және оның сенімділігі анықталды. Сондай-ақ екі топтағы студенттердің алған олимпиадалық білімдерін кәсіби қызметте пайдалануға дайындығын анықтау көрсеткіші және «Олимпиадалық білім беру» пәні бойынша алған білімдері бағаланды.

3 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

3.1 «Олимпизм», «Олимпиадалық білім» ұғымдарының анықтамалары

«Олимпизм» ұғымы спорт пен ежелгі Олимпиада ойындарының жандануы негізінде қалыптасқан қазіргі олимпиадалық қозғалыспен байланысты. Әдетте бұл жандану «олимпизм» ұғымы Пьер де Кубертен есімімен тығыз байланысты.

Олимпизм спорттың, жарыстардың және жаттығулардың гуманистік құндылықтарына негізделген. Олимпизмнің мақсаты - адамның қадір-қасиетін сақтауға қамқорлық жасайтын бейбіт қоғамның дамуына ықпал ету үшін спортты жеке тұлғаны дамытудың негізгі құралы ету. Олимпиадалық білім беру идеясы дене шынықтыру мен спортты жастардың денсаулығын нығайту құралы ретінде қамтиды және ең бастысы, оларды адал және күшті адамдар ретінде жетілдіреді.

М.А. Богданованың (2010) пікіріне сүйенсек, қазіргі таңдағы мәдени дәстүріміздегі «олимпизм» ұғымын XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында Пьер де Кубертеннің жасаған және жүзеге асырған қазіргі олимпиадалық қозғалыстың негізін қалаған доктринасы деп түсіндіреді. Олимпизмнің қағидаттары олимпиадалық Хартияда бекітілген, оған сәйкес олимпизм - бұл ақыл-ойдың, ерік-жігердің және адам денесінің теңдестірілген тұтастығына айналатын және біріктіретін өмір философиясы екендігін растайды. Олимпизмнің жарияланған мақсатты ұстанымы адамның үйлесімді дамуына қызмет ету үшін спортты кеңінен дамыту, оның басты мақсаты адамның қадір-қасиетін сақтауға негізделген жаңа қоғамның құрылуына ықпал ететінін мәлімдейді [125].

V.L. Pashuta (2015) олимпиадалық білім берудің қалыптасқан негізгі аспектілеріне талдау жасай отырып, олимпиадалық ойындардың қағидаттарына негізделген салауатты өмір салтын қалыптастыруда екі қосымша аспектіні көрсетті: моральдық және дене дайындығы. Теориялық аспектісі халықаралық мәдени және тарихи ұғымдар туралы білімді игеруге, адамның адамгершілік көзқарастарын қалыптастыруға негізделсе, практикалық аспекті салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, тиісті салада кәсіби дағдыларды, практикалық тәсілдер мен тәжірибені меңгеруге бағытталған жүйелі қызметті, кәсіби спорт үшін де, күнделікті өмірде де қажетті дене қасиеттерін дамытуға, спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық жетістіктерді насихаттау, көрнекті олимпиадалық спортшыларды үлгілеуге бағытталған [126].

Арнайы әдебиеттерді талдау көрсеткендей, олимпиадалық білім берудің мәнін қарастыруда екі негізгі тәсілді қарастырғанына көз жеткіздік.

Біріншіден, А.А. Исаев [127], А.Т. Константинов [128] олимпиадалық білім мазмұнында ақпараттық, танымдық білім компонентіне басым назар аударса, екіншіден, В.Н. Сергеев [129], В.И. Столяров [130], В.С. Родиченко [131] олимпиадалық білім мазмұнының аксиологиялық компонентіне мән беріп, олимпизм идеалдарымен байланысы ғылыми еңбектерін ұсынды.

Төмендегі 6 кестеде мамандардың «олимпизм», ұғымына берген анықтамалары берілген.

Кесте 6 – Мамандардың «олимпизм» ұғымына берген анықтамалары

Мамандар	Анықтамалар
1	2
Пьер де Кубертен	«...бір күн сәулесіндегідей адамның кемелденуіне ықпал ететін барлық функцияларды біріктіреді, негізі - күші-жігерге табыну, бәсекелестік шегінде тәуекелділік, Отанға деген сүйіспеншілік, кескіндеме және әдебиетпен байланыс».
Н.Попов	«...спортпен, спорттық қызметпен және этикалық, эстетикалық және құқықтық қағидаттардың, идеялардың, құндылықтардың кең ауқымын қолданумен байланысты».
О.Мильштейн	«...халықаралық олимпиадалық қозғалыстың теориясы мен практикасы ретінде олимпизм әлеуметтік саясаттың, экономиканың, мәдениеттің элементі ретінде олимпизм, олимпиадалық қағидаттарды мызғымас ұстана отырып, олимпизмге, бейбітшілікке, ынтымақтастыққа, тұлғаның жан-жақты дамуына ұмтылысы».
Н.Н. Визитей	«....бұл ішкі көзқарас және оны жүзеге асырумен байланысты адамның процеске қосқан үлесі: әлем өмірінің заңын түсіндіру және бекіту, әділеттілікті жүзеге асыру, сайып келгенде, өзін-өзі жүзеге асыру».
Х.М. Кахигал	«...бұл адамның өзінен асып кетуге және адамның қадір-қасиеті сияқты жоғары мақсатқа бағытталған қолданыстағы әлеуметтік тәртіптен асып түсуге деген ұмтылысының жалпы идеясы».
В.С.Родиченко	«...қазіргі әлемдік қоғамдастықтың келесі үш элементі үшін маңызды олимпиадалық құндылық: адам тұлғасы, қоғам, спорт - әлемдік мәдениеттің жетістігі».
И.И. Круглик	«...Кубертен олимпизмінен бастап қазіргі спорт туралы түсінікке дейінгі уақыттың әсерінен оның дүниетанымдық мәні әртүрлі дәуірлердің әсерінен өзгерсе де, қазіргі уақытта мәдени тәрбие мен білім беруде кез-келген мемлекеттегі ең өзекті мәселелердің бірі ретінде Ежелгі Грецияда пайда болған ерекше рухани ілім».
А.Н. Бугреев	«...«олимпиадалық қозғалыс» ұғымдары мағынасы жағынан жақын, олимпиадалық қозғалыс, спортты дамыту үшін халықаралық қоғамдық қозғалыс ретінде, олимпизмнің материалдық бастауы.

6 - кестенің жалғасы

1	2
В.Столяров	«...қазіргі олимпизм, ең алдымен, олимпиадалық қозғалыстың дамуын қамтамасыз етуге мамандандырылған басқарушы ұйымдар мен институттар жүйелерін қамтитын ұйымдасқан қозғалыстың қалыптасуымен ерекшеленеді, белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған идеялар, қағидаттар, ұйымдар мен іс-шаралар жиынтығы».
L.I. Lubysheva	«... спорттық қозғалыстың рухани негізін құрай отырып, әлі күнге дейін адамдардың ізгі ниеттегі гуманистік құндылықтарға, бейбітшілікке, ынтымақтастыққа және өзара түсіністікке деген ұмтылысына бағытталған әлеуметтік-мәдени білім».

6 кестеде «олимпизм» ұғымына берілген анықтамаларға сүйене отырып, олимпизмнің әлеуметтік-мәдени білім ретіндегі ерекшелігі оның үнемі дамуында мен әмбебаптығында екендігіне көз жеткіздік. Соңғы ұғымдар олимпизм рухани және материалдық қағидаттардың жиынтығын білдіреді. Бұл денеге ғана емес, жанға да, оның ақыл-ойына да тікелей әсер ететін спорттық қызмет саласы. Жан-жақты гармониялық дамудың әлеуметтік және табиғи-биологиялық қажеттіліктері адамға тән. Бұл олимпизмнің әлеуметтік-мәдени табиғатын анықтайды: адамның дене, зияткерлік және адамгершілік жетілуі.

Ю.М. Чернецкийдің (2000) зерттеуіндегі олимпиадалық білімнің құрылымын анықтау ұстанымы белгілі бір қызығушылық тудырады, ол олимпиадалық білім берудің мазмұнды және рәсімденген ерекшеліктерін қарастырды:

- олимпиадалық қозғалыстың тарихына, заңдылықтары мен қағидаттарына түсінік қалыптастыру;
- олимпиадалық білім беруде адам өмірін ашатын ғылымдармен байланысын жүзеге асыру;
- олимпиадалық білімді игеру арқылы мотивациялық-қажеттілік саласының дамуына негізделген жеке тұлғаның қозғалыс белсенділігін қалыптастыру;
- олимпиадалық білім беру арқылы адамгершілік құндылықтарға ие гуманистік тұлғаны тәрбиелеу және оны негізі түсінік ретінде бойына сіңіру [132].

Сондай-ақ, 7 кестеде көрініп тұрғандай халықаралық олимпиадалық академиясының сессияларында олимпиадалық білім беру мәселелеріне көп көңіл бөлінген.

Кесте 7 - Халықаралық олимпиада академиясының қызметіндегі олимпиадалық білім мазмұны

ХОА сессиясын өткізу жылы	Баяндамашы	Сөз мазмұны
1	2	3
1968, (8-ші сессия)	Систо Фавр	Олимпиадалық білім тұжырымдамасы алғаш рет тұжырымдалды (olympic education)
1972 (12-ші сессия)	Эрнст Лауербах (Германия)	Олимпиадалық білім тұжырымдамасы алғаш рет тұжырымдалды
1974 (13-ші сессия)	Герман Ангрекс (Австрия)	«Олимпиадалық идея және оны мектептерде жүзеге асыру» атты баяндамасында автор мектептегі білім беру жүйесінде олимпиадалық идеяның үш негізгі аспектісі: элитизм (жетілуге ұмтылу), мәдени фестивальдер және спорттың ықпалдастық факторы көрініс табуы тиіс
1979 (18-ші сессия)	Такис Доксас (Грекия)	Жастарды бейбітшілік рухында тәрбиелеудегі олимпиадалық идеяның маңыздылығын негіздеді
	Мохаммед Мазали (Тунис Премьер-Министрі)	Баяндамашы жаппай мектептерде олимпиадалық білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін өз тетіктерін пайдалануға шақырды
	Триантафулос Карантассакис (Грекияның дене тәрбиесінің бас инспекторы)	Грекия мектептерінде олимпизмді оқыту мәселесі «Олимпиадалық идеологияның негізі мен мәні» баяндамасында айтылды.
1980 (19-шы сессия)	Джон Повел	Олимпиадалық білім беруді жандандыру мақсатында оқушыларға арналған олимпиадалық тақырыптағы оқу әдебиеттерін, фильмдерді көбірек шығаруды; әр елде олимпиадалық күндерді өткізуді, дене шынықтыруды насихаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалануды және т.б. ұсынды.
1988 (27-ші сессия)	Ансельма Лопес (Испания, ХОК олимпиадалық ынтымақтастық комиссиясының директоры)	Мектептерде олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру нысандары сипатталды.
1988 (27-ші сессия)	Роберт Пауэл (АҚШ)	Жалпы білім беретін оқу орындарында олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру мүмкіндігін сипаттады.
1994 жылдан	Олимпиадалық білім беру мәселелеріне арналған арнайы сессиялар өткізіледі.	

Ал 1994 жылы Халықаралық олимпиада комитеті жанынан оқу орындарында олимпиадалық білім беру бойынша жұмысты жандандыру үшін «Ұлттық олимпиадалық комитеттер іс-әрекетте: олимпиадалық идеалдарды білім беру жүйесі арқылы тарату» жобасының ұйымдастыру комитеті құрылғанын атап өтеміз.

Жоғарыдағы кестеден «Олимпиадалық білім» («olympic education») тіркесі алғаш рет 1968 жылы Халықаралық олимпиада академиясының 8-ші сессиясында Систо Фаврдің (Италия) баяндамасында қолданылып, сол кезеңнен бастап түрлі баяндамаларда, сөз сөйлеулерде, ғылыми жарияланымдарда кеңінен қолданылып келгенін көруге болады [133].

Осылайша Халықаралық олимпиада академиясының қызметіндегі олимпиадалық білім қазіргі заманның қоғамдық құбылысы ретінде денсаулық, салауатты өмір салты және жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін өзектендіруге байланысты планетаның әртүрлі континенттерінде танымал бола бастады. Бүгінгі таңда олимпиадалық білім беру әлемдегі қуатты, өте танымал қоғамдық институт деп тануға болады.

Алайда олимпиадалық білім берудің осындай сипаттамасының маңыздылығына қарамастан, оны нақтылауда бірқатар сұрақтар туындайды: бұның педагогикалық іс-әрекеті қандай, Олимпиада ойындары, олимпизм, олимпиадалық қозғалыс туралы қандай білімді қалыптастыруға негізделген, оның идеялары мен құндылықтары қалай түсіндіріледі және т.б.

Сонымен қатар, әрине, «білім» сөзін тек үрдіс ретінде ғана емес, нәтиже деп те түсінуге болады. Алайда, бұл жағдайда біз олимпиадалық білім беруді мамандандырылған педагогикалық процес мағынасында, олимпиадалық Хартиямен ұсынылған «olympic education» ұғымының аудармасы ретінде қарастырамыз [134].

Олимпиадалық білім берудің мазмұны мен құрылымын анықтаған кезде бастапқы тұжырымдаманы – «олимпиадалық білім» ұғымын талдауы пайдалы болуы мүмкін. Осыған байланысты 8 кестеде мамандардың «олимпиадалық білім» ұғымына берген анықтамалары берілген.

Кесте 8 - Мамандардың «олимпиадалық білім» ұғымына берген анықтамалары

Мамандар	Анықтамалар
1	2
В.Н. Сергеев	«... Олимпиада Хартиясымен айқындалған және өзінің тарихи мәнінен туындайтын олимпизм, олимпиадалық қозғалыс және Олимпиада ойындарының негізгі қағидаттары мен идеяларын жүзеге асыруға ықпал ету, студент олимпиадалық білім мен құндылықтарды өз еркімен игерген кезде гуманистік ұйымдастырылған педагогикалық процесс арқылы жүзеге асыру»

8- кестенің жалғасы

1	2
Р. Науль	«...бірінші кезекте белгілі бір теория ретінде, екіншіден, олимпиадалық білім беру теориясы болып қана қоймай, сонымен бірге білім берудегі этикалық және гуманистік құндылықтардың дамуы кеңістігіндегі ауқымды теория»
F.Landry	«...спортшылар мен жастарға, жалпы халыққа спорт пен Олимпиада ойындарының алуан түрлі аспектілерін, олардың маңыздылығын, сонымен қатар жекелеген елдер мен мәдениеттермен, халықаралық қоғамдастықпен қатысты спорттық және әлеуметтік-мәдени әлеуетті тиімді кеңінен түсіндіру»
O. Szymiczek	«... халықаралық ұйымның тәжірибесіне сүйенсек Ұлттық олимпиада академиялары қызметінде ең алдымен спортшылар мен жаттықтырушылар, журналистер, ғалымдар үшін сессиялар немесе семинарлар арқылы жүзеге асады»
С. А. Иванов	«... олимпиадалық қозғалыстағы идеяларымен, мұраттарымен және құндылықтарымен таныстырудың, олимпиадалық дүниетанымды, олимпиадалық менталитетті және адамның олимпиадалық мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық үрдісі»

Бұл мәселелер бойынша әртүрлі мамандардың пікірлері жиі айтылады. Мұндай келіспеушіліктер әртүрлі мамандардың олимпиадалық білім беру сипаттамаларын салыстыру кезінде де анықталады.

«Олимпиадалық білім» ұғымы көптеген авторлардың еңбектерінде көрініс тапты. Бұл ұғымның түрлі мазмұнын және оны жастар арасында, соның ішінде дене тәрбиесі оқу орындарының студенттері үшін қолданудың нақты негіздері берілген жұмыстар көп. Олардың ішінде В.И.Столяров ұсынған түсіндірмеге сүйенгендігімізді айта кетейік, ол оны «олимпиадалық қозғалысқа қатысушыларды осы қозғалыстың идеалдары мен құндылықтарына қосатын, олардың бойында білім, қызығушылық, қажеттілік, біліктілік пен дағды, ең бастысы – осы идеалдар мен құндылықтарға сәйкес келетін мінез-құлық, стиль және өмір сүру салтын қалыптастыратын бағытқа мойын сұңған педагогикалық қызмет» ретінде қарап түсіндіреді [135].

Профессор В.И. Столяровтың ұстанымы біз үшін ұғымдық тұрғыдан да қызығушылық тудырады.

Олимпиадалық білім беру шеңберіндегі жеке блоктарға, аспектілерге сілтеме жасау үшін ол келесі ұғымдар қолданады:

«Олимпиадалық білім» ұғымы, ол тар мағынада, жоғарыда аталған білімді қалыптастыру мен жетілдіруге байланысты міндеттерді шешуге бағытталған олимпиадалық қозғалыс шеңберіндегі педагогикалық қызметтің аспектісін (блок, компонент) білдіру үшін қолданылады.

«Олимпиадалық оқыту» ұғымы - олимпиадалық қозғалыс шеңберіндегі педагогикалық қызметтің жоғарыда көрсетілген қабілеттерді, машықтар мен дағдыларды қалыптастырумен және жетілдірумен байланысты міндеттерді шешуге бағытталған аспектісін (блогын, компонентін) белгілеуге арналған.

«Олимпиадалық тәрбиелеу» ұғымы тар мағынада, жоғарыда көрсетілген мотивацияны қалыптастырумен байланысты міндеттерді шешуге бағытталған олимпиадалық қозғалыс шеңберіндегі педагогикалық қызметтің аспектісін (блок, компонент), сондай-ақ тиісті мінез-құлықты, өмір салтын (стилін) білдіру үшін қолданылады [136].

Біз осы тұрғыда В.И. Столяровтың (2009) зерттеуінде айтылған олимпиадалық білім беру аясында тек олимпиадалық білім деңгейін қалыптастыруды және көтеруді емес, олимпизм мұраттары мен құндылықтарына сәйкес келетін нақты мінез-құлықты, өмір салтын (стилін) қалыптастыру маңызды деген пікірімен келісеміз [137].

Осы тұрғыда айта кететін жайт, әдетте олимпиадалық қозғалысқа байланысты мәселелерді шешуге бағытталған педагогикалық іс-әрекетке сілтеме жасау үшін тек «олимпиадалық білім» немесе «олимпиадалық тәрбие» ұғымы қолданылады. Бірақ бұл ұғымдар қолданыста болғанымен ең бастысы, әдетте, белгілі бір білім жүйесін қалыптастыруға байланысты жоғарыда аталған бағыттардың біріншісі ғана ерекшеленеді және жүзеге асырылады. Қызметтің басқа екі бағытына аз көңіл бөлінеді.

Әрине, олимпиадалық білім беру, тәрбиелеу және оқытудың тығыз байланысын (теорияда да, практикалық қызметте де) ескеру қажет.

Жоғарыда айтылғандарды нақтылай отырып, қазіргі олимпиадалық білім берудің алдында тұрған міндеттердің екі тобы әлеуметтік педагогикалық аспекті мен ғылыми-танымдық аспектісінің бағыттары 4 суретте көрсетілген.

Г.М. Поликарпова [138] төмендегідей үш топты балалар мен оқушы жастардың олимпиадалық білімі мен тәрбиесінің негізгі өлшемдері ретінде ұсынды:


- олимпизм және олимпиадалық қозғалыс саласында білім беру жүйесін жүзеге асыру;

- олимпизм және олимпиадалық қозғалыс саласындағы қатынастар мен уәдемесі бағытын қалыптастыру;

- олимпиадалық білімді өзінің өмір стилінде де, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметінде де пайдалану біліктері мен дағдыларының жүйесін игеру.

М.М. Булатова мен В.Н. Платонов (2002) 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында кеңістікте алғаш рет олимпиадалық спорт мәселесінің гуманитарлық құрамдас бөлігіне ғылыми зерттеулер жүргізді [139].

Жоғарыда айтылғандарды нақтылай отырып, қазіргі олимпиадалық білім берудің алдында тұрған міндеттердің екі тобы әлеуметтік педагогикалық аспекті мен ғылыми-танымдық аспектісінің бағыттары 4 суретте көрсетілген.



Сурет 4 - Олимпиадалық білім берудің міндеттері

Қазіргі олимпиадалық қозғалыстың 110 жылдығына орай профессорлар В.Н. Платонов пен С.И.Гуськов әлемдегі алғашқы «Олимпиадалық спорт» оқулығын шығарады.

В.Н. Сергеев (2001) олимпиадалық білім беру барлық халықтардың, әсіресе жастар қауымының олимпиадалық білімді, олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарын белсенді игеруіне жағдай жасауға, жеке адамдардың мінез-құлқының тиімді мотивтеріне және адамдардың гуманистік өмір салтының қалыптарына айналдыруға бағытталған гуманистік тұрғыда ұйымдастырылған педагогикалық процесс деп танытты [140].

А.Г. Егоров пен М.А. Захаров (2006) «Қазіргі спорттағы Фэйр Плэй» оқу құралында бұл педагогикалық қызметті былай жеткізді: «Олимпиадалық білім - бұл балалар мен жастарды олимпиадалық қозғалыс, Олимпиада ойындары туралы біліммен, сонымен қатар Ежелгі Грециядан бізге келген және Пьер де Кубертеннің идеялары мен философиялық көзқарастарын заманауи түсіндіруді тапқан олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстыруға бағытталған күрделі педагогикалық қызмет жүйесі» [141].

R. Naul (2002) жалпы орта білім беретін мектептердің, спорт мектебінің, спорт клубының, Олимпиада ойындарының білім беру қызметін біріктіру арқылы олимпиадалық білімге ықпалдастырылған дидактикалық тәсілдерін ұсынды, оның ішінде мектептегі әртүрлі пәндер негізінде білім беру арқылы «тәжірибе», «қабілет» және «білім» ықпалдастығына бағынған үш дидактикалық тұжырымдаманы ұсынды [142]. Р. Наулдың пікірінше мектептегі олимпиадалық білім төрт кезенді қамтыды: қозғалыс дағдылар, әлеуметтік дағдылар, моральдық аспектілерді оқыту, сонымен бірге олимпиадалық білім алу.

9 кестеде R. Naul ұсынған және К. Георгиадис жетілдірген олимпиадалық білім матрицасы берілген.

Кесте 9 - R. Naul ұсынған және К.Георгиадис жетілдірген олимпиадалық білім матрицасы [143].

	Кезең	Кезеңнің бағыттылығы	Әрекет	Бағдарлануы	Позициясы	
Білім	Қозғалыс дағдылары	Бәсекелесуге деген ұмтылыс	Сөз сөйлеу, демонстрация	Әділ ойын	Агон	Өмірге деген көзқарас
	Әлеуметтік дағдылар	Рөлдік іздеу үлгілері	Өмірді зерттеу	Ынтымақтастыққа ықпал ету	Атлетизм	
	Моральдық аспектілер	Құндылықтарды қабылдау	Ережелерді сақтау	Достық (шетел адамына деген достық)	Бітім (экехерия)	
	Олимпиадалық білім	Идеалдар ұғымы	Білім алу үшін	Қағидаттар мен шындықты салыстыру	Олимпиада ойындары (жастар мерекесі, мәдениет өркениеті)	

Л.И. Лубышева (1997) олимпиадалық білім берудің үш негізгі бағытын ұсынды: танымдық, мотивациялық, практикалық. Бірінші бағытта Олимпиада ойындары, олимпиадалық қозғалыс тарихы, спорттың гуманистік құндылықтары туралы білім қалыптастырады. Екінші бағытта спорттық іс-әрекетке деген қажеттілікті қалыптастыру мен спорттық нәтижеге қол жеткізуге ұмтылысты жүзеге асырады [144]. Спортпен шұғылдануға деген құндылық бағдары мен қызығушылығын арттырады. Үшінші бағытта балалар мен жастарды спорттық іс-шаралар мен жарыстарға белсенді қатыстыру арқылы олимпизм қағидаттары мен құндылықтарын практикалық дамытуға үлес қосады.

Жоғарыда көрсетілген «олимпизм» мен «олимпиадалық білім» ұғымдардан спорттың, жарыстардың және жаттығулардың гуманистік құндылықтарына негізделгенін көруге болады. Бұл ұғымдардың негізгі мақсаты адамның қадір-қасиетін сақтауға қамқорлық жасайтын бейбіт қоғамның дамуына ықпал ету үшін спортты жеке тұлғаны дамытудың негізгі құралы ету. Олимпиадалық білім беру идеясы дене шынықтыру мен спорт мамандарын дайындауда мамандардың педагогикалық және моральдық құндылықтарының дамуын ынталандыруға ниеттендіреді, денсаулығын нығайту құралы ретінде оларды адал және күшті адамдар ретінде жетілдіретініне көз жеткіздік.

Олимпиадалық білім беруде «олимпизм» және «олимпиадалық білім» ұғымдарының танымдық құрамдас бөлігін толтыру және рухани-адамгершілік даму үшін дидактикалық жағдайлар жасау тұрғысынан әр жылдары көптеген шетелдік ғылыми мектептердің өкілдерінің әртүрлі түсіндірулеріне ұшырағанын көруге болады.

3.2 Олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Осы ғасырдың басында олимпиадалық білім бүкіләлемдік сипатқа ие болды және халықаралық олимпиадалық қозғалыста нақты орнын тапты, біртіндеп ерекше білім беру саласының іргетасы қаланды.

Қазіргі олимпиадалық ойындар ертедегі Грекиядағы Олимпиада ойындарының негізінде жасалып, өзінің мәдени өркениетін әлі күнге дейін сақтап келеді. Бұл спорт тойын әлемдегі миллиардтаған халық жастары тамашалайды. Осынау көне заманнан тарихи мұра болып тәуелсіз елімізге жеткен Олимпиада ойындарының тарихына терең үңіле отырып, олимпизм рухымен жастарды спортқа тәрбиелеу елдің де, мемлекеттің де намысын қайрайтын, танитын, мерейін тасытатын сын деп білу қажет. Әсіресе, қазақстандық жастар үшін төрт жылда бір айналып келетін Олимпиада ойындарының жөні бір бөлек [145, б. 17].

Осыны ескере келе, олимпиадалық білім беру миссиясының жастар ортасында халықаралық олимпиадалық қозғалыстың мақсаттары мен міндеттері туралы түсінік қалыптастыруда маңызы зор екендігін анықтадық, қоғамдағы олимпиадалық мұраттардың басты мақсаты планетамызда әділ әлем құру құралы ретінде насихаттауға бағытталған жоспарлы мәдени-педагогикалық қызмет екенін байқадық.

Олимпиадалық білім берудің бұл мәселелеріне Халықаралық олимпиада академиясының сессияларында көп көңіл бөлінген. Оған көптеген дәрістер дәлел бола алады.

Пікірталас жағдайындағы ұсынылған балалар мен жастардың олимпиадалық білімі бойынша жұмысты ұйымдастырудың құралдары мен әдістерін екі негізгі топқа бөлуге болады: теориялық және практикалық бағытта.

Бірінші топтың түрлі формалары ағартушылық жұмыстың мақсатын баяндау, түсіндіру және олимпиада қозғалысы олимпизмді насихаттау қамтиды.

Т. Karatassakis (1980) мұндай сияқты формалар мен әдістердің қатарына ең алдымен дәрістер, әңгімелер, сонымен қатар олимпиада тақырыбындағы әдебиеттерді шығаруды жатқызды. Сонымен, Грецияның дене тәрбиесінің бас инспекторы Т. Karatassakis 1979 жылы мұғалімдерге арналған ХОА халықаралық сессиясындағы дәрісінде ежелгі және қазіргі заманғы спортшылар мен Олимпиада ойындарының жеңімпаздары арасындағы ерліктер мен ерекше ұмытылмас оқиғаларға арналған прозалық мәтіндер мен поэтикалық шығармалардан алынған эсселерді аталған мақсаттар үшін ең қолайлы деп санады [146].

L. Franz (1988) өз дәрістерінде тыңдаушыларды олимпиадалық қозғалыстың дамуы туралы маңызды ақпаратты қамтитын және жастардың олимпизм идеалдары мен құндылықтары туралы дұрыс көзқарастарын қалыптастыруға ықпал ететін оқу орындарына арналған арнайы «Олимпиадалық» брошюраларды әзірлеуге шақырды [147].

V. Heinz (1988) өз дәрісінде олимпизмнің философиялық және адамгершілік қағидаттарын түсіндіру және насихаттау бойынша жұмыстарының негізгі бағыттарын сипаттай отырып, Кубертен тұжырымдаған және олимпиадалық Хартияда тіркелген, тыңдаушылардың назарын осы жұмысты мектептерде олимпиада тақырыбына арналған арнайы стендтер мен көрмелер ұйымдастыру, оқушылардың ғана емес, сондай-ақ танымал жаттықтырушылар мен спортшылардың қатысуымен олимпиада мәселелерін талқылау үшін «дөңгелек үстелдер», студенттермен олимпиада тақырыбына дәрістер, әңгімелер, семинарлар өткізу және т.б. сияқты әдістеріне ерекше көңіл аударды [148].

Көптеген дәріскерлер мен баяндамашылар балалар мен жастарға олимпиадалық білім беру бойынша жұмыста тек әдебиетті ғана емес, слайдтарды, киноны, бейнематериалдарды және т.б. барынша кеңінен пайдалану қажеттігіне назар аударады.

Канадалық J. Powell (1980) мынадай ұсыныстар жасады: антикалық және қазіргі заманғы олимпиада ойындарына байланысты оқушыларға арналған әр түрлі оқу әдебиеттерін шығаруды, олимпиадалық тақырыптағы фильмдер, слайдтар, музыкалық жазбалар және т.б. жасауды, Ұлттық олимпиада комитеті арқылы және Халықаралық олимпиада сессияларында баяндамаларда, дәрістерде кеңінен таратуды, жоғары дәрежелі спортшылардың, сонымен қатар олимпизм мәселелері бойынша ғалымдар мен жаттықтырушылардың тұрақты дәрістерін ұйымдастыруды жөн деп санады [149].

V. Lozoуа 1994 жылы Мексикада 34-ші сессиясында тыңдаушыларды балаларға олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың «видео-конференция» сияқты жаңа формаларымен таныстырды [150].

Қазіргі уақытта көптеген елдерде оқу процесінде олимпизм идеяларын түсіндіру және насихаттау жұмыстарын жүргізу үшін түрлі әдістемелік материалдар, соның ішінде кино және бейнефильмдер дайындалуда.

N. Muller дәрістерде олимпиадалық білім беру шеңберіндегі оқу сабақтарында талқыланатын мәселелерге қатысты әртүрлі көзқарастарды талдау және талқылау қажеттілігін атап өтеді [151].

Балалар мен жастардың олимпиадалық білімі бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың ұсынылған нысандары мен әдістерінің екінші тобы, жоғарыда айтылғандай, әртүрлі спорттық жарыстарды ұйымдастырумен байланысты «практикалық» акцияларды қамтиды. Көбінесе бұл «Кіші Олимпиада» деп аталатын ойындарды - мектеп оқушыларының өздері жасаған олимпиадалық символизмді қолдана отырып және олимпиадалық рәсімдерді сақтай отырып олимпиадалық отты жағу, олимпиадалық ант беру сияқты мектептегі спорттық жарыстарды ұйымдастыруды жатқызады.

Олимпизмнің осы мұраттары мен құндылықтарын түсіндіру жөніндегі белсенді жұмыс олимпиадалық білім беру жүйесінде маңызды орын алуы тиіс, деп атап өтіп, V. Stolyarov олимпиадалық білім берудің басты міндеті олимпиадалық қозғалысқа қатысушылар олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарын біліп қана қоймай, олардың нақты мінез-құлқында оларға назар аударуға, күш-жігерін оларды жүзеге асыруға бағыттауда деп көрсетеді. Оларды осыған итермелейтін нақты ынталандырулар жасау керектігін айтады [152, б. 84].

V. Stolyarov тыңдаушыларға жастарды олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарына баулу үшін «Спарта» олимпиадалық жобасы олимпиадалық жарыстарды ұйымдастыру мен өткізудің жаңа, гуманистік бағытталған моделін қолданумен қатар, басқа да бірқатар акцияларды қарастыратынын айтты:

- спорт пен өнер арасындағы байланысты нығайту, дәстүрлерді ғана емес, оларды біріктірудің жаңа формаларын қолдану;

- «Фэйр плэй» қағидаттары мен үйлесімді дамыған спортшы-олимпиадашының Кубертен идеалына бағдарланатын олимпиадалық қозғалысқа қатысушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыру үшін «Спарта» олимпиадалық клубтарын құру;

- олимпиадалық қозғалысқа қатысушылар үшін нақты бағдар бола алатын және олардың арасында осы ұстанымды насихаттайтын мінез - құлықтың нақты рухани-адамгершілік кодексі түрінде осы қағидаттар мен идеалдарды баяндау;

- олимпиадалық қозғалысқа қатысушыларға олимпизм саласындағы өздерінің білім деңгейін арттыруға, тәрбиелеумен, өзін-өзі жетілдірумен айналысуға, үйлесімді дамуға мүмкіндік беретін арнайы білім беру курсын ұйымдастыру;

- олимпиадалық қозғалыс аясында рыцарлық мінез-құлықты және оның қатысушыларының үйлесімді дамуын ынталандыратын арнайы марапаттар жүйесін енгізу және т.б. [152, 87 б.].

Соңғы жылдары көптеген елдерде халықтың әртүрлі топтары үшін олимпиадалық білім берудің әртүрлі бағдарламалары жасалып, жүзеге асырылуда.

Олимпиадалық білімге деген осындай назардың негізі екі алғышарттан тұрды.

Біріншіден, олимпиадалық спорттың маңызды факторы олимпиадалық білімнің жоғары деңгейі болды.

Екіншіден, көптеген педагогикалық және әлеуметтік зерттеулерге сәйкес, спортшылар мен қазіргі заманғы спорттың басқа да субъектілері олимпиадалық

қозғалыстың тарихы, мақсаттары, міндеттері мен құндылықтары туралы терең білімге ие емес, бұл олардың спортта осы құндылықтарға бағдарлануына жол бермейді.

В.И. Столяров (2008) олимпиадалық білім беруді ұйымдастыруда басты назарды оқушылар мен студенттерге аударды. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін осы педагогикалық іс-әрекеттің бағдарламаларын әзірледі [153]. Жоғары дәрежелі спортшылардың олимпиадалық білімінің маңызы атап өткенін көруге болады.

М.В.Коренева (2011) соңғы жылдары олимпиадалық ойындар мен басқа да халықаралық спорттық жарыстарға қызмет көрсету үшін жастардың волонтерлік қызметінің кеңінен дамуына байланысты жастардың бұл тобы олимпиадалық білім беру жүйесіне кіретінін жолға қойды [154].

Қазақстанда олимпиадалық білім беруді ұйымдастырушыларға көмек көрсету үшін әртүрлі оқу құралдары мен олимпиада ойындары мен олимпиада қозғалысы тарихына арналған кітаптар жарияланды [155-159].

R. Naul (2017) әріптестерімен ресейлік және шетелдік мамандар әзірлеген олимпиадалық білім беру бағдарламалары, нысандары мен әдістерін екі топқа бөліп көрсетті:

- олимпиадалық білім берудегі жеке бағдарламалары, нысандары, әдістері, педагогикалық технологиялары;

- осы педагогикалық қызметтегі кешенді бағдарламалары.

Олимпиадалық білім беруде әңгімелер, дәрістер, кітаптарды, кино және бейнефильмдерді талқылау, сондай-ақ олимпиадалық тақырыптағы әдебиеттерді басып шығару сияқты ақпараттық– түсіндіру жұмыстарының әдістерін кеңірек әрі жиі қолдану [160].

Ч.Мяо (2017) және басқалары Қытай Халық Республикасы қазіргі кезеңде халықаралық олимпиадалық қозғалыс көшбасшыларының бірі болып табылатынын, мұны соңғы жылдардағы олимпиада ойындарының нәтижелері айқын көрсеткенін атап өтті [161]. Жүргізілген нәтижелер келесідей:

Қытай Халық Республикасында олимпизмнің жоғары дамуы олимпиадалық қозғалысты дамытудың негізгі ерекшеліктеріне арналған осы зерттеуді жүргізуді жандандырады, ал зерттеу нәтижелері дене шынықтыру және спорттық білім беру саласында практикалық қолдану үшін өзекті: теориялық материалдарды енгізу тарихи және спорттық пәндердің ақпараттық базасын кеңейтеді және пәндердің оқу-әдістемелік кешендеріне қосымша ретінде ұсынылуы мүмкін:

- «Дене шынықтыру тарихы»,

- «Олимпиадалық білім»,

- «Халықаралық спорттық олимпиадалық қозғалыс» және спорттық және олимпиадалық тақырыптарды таңдау бойынша басқа да пәндер мен курстар.

Қазіргі таңда біздің түйіндеуіміз бойынша, Қазақстанның білім беру мекемелерінің барлық деңгейінде олимпизмнің этикалық, мәдени және тәрбиелік құндылықтарын таратуды қарастыратын олимпиадалық білім беруге болжамды тәсілдер негізінде олимпиадалық білім беру бағдарламаларын дайындау қажеттігі туындап отыр. Оның негізіне халықтың бес негізгі жас

құрылымы және спортқа қатынасы бойынша бөлінетін әлеуметтік-демографиялық тобы алынды: мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалар, орта білім мекемелері оқушылары, спорт мектептері, секциялар, үйірмелер спортшылары, жоғары оқу орындары студенттері, ересек адамдар топтары. Олимпиада рәміздері олимпиаданың идеялары олимпиадалық қозғалыс және олимпиадалық білім беру мақсаттарының жиынтығы ретінде және оларды қоғамға енгізу қажеттігін анықтайды. Сонымен қатар олимпиада рәміздері олимпиада спортының дамуына, студент жастардың тәрбиесіндегі адамгершілік және эстетикалық бағыттарды пайдалана отырып, олимпиада идеяларын насихаттауға жәрдемдеседі [162].

О.В.Горбатов (2007) зерттеуінде соңғы жылдары олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың перспективалы нысаны ақпараттық-техникалық құралдарды, технологияларды қолдану және осы қашықтықтан олимпиадалық оқыту негізінде ұйымдастыру, олимпиада тақырыбына бейнеконференциялар өткізу болып саналады [163].

К. Вакер (2013) бойынша олимпиадалық білімді таратуда олимпиадалық мұражайлардың мәдениет пен білім берудегі рөлі зор екенін көрсетті. Қатар Олимпиадасы мен спорт мұражайының әлемдік мұражайлар желісіндегі орнын көрсете отырып, тұрақты көрме тұжырымдамасында экспонаттар, бейнелер мен аудиовизуалды материалдар мен әр түрлі мысалдар негізінде адамның жетілу идеяларын, этикалық қағидаларды, бейбітшілік идеясын және олимпиадалық білім берудің басқа да қағидаларын ұсынды [164]. Нәтижесінде бұлардың барлығы олимпиадалық білім беруде маңызды рөл атқаратын олимпиадалық спорттың Ұлы кейіпкерлерінің өмірбаянымен танысу мүмкіндігімен бірге спорт және олимпиада мұражайларын олимпиадалық рухты сезінетін ерекше орынға айналдыратындығына көз жеткізуге болады.

Г.М. Поликарпова (2011) олимпиадалық білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз етуге үлкен мән берді. Олимпиадалық білімді жүзеге асыруда мектепке дейінгі, бастауыш жалпы, негізгі жалпы және орта жалпы білім берудің білім беру бағдарламаларында сабақтастық болуы тиіс, яғни әрбір кейінгі бағдарлама алдыңғыға негізделуі тиістігін көрсетіп, үздіксіз олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру нұсқасын төмендегідей ұсынды [165]:

Бастауыш сыныптарына арналған – «Олимпиадалық білім негіздері» факультативтік курсы, «Олимпиадалық әлемге саяхат» сынып сағаты, әңгімелер, ертегілер, бейнефильмдер, слайдтар мен фильмдер, сурет конкурстары, викториналар, жұмбақтар, олимпиадалық дәстүрлерге негізделген рөлдік және сюжеттік спорттық ойындар, спектакльдер, театрлық қойылымдар, мерекелер және т.б.;

Орта сыныптарына арналған – «Олимпиадалық білім» факультативі (5-сынып), «Олимпиадалық білім негіздері» пәні (7-8-сынып), стендтерді безендіру (5-6-сыныптар), «Олимпиадалық білім сабақтарының жүйесі» бағдарламалары бойынша сынып сағаттары;

Жоғарғы сыныптаға арналған – «Олимпизм тарихы мен теориясы» арнайы курсы, «Қазіргі әлемдегі адам» бағдарламасы бойынша сынып сағаттары;

С.В.Никольская (2009) бойынша олимпиадалық спорттық іс-шаралардың маңызды элементі «Олимпиадалық күндер», «Олимпиадалық апталар» және «Кіші олимпиадалар» сияқты іс-шаралар болып табылады. Көбінесе олар олимпиада ойындарына байланысты өткізіліп, бұл күндері оқушылар дәрістер тыңдайды, спорт пен олимпиадалық қозғалысқа қатысты пікір алмасады, олимпиадалық жарыстарға қатысуға ат салысады деп түсіндіреді [166].

Д.В. Рудая (2020) бастауыш мектептің бірінші сыныптарының білім беру процесіне олимпиадалық білім беру моделін әзірлеп және енгізуге ұсыныстар жасады. Модельдің негізін бастауыш мектептің бірінші сынып оқушыларына арналған олимпиадалық білім берудің кірістіретін факультативті курсы құрады [167]. Автор ұсынған элективті курстың интегративті бағыты мектеп оқушылары арасында әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыру үрдісімен анықтауға болады.

А.В. Садков (2020) жастарды олимпиадалық білімге тартудың әдістері мен құралдарын анықтады. Жастардың олимпиадалық білімге деген қызығушылығын қалыптастыруға және жастарды дене шынықтыруға тартудың жаңартылған әдістері мен құралдарын сынақтан өткізуге ықпал ететін анықталған қызығушылықтарын зерттеді. Санкт-Петербург қаласында № 56 жалпы орта білім беру мектебі базасында 9-11 сынып оқушыларына эксперимент жүргізді [168].

Р.А. Гулина (2021) және басқалары қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектепте олимпиадалық білім беруді ұйымдастырушылық-мазмұндық қамтамасыз ету мәселесін қарастырды. Авторлар оқушылардың дене тәрбиесі бағдарламасын толықтыратын және оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің әртүрлі формаларын біріктіретін мектеп оқушыларына олимпиадалық білім беру моделін ұсынады [169].

И.И. Гуслистова (2020) олимпиадалық резервтегі жалпы білім беретін мектеп-колледждер студенттерінің олимпиадалық білім мазмұнына құндылық көзқарасын қалыптастыру мәселесін қозғады. Құндылық қатынас тұлғаның кәсіби құзіреттілігін, адамгершілік, әлеуметтік қасиеттерін, дүниетанымын қалыптастырудың маңызды категориясы болып табылады деп есептеді. Автор олимпиадалық білім мазмұнын меңгеру үшін әзірлеген педагогикалық әдістемесін ұсынды [170].

Н.М. Мартыненконың (2016) еңбегіне жүгінсек, «Қолданбалы олимпиадалық білім беру» элективті курсының құзыреттілігін игерудің тиімділігін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды ұсынған [171]:

- олимпиадалық білім беруді дайындықтың әртүрлі бағыттарында оқитын студенттердің субъективті мүдделерімен ұштастыра алатындай болуы;

- болашақ кәсіби қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, олимпиадалық білімді кәсіби дайындық жүйесіне кірістіру;

- оқу процесінде жетекші ретінде олимпиадалық құндылықтар - достық, жетілдіру, сыйластық негізінде ұйымдастыра білуі;

- студенттердің тәжірибеде білімді талап ететін ұжымдық іс-әрекетке тартылатын жағдайларды үлгілей алуы;

- студенттердің олимпиадалық қозғалыстың қағидаттары мен құндылықтарын түсінуі, күнделікті өмірде қолдана білу қабілеті;

- оқу және өзіндік жұмыстың білім беру мазмұнын игеру процесінде олимпиадалық білім берудің танымдық компоненттерін игеруі.

М.Д. Лагутина (2019) еңбегінде олимпиадалық білім берудің бірден бір көрінісі ретінде Халықаралық Олимпиада күнінің тарихына зерттеу жасады. Олимпиада күнінің мазмұны мен ұйымдастырылуын талдады, Халықаралық Олимпиада күнінің мақсаттары мен Ресейде және шетелде атап өту ерекшеліктерін қарастырды. Олимпиада күнін олимпиадалық білім беру жүйесінің бөлігі ретінде қарастыра отырып, авторлар Бүкілресейлік Олимпиада күнін оның үш негізгі идеясын жүзеге асыру қажеттілігіне баса назарларын аударды. Олимпиадалық білім беру жүйесіндегі олимпиадалық күнінің ерекшеліктеріне талдаулар жасады [172].

Шағын олимпиадалық ойындар, олимпиадалық күндер және т.б. олимпиадалық акциялар олимпиадалық білім берудің көптеген шетелдік бағдарламаларының, оның ішінде «Фэйр Плэй» қағидаттарын насихаттауға байланысты элементі болғанын жоғарыда көрсетілген талдаулардан байқауға болады.

Олимпиадалық спорттық іс-шаралар жастардың олимпиадалық мәдениетін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Олар балалар мен жастарды спорттық іс-шараларға жұмылдырады, олардың спортқа және олимпиада ойындарына деген қызығушылығын, жетістікке жетуге деген ынтасын қалыптастырып, дене дайындығы мен спорт шеберлігі деңгейін арттырып қана қоймай олимпиадалық атрибуттармен таныстырады.

Г.Н. Германов (2019) дене шынықтыру және спорт мамандықтарына арналған олимпиадалық білім, оның мақсаты олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен танысу, балалар мен жастарға білім беру, тәрбиелеу және оқыту жүйесінде маңызды орын алатын оқу құралын ұсынды [173].

О.Г.Касьяненко (2008) олимпиадалық білім беру ұғымын педагогикалық іс-әрекет ретінде қарастырылды және ол жүзеге асырылатын екі негізгі бағытын ұсынды [174]:

1. Олимпиадалық білім беруді педагогикалық қызмет ретінде қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт саласында, атап айтқанда дене шынықтыру және спорт оқу орындарында және университеттердің мамандандырылған факультеттерінде белсенді жүзеге асыру;

2. Олимпиадалық білім беруде жоғары оқу орнының білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды қолданудың әртүрлі бағыттары білім беру процесін белсендендіреді, тез арада кері байланыс алуға, оқу ақпаратын көрсетуге, ақпараттық-іздістіру қызметінің процестерін дағдылауға, оқу материалын игеру нәтижелерін бақылауға және т.б. мүмкіндік беретінін жеткізді. Осылайша, олимпиадалық білім берудегі педагогикалық қызметті

ұйымдастырудың жаңа формаларын, атап айтқанда жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды қолданудың әртүрлі бағыттарын ұсынды.

М.В. Шакирова (2021) зерттеуінде дене шынықтыру жоғары оқу орны студенттерінің азаматтылығын қалыптастырудың педагогикаға бағытталған шарттарды сақтай отырып, әртүрлі эксперименттік алаңдарда олимпиадалық білім беру процесін жүзеге асыру нәтижелері көрсеткен [175]. Нәтижесінде олимпиадалық білім беру процесі мен дене шынықтыру жоғары оқу орны студенттерінің азаматтылығын қалыптастыру процесінің нәтижелері арасындағы тығыз байланысты көрдік.

Г.Р. Мустафина (2013) өзіндік зерттеуінде олимпиадалық білім берудің келесідей функцияларын ұсынды [176]:

- когнитивтік (олимпиадалық ойындар мен олимпиадалық қозғалыстың пайда болуы, тарихи дамуы туралы, олимпизмнің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары туралы білімді қалыптастыруы);

- когерентті (балалардың бойында олимпиаданың қозғалысы мен олимпизмнің жалпыадамзаттық мұраттары, құндылықтары туралы, оларда әділ, адал мінез-құлық қағидаттарына сүйену, сондай-ақ дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тұрақты уәждемені қалыптастыру);

- конативтік (дене шынықтыру мен спортпен айналысу, спорт пен спорттық жарыстарды ұйымдастыру мен үйлестірулер, сондай-ақ спортты мәдениет пен біліммен біріктіретін бастамаларды жүзеге асыру, спортта әділ ойын және зорлық-зомбылықтарға тыйым салуды насихаттау).

А.Ю Овчинников (2015) зерттеуінде дене шынықтыру саласындағы жоғары оқу орындарының студенттеріне олимпиадалық білім беруде мультимедиялық технологияларды қолдану мәселелерін жан-жақты қарастырған. Мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, дене шынықтыру бакалаврларын кәсіптік дайындауда олимпиадалық білім берудің дамыған моделін әзірлеген [177]. Автор әзірлеген мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, дене шынықтыру бакалаврларын кәсіптік дайындаудың олимпиадалық білім беру моделін кез-келген профильдегі жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінің оқу процесінде қолдануға болатынына көз жеткізді.

Қазақстанда балаларға, жасөспірімдерге, жастарға арналған дене тәрбиесінің білім бағдарламаларында олимпиадалық білім беру бөлімдерін жүзеге асыру қажет, онда Олимпиада ойындардың тарихы мен дәстүрі, күресті адал жүргізу ережелері, атақты спортшылар мен олардың жетістіктері айтылуы алдыңғы орында болуы тиіс. Олардың ішінде өскелең ұрпаққа үлгі болатын қазақстандық олимпиадашылармен кездесулерді жиі өткізіп тұрған жөн. Ол балалар мен жастардың толыққанды, үйлесімді дамыған тұлға түріндегі гуманистік идеалға, «Fair play» олимпиадалық қағидаттарына, олимпизмнің өзге де идеалдары мен құндылықтарына қызығушылығының артуына, сондай-ақ, қазіргі спорт пен жалпы әлемдегі осы идеалдардың мәні мен маңызын түсінуіне зор ықпалын тигізеді [178].

Алайда, жас ұрпақты олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстырудың дәстүрлі моделін бірегей қолдану жастарда олимпизмнің рухани-адамгершілік және эстетикалық құндылықтарын қалыптастыруда айтарлықтай қиындықтар туындайды деуге болады. Сондықтан балалармен және жастармен жұмыс жасауда олимпиадалық білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне барынша сәйкес келетін және рухани-адамгершілік және эстетикалық құндылықтарға бағдарланған олимпизм, олимпиадалық қозғалыс идеяларын түсіндіру және насихаттау бойынша жұмысты ұйымдастырудың және жүргізудің жаңа нысандары мен әдістерін іздеуге және іс жүзінде қолдануға итермелейді.

Д.В. Мамазиятов (2010) олимпиадалық қозғалыс шеңберіндегі педагогикалық жұмыстың нақты тәжірибесінде көбінесе ұрандар мен үндеулердің көмегімен жас ұрпақты олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстыру мәселесін шешуге болатындығына негізсіз үміт болып табылатындығын ескерте отырып, балалар мен жастарға олимпиадалық білім беру жүйесі әртүрлі жұмыс формалары мен әдістерінің кең ауқымын ұсынды [179]. Оның нәтижесін 10 кестеден көруге болады.

Кесте 10 - Оқушы жастарға олимпиадалық білім беру жүйесіндегі жұмыс түрлері мен әдістері

Әдістері	Формалары
1	2
<p>Мектептерде, жоғары оқу орындарында және басқа да оқу орындарында дене шынықтыру және спорт саласымен тікелей байланысты оқу сабақтарында, сондай-ақ басқа да оқу пәндері, әсіресе гуманитарлық пәндер шеңберінде олимпизм, олимпиадалық қозғалыс идеяларын түсіндіру және насихаттау бойынша жұмыстар өткізу</p>	<p>Дәрістер, семинарлар, пікірталастар, конференциялар, презентациялар, дөңгелек үстелдер және т.б. өткізу; Олимпиада тақырыбы бойынша викториналар өткізу, спортқа, олимпиадалық ойындарына және т.б. арналған қызықты кітаптарды немесе фильмдерді талқылау; Оқу озаттары арасында «Ең спорт үздігі» атағына жарыстар ұйымдастыру және т.б.; Оқуды, спортты және қоғамдық белсенділікті табысты үйлестіретін білім алушылар үшін құрмет тақталарын ұйымдастыру және т.б.; Суреттер, фотосуреттер және т.б. зияткерлік конкурстарын өткізу; Спорттық және олимпиадалық тақырыптағы театрланған қойылымдары және т.б.;</p>

10 - кестенің жалғасы

1	2
<p>Арнайы сабақтарды енгізу қажеттілігі, мысалы, «олимпиадалық сабақтар», «олимпиадалық білім сабақтары», «олимпиадалық сағаттар», «олимпиадалық кештер» және т.б.</p>	<p>«Олимпиадалық көңілді тапқыштар клубы», «Олимпиада күні» және т.б.; Стендтерді, фотокөрмелерді және тіпті «Олимпиада залдарын» безендіру және т. б.; Олимпиадалық рәміздерді дайындауы және т.б.; Олимпиада тақырыбындағы фильмдер мен слайдтарды, бейнероликтерді көрсету; Олимпиада мұражайларын жабдықтау; Олимпиадалық қозғалыс мәселелеріне қызығушылық танытатын басқа елдердің оқушыларымен, студенттерімен, спортшыларымен хат алмасуды ұйымдастыру және т.б.;</p>
<p>Олимпизм идеяларын түсіндіру және насихаттау бойынша жұмыс жүргізу үшін кино және бейнематериалдарды тарату</p>	<p>Белгілі спортшылармен, Олимпиада ойындарының қатысушыларымен және құрама командалардың жаттықтырушыларымен кездесулер өткізу; Спорт ардагерлеріне, бұрынғы олимпиадашыларға және т.б. қамқорлыққа алуды ұйымдастыру.</p>

Бүгінгі таңда олимпиадалық білім беру барған сайын белсенді ғылыми зерттеулердің тақырыбына айналуға, өйткені оның бүкіл қоғамды ізгілендіру жолындағы олимпиадалық қозғалысты дамыту қажеттілігі халықаралық деңгейде мойындалады, бұл жалпы адамзаттық моральдық және рухани құндылықтарды уағыздайтын жаңа дәстүрлі емес білім беру көздерін іздеу қажеттілігін анықтайды. Сондықтан олимпиадалық білім берудің негізгі міндеті - Олимпиада ойындарының тарихын зерттеу ғана емес, сонымен бірге спортты адамзаттың үйлесімді дамуына қызмет ету, адамның қадір-қасиетін сақтауға қамқорлық жасайтын бейбіт қоғам құруға ықпал ету, сонымен қатар этникалық толеранттылықты қалыптастыру аспектісі.

Бөлімге сәйкес олимпиадалық білім беру жүйесі халықтың барлық әлеуметтік-демографиялық топтарын қамтуға бағытталған. Бірақ басты назар, әрине, көп жағдайда оқушыларға аударылған. Олимпиадалық білім берудің мақсаттары мен негізгі бағыттарын анықтауға үлкен мән берілген.

Осыған байланысты қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім берудің біртұтас көп деңгейлі жүйесін ұйымдастыру негізді деп айтуға болады. Ал олимпиадалық білім беру құралдарын пайдалану өскелең ұрпақты шынайы олимпиадалық құндылықтар – құрмет, достық, кемелділікке ұмтылу рухында оқыту мен тәрбиелеудің нақты мүмкіндіктері дене шынықтыру мұғалімдеріне тікелей қатысы бар.

3.3 Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі

Дене шынықтыру және спорт бойынша болашақ мамандарды дайындаудың қазіргі заманғы жүйесінің мәселелерінің бірі теорияда және қазіргі оқыту практикасында қалыптасқан тұлғалық бағдар арасындағы қарама-қайшылыққа байланысты, мұнда студенттердің жеке аспектілері нашар көрсетілген, жобалау қажеттілігі жалпы адамзаттық құндылықтармен біртұтас аймақтағы мәдени-тарихи дәстүрлерді ескере отырып, жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламалары, олимпиадалық білім беру жүйесін жеке тұлғаға бағдарланған тәсілден құрылымдық қайта құру. Мұны олимпиадалық білім берудің әртүрлі философиялық-моралдық, әлеуметтік және педагогикалық аспектілерін талдауға арналған көптеген ғылыми зерттеулер дәлелдейді.

Жүйелік тұғыр мақсат қоюға бағытталған элементтерді қамтиды, олардың ішіне мақсаты, кезеңдер мен кезеңдердің жалпы міндеттері кіреді, олимпиадалық білім берудің әдіснамалық реттеулері, кезеңдердің вариативті компоненттерінің мазмұны, процесті басқарудың бағыттары мен мазмұны, әдіснамалық реттеулер жүйесі ретінде құзыреттілік тәсілге негізделген білім беру ортасын құру арқылы жүзеге асырылатын ресурстық әлеует пен оның дамуының өлшемдері мен диагностикасы жатады.

Моделдің мазмұндық-процессуалды мазмұны - бұл Қазақстанның жоғары дене шынықтыру және спорт мамандарын кәсіби дайындаудағы олимпиадалық білім берудің практикалық саласындағы теориялық ережелердің жиынтығы болып табылады. Бұл қасиет оның ұйымдастырушылық, педагогикалық сонымен қатар кәсіби аспектілерінде кешенді модельдеуді жүзеге асыратын болады.

Моделдің мазмұндық-процессуалды мазмұны кезеңінде ұйымдастырушылық және технологиялық зерттелетін танымдық компонентін іске асыру және олимпизм идеяларының негізінде білім беру процесінің мәнін түсінуге бағытталады. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты болып олимпиадалық білім беруге бағдарланған оқыту-тәрбиелеу тетігін іске асыру, олимпизм идеялары негізінде білім беру қызметіне дайындықтың кәсіби компонентін қалыптастырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу болып табылады.

Біздің зерттеуімізде Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделін құру педагогикалық зерттеулерді жүзеге асырудың маңызды кезеңдерінің бірі болып саналады. Осыған сәйкес 3 блоктан тұратын модель жасауға талпындық:

- әдіснамалық блогы;
- мазмұндық-процестік блогы;
- нәтижелік блогы.

Модельдің әдіснамалық блогына олимпиадалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздерін, оның ішінде жұмыс істеуіне негіз болатын қағидаттар мен тәсілдерді және олимпиадалық білім берудегі аксиологиялық компоненттерді қарастырдық. Қағидаттарға мыналарды жатқызамыз:

мәселелік, сабақтастығы, теория мен практикалық іс - әрекеттің байланысы, бірлестік, өзара бірін-бірі толықтырулары, тәсілдерге-тұлғаға бағдарлануы, белсенді әрекеттестік бірлігі, мәдениеттанушылық.


Модельдің аксиологиялық компоненті - бұл әдіснамалық блоктағы микрожүйені және өз кезегінде бірлестікте үш компоненттен тұратын микрожүйелерді қамтамасыз етеді, оның ішінде философиялық-моральдық, тарихи-мәдени, әлеуметтік – педагогикалық блоктар жүйесі болып табылады. Модельде құрылған философиялық-моральдық компонент дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің бойында олимпизмдегі теңдікті, толеранттылықты, өзара спортшылар мен төрешілерді құрметтеуге, рухани және дене жетілуіне деген көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған, олардың жалпы мәдениетінің жоғары деңгейін, адамгершілігінің басымдығын, адал жеңіске деген ұмтылыстарын білдіреді және өмірлік, құндылықтарын бағалауға септігін тигізеді.

Олимпиадалық білім берудің аксиологиялық компонентін таңдауымыздың бірден-бір себебі бұл дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған құндылығы, спорттағы, әлеуметтік ортадағы, кәсіби, рухани қызметтегі жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін олимпизм мен олимпиадалық қозғалыстың жалпыадамзаттық құндылықтарының талдауы ретінде қарастырдық.

Мазмұндық-процессуалдық блокта дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда оқу үрдісінің жүзеге асуын қамтиды. Оқу үрдісінің бұл бағыттары «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні негізінде бірлікте жүзеге асырылды және болашақ дене шынықтыру мұғалімдері мен жаттықтырушылардың бойында болуы тиіс әлеуметтік, рухани-адамгершілік, кәсіби құзыреттердің зор мүмкіндігін игерген «олимпиадалық мәдениет» қабілеттеріне ие мамандар дайындауға бағытталған.

Ұсынылған моделдің нәтижелі блогы оқу үрдісінде қызметтің бірлігін қамтитын жүйе ретінде білім, білік және дағдыларды игеру деңгейлерін айқын көрсетеді, оның ішінде дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық сауаттылығы, олимпиадалық білім беруде өзін-өзі дамытуға бағытталған құндылық-мотивациялық және кәсіби саланы дамыту, мамандар дайындауда олимпиадалық білім беруді өскелең ұрпаққа таратуда олимпизм идеалдарының өзектілігін арттыру, елімізде олимпиадалық білім берудің білім жүйесіндегі рөлін арттыру.

5 суретте көрініп тұрғандай, Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған.




Сурет 5 - Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі

Ұсынылған модельдің жүйелі тәсілі олимпиадалық білім берудің жүйесін төмендегідей аспектілерге сүйене отырып қарастыруды жөн санадық. Шетелдік деңгейде олимпиадалық білім берудің ауқымды жүйесінің қалыптасуы, отандық олимпиадалық қозғалыстың дамуы, олимпиадалық білімнің педагогикада, психологияда, экономика және философия және т.б. ғылымдар теориясы мен практикасының тәжірибесі мен жетістіктерінің қамтылуы, олимпиадалық білім берудегі негізгі құрылымдар, оның ішінде ең алдымен, олимпизм мен олимпиадалық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін қамтитын құраушы факторларының қалыптасуы, олимпиадалық білім беру ұлттық білім берудің барлық деңгейлерінде жүзеге асыру мүмкіндіктерінің белең алуы.

Қазіргі уақытта бұл қызметті белгілі бір жүйе ретінде түсінуге және практикалық іске асыруға көшу қажеттілігі туындады. Біз бұл жүйенің негізгі блоктарын ақпараттық, бағалау, мотивациялық, ұйымдастырушылық, мінез-құлық деп сипаттадық.

6 суреттен ең алдымен дене шынықтыру және спорт мамандарында қалыптастыру мен жетілдіруді көздейтін олимпиадалық білім берудің үш тығыз байланысты, бірақ әлі де жеке құрамдас бөліктерін бөліп көрсетуге болады.



Сурет 6 - Олимпиадалық білімнің құрамдас бөліктері

Олимпиадалық қозғалыс шеңберіндегі педагогикалық іс - әрекеттің мақсаты дене шынықтыру және спорт мамандарының спортпен және дене тәрбиесімен байланысты кез-келген білімді, қызығушылықты, дағдыларды қалыптастыру емес, оны спорттағы жоғары жетістіктерге, тиісті дене шынықтыруға бағыттайтын, сонымен бірге спорт пен дене тәрбиесінің гуманистік әлеуетін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен, тәрбиеленетін олимпиадалық білімді, оған тиесілі ұғымдарды, сонымен қатар шеберлік пен дағдыларды игеру үшін педагогикалық жағдай жасау қажет. Бұл білімдер мен ұғымдарды екі топқа бөліп қарауға болады.

Біріншісінде гуманизмге қатысты жалпы білімдер мен ұғымдарды, оның ішінде гуманизм дегеніміз не, оның негізгі идеялары, идеалдары, құндылықтары мен спецификасы қандай және т.б. сұрақтарды қамтыса, олар жоғарыда көрсетілгендей қазіргі олимпизм тұжырымдамасының негізіне жанасып жатыр.

Екіншісіне олимпизммен, олимпиадалық ойындар мен олимпиадалық қозғалыспен тікелей байланысты әртүрлі білім, ұғымдарды, шеберлік пен дағдылардың кең кешенін жатқызуға болады.

Осыны дұрыс түсіну үшін – олимпиадалық қозғалыстың қазіргі жай – күйі, тарихының нақты фактілері туралы мысалға, олимпиадалық ойындар-антикалық және заманауи, олар өткен жерде, олардың бағдарламасы қандай болды, осы ойындарда әр түрлі ел спортшыларының өнер көрсетуінің нәтижелері қандай, заманауи олимпиадалық қозғалыстың негізін қалаушы кім және т.б. туралы фактологиялық білім маңызды.

Олимпиадалық қабілеттерге:

- спорттық қарқынды жаттығуларды әдістемелік тұрғыдан сауатты құра білу, допингке жүгінбей, спортта жоғары жетістіктерге жету, яғни денсаулыққа зиян келтірмеу үшін спортпен шұғылдануды ұйымдастыру;

- сұлулықты және спорттың басқа да эстетикалық құндылықтарын көру, сезіну және дұрыс түсіну, сұлулық заңдары бойынша спортта әрекет ету және оны өнер құралдарымен көрсету қабілеттілігі;

- басқа спортшылармен, жаттықтырушылармен, төрешілермен, журналистермен, көрермендермен және т.б. адамгершілік қарым-қатынас дағдылары мен біліктілігі;

- олимпизм идеяларын түсіндіре алуы және насихаттай білуі.

Сондай-ақ, тәрбиеленушілердің олимпиадалық белсенділік түрлері туралы хабардар болуының өзі маңызды мәнге ие болып табылады. Спортпен белсенді айналысудан басқа (жаттығулар, спорттық жарыстарға, олимпиада ойындарына қатысу және т.б.) олардың қатарына кіреді:

- танымдық белсенділігі спорт және олимпиадалық қозғалыс туралы білім алу; осы саладағы ғылыми зерттеулер және т.б.;

- осы тақырыптағы көркем қызмет, оның ішінде кескіндеме, мүсіндеу, фотосурет, кино және бейнефильмдер жасау, музыкалық, әдеби, театр шығармашылықтары және т.б.;

- спорттық іс-шаралар мен олимпиада акцияларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысу яғни төреші, жаттықтырушы, ұйымдастырушы және т.б.

- спорттық іс-шаралар мен акцияларды газеттерде, журналдарда, теледидар және т.б. жариялау, оның ішінде ақпараттар, спортшылармен, олимпиадашылармен сұхбат және т.б.

- спорттың маңыздылығы мен рөлін, спорттық өмір салтын, олимпизмнің идеалдары мен құндылықтарына бағдарлауды белсенді насихаттаулар және түсіндіру және т.б. [180, б. 86].

Елімізде олимпиадалық білім берудің негізгі міндеттерін мына бағыттарда жүзеге асыру қажет:

1. Балалар мен жастарға олимпиада ойындары, олардың тарихы

туралы білім жүйесін қалыптастыру, олимпизмнің мақсаттарын, міндеттерін, идеалдары мен құндылықтарын, спорттың гуманистік әлеуетін таныстыру;

2. Жастардың спортқа деген ынтасы мен дене жаттығуларымен айналысу қажеттілігін қалыптастыру;

3. Олимпиадалық қозғалысқа деген қызығушылықты, спорт арқылы гуманистік құндылықтарды жүзеге асыруға ұмтылуы;

4. Балалар мен жастардың бойында әрқашан адал спорттық күрес жүргізу бойынша тиісті біліктерін, дағдыларын, қабілеттерін қалыптастыру;

5. Олимпизм идеяларын насихаттай білу қабілеті [181].

Қазіргі уақытта елімізде бұл аталған бағыттарды белгілі бір жүйе ретінде түсінуге және практикалық іске асыруға көшу қажеттілігі туындады.

Үшінші бөлім бойынша қорытынды

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде, *біріншіден*, олимпиадалық білім беру дегеніміз олимпиадалық ойындар, олимпиадалық қозғалыс және олимпизм туралы білімді таратуға, олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстыруға және жалпыға бірдей негізгі этикалық қағидаларды құрметтеуге негізделген өмір салтын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық қызмет екендігіне көз жеткіздік. Осы олимпиадалық білім берудегі күрделі педагогикалық қызметтің мақсаты - жастарды олимпиадалық идеалдар мен олимпизмнің құндылықтарына тарту, ол олимпиадалық білімнің мазмұнын түсінуге септігін тигізеді.

Екіншіден, олимпиадалық білім беруде «олимпизм» және «олимпиадалық білім» ұғымдарының танымдық құрамдас бөлігін толтыру және рухани-адамгершілік даму үшін дидактикалық жағдайлар жасау тұрғысынан әр жылдары көптеген шетелдік ғылыми мектептердің өкілдерінің әртүрлі түсіндірулеріне ұшырағанын, алайда негізгі идеясы сақталғанына көз жеткіздік.

Үшіншіден, олимпиадалық білім беру қызметін жүзеге асыруға ықпал ететін теориялық білімнің қалыптасуының жоғары деңгейін жүзеге асыру, олимпиадалық мәдениеттің тәрбие қызметі туралы білім деңгейін арттыруға ықпал ететін олимпиадалық сауаттылық пен белсенділіктің көрінісі үшін жағдайлар жасау қажеттілігін байқадық.

Осы тұрғыда, елімізде мамандардың көзқарастарының жеткіліксіздігі, бірлігінің жоқтығы, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім берудің көптеген мәселелерінің шешілмегендігі және осы бағыттағы әрі қарайғы ғылыми зерттеулердің қажеттігі анықталды. Соның ішінде, олимпиадалық білім беру ұйымдарының модельдік құрылымдарына талдау жасап, еліміздің жоғары оқу орындарында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді жүзеге асырудың моделін жасауды талап етті.

4. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК НЕГІЗДЕМЕСІ

4.1. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асырудың бастапқы деңгейі

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру жүйесінің мазмұны мен негіздемесін әзірлеу мақсатын көздей отырып, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асыру тиімділігін зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Олимпиадалық білім беруде өз алдына басымды бағыттардың бірі болып табылатын дене шынықтыру мен спорт саласындағы қол жеткізілген ұлттық жетістіктерді, мәдениетті сақтау міндетін қоятынына көз жеткіздік.


Мақсаты дене шынықтыру және спорт саласында олимпизм құндылықтары мен мұраттарына тарту болып табылатын олимпиадалық білім беру өсіп келе жатқан ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу және оқыту жүйесінде аса маңызды орын алады. Сондықтан, Қазақстандағы білім беру жүйесінде мектеп оқушыларына, студенттерге, балалар мен жастардың басқа да топтарына арналған олимпиадалық білім беру бағдарламаларын іске асыру қажет [182].

Олимпиадалық білім беру дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін әртүрлі жыныстағы және жастағы халықты тартудың басым бір бағыты деп айтуға негіз бар. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында олимпиадалық білім бойынша білімнің негізін дене шынықтыру тарихы, дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі және басқа да спорт пәндері бойынша білім толық қанағаттандырмайды. Біздің зерттеу бастауымызда дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру бойынша білім, білік және дағды жүйесін әзірлеу көзделгенін айта кету керек [183].

Біз алдымен зерттеу жұмысымызда алдыңғы қатарда 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына арналған жалпыға міндетті білім беру стандартына жан-жақты талдау жасап алдық.

Зерттеу жұмысы аясында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беру мәселесіне арналған тәжірибелік жұмыстың кезеңдері белгіленген арнайы эксперименттік бағдарламасын жасадық.

7 суретте дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беру бойынша бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері берілген.



Сурет 7 – Дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беру бойынша бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері

Осы жоғарыда көрсетілген кезеңдерге сәйкес дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беру мәселесіне арналған эксперименттік жұмыстың бағдарламасы жасалып, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жоғары білім беру мекемесінің «Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамымен талқыланып, университет басшылығымен, кафедра меңгерушісімен бекітілді. 11 кестеде біз жасаған дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беру бойынша тәжірибелік жұмыстың бағдарламасы берілген.

Кесте 11 – Дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беру бойынша тәжірибелік эксперименттік жұмыстың бағдарламасы

Дайындық кезеңі 2018 - 2019 жылы	
1	2
Міндеттері	<p>1. Олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру идеясы бойынша эксперимент жұмыстарын ұйымдастырудың және өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, ұстанымдарын, шарттары мен кезеңдерін анықтау, бағдарламасын жасау.</p> <p>2. Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімінің қалыптасу деңгейін анықтаудың әдістерін анықтау.</p> <p>3. Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімі бойынша эксперимент нәтижелерін бағалаудың критерийлерін жүзеге асыруға дайындық жұмыстарын жүзеге асыру.</p> <p>4. Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімінің деңгейін айқындау.</p>
Әдістері	Айқындаушы экспериментте: сауалнамалар жүргізу, диагностика, бақылау мен талдау жасау, жинақтау, салыстыру, педагогикалық сараптамалар жасау.
Нәтижесі	Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімін қалыптастыруға бағытталған эксперименттік элективті пәннің бағдарламасының әзірленуі.

11 - кестенің жалғасы

1	2
Негізгі кезең 2019-2020 оқу жылы	
Міндеттері	<p>1. Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу.</p> <p>2. Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беруді қалыптастыруға бағытталған модель әсерін тәжірибе жүзінде сынақтан өткізу.</p> <p>3. Олимпиадалық білім беру бойынша эксперимент нәтижелерін бастапқы өңдеу және статистикалық бағалауды жүргізуді жүзеге асыру.</p> <p>4. «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнінің бағдарламасын әзірлеп, тәжірибеде жүзеге асыру, пәнді жүргізу барысында түрлі нысандарын қолдану.</p>
Нәтижесі	Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беруді қалыптастыру бағдарламасының жүзеге асуы, тиімділігінің эксперименталды түрде тексерілуі.
Қорытынды кезең 2020-2021 оқу жылы	
Міндеттері	<p>1. Тәжірибе негізінде жиналған мәліметтерг теориялық тұрғыдан талдау жасау.</p> <p>2. Зерттеу бойынша нәтижелер шығару, қорытынды жасау.</p> <p>3. Зерттеу мәселесіне сәйкес ғылыми-зерттеу тұрғысында ұсынымдар әзірлеу.</p>
Әдістері	Ғылыми-теориялық талқылаулар жасау, алынған материалдарды жалпылау, жүйелеу, екінші кезектегі жүргізілген эксперимент нәтижелерін математикалық статистикалық әдістермен өңдеу.
Нәтижесі	Қорытынды тұжырымдама жасау, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру мәселесіне арналған диссертациялық зерттеудің ұсыныстарын дайындауды жүзеге асыру. Дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беруді дамыту және жетілдіру әдістемесі арқылы олимпиадалық сауаттылығы жоғары және олимпизм құндылықтарына ие мамандар дайындау.

Дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру бойынша зерттеуіміздің эмпирикалық болжамдарын жасадық:

1) Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білім білімге деген көзқарастарының болуы олимпиадалық білімді педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді.

2) Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімінің жоғары деңгейі олардың олимпиадалық сауаттылығын қалыптастырудың алғы шарты.

3) Дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру мақсатты түрде элективті пән, оқу бағдарламасындағы модулдік оқыту мазмұнын жетілдіруге тікелей байланысты.

4) Дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беруді мақсатты түрде дамыту олимпиадалық сауаттылық бойынша мәселелік шешу деңгейінің өзгеруіне әсер етеді.

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру жүйесінің мазмұны мен негіздемесін әзірлеу мақсатымызды көздей отырып, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асыру тиімділігін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімге деген көзқарастарының болуы олимпиадалық білімді педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді деген тұжырымды дәлелдеу үшін ең алдымен қызмет жасап жатқан дене шынықтыру және спорт саласы мамандарына «Олимпиадалық білім беру мәселесінен хабардарлығы, қатынасы және қызығушылығын анықтау» сауалнамасын жүргіздік (Қосымша А). Бұл сауалнаманың мақсаты дене шынықтыру мұғалімдерінің, жаттықтырушы-оқытушылардың, дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының олимпиада ойындарына, олимпиадалық қозғалысқа қызығушылығын, сауаттылығын жоғары оқу орындарында «Олимпиадалық білім беру» пәнін енгізуге деген көзқарастары мен кәсіби мамандардың олимпиадалық білім беру бойынша жұмыс тәжірибесін зерделеу болды [184].

Сауалнама бойынша Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласында жұмыс істейтін 347 маманның жауаптарына талдау жасалынды. Олардың ішінде жалпы білім беретін мектептердің дене шынықтыру мұғалімдері, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары 260 маманды құрады, бұл 75,1% - ды құрайды, спорт жаттықтырушылары, спорт әдіскерлері, нұсқаушылары - 79 маман (22,8%); спорт бөлімдерінің басшылары, спорт мектептерінің директорлары - 7 маман (2%). Сауалнама нәтижесі 12 кестеде көрініс табады.

Дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының Олимпиада ойындарына қатынасы мен қызығушылығы сауалнамасы нәтижесіне келетін болсақ, «Сіз Олимпиада ойындарының Қазақстандағы өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі мен маңызын қалай бағалайсыз» деген сұраққа 78,6% жоғары, 18,1% орташа, тек 3,17% ғана төмен деңгейде бағалайтынын көруге болады. Екінші сұрақ бойынша «Сіз үшін Олимпиада ойындарына, Қазақстаннан Олимпиада ойындарына қатысушыларға, Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне қатысты тақырыптар қызықты ма» деген сұраққа 72,8% қызықты, 26,3% қажеттілігіне қарай қызығамын, тек 0,9% мүлдем қызықтырмайтынын жеткізді. Келесі сұрақ бойынша мамандар алдағы Олимпиададан ауыр атлетика, күрес түрлерінен жоғары жетістіктер күтетінін танытады. Одан кейін «Сіз олимпиадалық білім берудің мазмұны, формалары, әдістері туралы көбірек білгіңіз келе ме» деген соңғы сұраққа 87,3 % «ия» деп жауап берді. Сауалнама нәтижесінде дене шынықтыру және спорт саласы

мамандарының Олимпиадалық ойындар мен олимпиадалық қозғалысқа қызығушылықтарының айтарлықтай жоғары деңгейде деп айтуға толық негіз бар.

Кесте 12 - Дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының олимпиадалық ойындарға қатынасы мен қызығушылығы, n=347

№ р/с	Сұрақтар мен жауаптар тізбесі	жауаптары %-бен
1	Сіз Олимпиада ойындарының Қазақстандағы өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі мен маңызын қалай бағалайсыз? а) жоғары деңгейде б) орта деңгейде в) төмен деңгейде	78,6 18,1 3,17
2	Сіз үшін Олимпиада ойындарына, Қазақстаннан Олимпиада ойындарына қатысушыларға, Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне қатысты тақырыптар қызықты ма? а) қызықты б) қажеттілігіне қарай қызығамын в) мені мүлдем қызықтырмайды	72,8 26,3 0,9
3	Сіздің ойыңызша, қазақстандық спортшылар Олимпиада ойындарында қандай спорт түрлерінен жүлделі орындарға ие бола алады? а) ауыр атлетика б) жеңіл атлетика в) бокс г) жүзу д) велоспорт е) күрес	65,9 24 82,4 26,3 13,3 72,8
4	Сіз олимпиадалық білім берудің мазмұны, формалары, әдістері туралы көбірек білгіңіз келе ме? а) иә б) жоқ в) жауап беруге қиналамын	87,3 4,61 8,36

13 кестеде берілген дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының олимпиадалық қозғалыс саласынан хабардарлығын анықтауға бағытталған сауалнама негізінде келесідей көріністер байқалды. «Әлемдегі олимпиадалық қозғалысты басқаратын ұйымды атаңыз» деген сұраққа 56,7% дұрыс жауап берді, «Ғұсман Қосанов пен Әмин Тұяқовтың Қазақстанның олимпиадалық спорт тарихындағы рөлін көрсетіңіз» деген сұраққа 67,9 % дұрыс жауап бере

алды, «Баскетболдан Мюнхен (1972), Монреаль (1976) Олимпиада ойындарында олжа салған тұңғыш қазақ баскетболшысын көрсетіңіз» деген сұраққа дұрыс жауап 71,2%, «Қазақстандық боксшылар - бокстағы Үздік техникасы үшін Вэл Баркер кубогының иегерлері атаңыз» деген сұраққа дұрыс жауап 73,5 %, «Олимпиада ойындарының ашылуында көшбасшы команданы көрсетіңіз» сұрағына дұрыс жауап 43,8%, мамандардың 48,4% Олимпиада Хартиясынан хабардарсыз екенін көруге болады. «Қазақстан Ұлттық құрамасы тұңғыш рет Тәуелсіз ел ретінде қатысқан олимпиадасын белгілеңіз» деген сұраққа дұрыс жауап саны 61,3% құрады.

Кесте 13 – Дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының олимпиадалық қозғалыс саласынан хабардарлығы, n=347

Сұрақтар	дұрыс жауап, %	дұрыс емес жауап, %
Әлемдегі олимпиадалық қозғалысты басқаратын ұйымды атаңыз	56,7	43,2
Ғ.Қосановтың Қазақстанның олимпиадалық спорт тарихындағы рөлін көрсетіңіз	67,9	32,3
Баскетболдан Мюнхен (1972), Монреаль (1976) Олимпиада ойындарында олжа салған тұңғыш қазақ баскетболшысын көрсетіңіз	71,2	28,8
Қазақстандық боксшылар- бокстағы Үздік техникасы үшін Вэл Баркер кубогының иегерлері атаңыз	73,5	26,5
Олимпиада Хартиясының дұрыс анықтамасын көрсетіңіз	51,5	48,4
Олимпиада ойындарының ашылуында көшбасшы команданы көрсетіңіз	43,8	56,2
Қазақстан Ұлттық құрамасы тұңғыш рет Тәуелсіз ел ретінде қатысқан Олимпиадасын белгілеңіз	61,3	38,6

Нәтижесінде дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының еліміздегі олимпиадалық қозғалыс бағытындағы және осы қозғалыстың тарихы туралы білімдерінің жеткіліксіздігі анықталды. Бұл нәтижені мамандардың олимпиадалық білім беру бойынша біліктіліктерін арттыру курстарынан өтпегендігімен және жоғары оқу орындарында білім алу кезінде спорт пен олимпизмнің гуманистік құндылығы мәселелері бойынша өте шектеулі білім алғандығымен түсіндіруге болады. Осыған байланысты елімізде дене шынықтыру және спорт саласы мамандарына спорттық– гуманистік тәрбие мен олимпиадалық білім беруді бойынша әдістемелік құралдарды дайындау қажеттігін көрсетеді.

Осыған байланысты 14 кестеге сәйкес дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының Қазақстанда олимпиадалық білім беру идеясын тарату көзқарастарын анықтадық. Сауалнама нәтижесінде мамандардың 76,9% өскелең ұрпаққа олимпизмнің құнды идеяларын енгізу, спорт және білім беру саласындағы олимпизмнің құндылықтарының таралуына ықпал етуді мектеп жасынан бастап енгізу қажет деп санайды. Респонденттердің жауаптарын талдай отырып, қазіргі уақытта Қазақстанда респонденттердің мойындауы бойынша олимпиадалық білім өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты деп айтуға болады: теориялық зерттеулер мен оның қажеттілігі туралы пайымдаулардан бастап іс жүзінде іске асыруға алғашқы қадамдар жасалды, оның үстіне респонденттердің 90% елімізде балаларға, жастарға олимпиадалық білім беру қажет екендігімен келісе отырып, олимпиадалық білім беруді дене шынықтыру және спорт бойынша мамандарды даярлауға енгізу өзекті болып табылады деп санайды.

Кесте 14– Дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының Қазақстанда олимпиадалық білім беру идеясын тарату көзқарастары, n=347

№ р/с	Сұрақтар мен жауаптар тізбесі	жауаптары % -бен
1	Қазіргі уақытта елімізде балаларға, жастарға олимпиадалық білім беру қажет екендігімен келісесіз бе? а) иә б) жоқ в) жауап беру қиын	90,7 3,17 6
2	Сіздің ойыңызша, Қазақстанда қай кезеңнен бастап олимпизм мәселелері бойынша білім беру керек деп ойлайсыз? а) мектеп жасына дейін б) мектептен бастап в) жоо мен колледждерде	5,8 76,9 17,3
3	Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді енгізу өзекті деп санайсыз ба? а) ия, менің ойымша б) жоқ, менің ойымша в) жауап беруге қиналамын	91,6 5,2 3,2

Әңгімелесу барысында көптеген жаттықтырушылар спорт мектебінде олимпиадалық білім бойынша теориялық білімді енгізуді, мектепте олимпиадашылармен кездесулерді ұйымдастыруды қолдады. Сонымен қатар ЖОО оқытушылары олимпиадалық тәрбие мен білім беру бойынша арнайы әдебиеттердің жетіспейтіндігін атап өтті. Өткізілген әңгімелесулер барысында алынған деректерге сүйене отырып, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың көп пайызы мектеп оқушыларымен, спортшылармен спорттық

жұмыста олимпизммен байланысты білімді пайдаланады деп айта аламыз, бұл олимпиадалық білімді беруді енгізу табысты болатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, дене шынықтыру мұғалімдерінде осы бағытта толық жұмыс істеуі үшін бірқатар қиындықтар бар.

Дене шынықтыру мұғалімдерінің пікірінше, бұл:

- олимпиадалық білім бойынша арнайы әдебиеттің жетіспеушілігі;

- балалар мен жастардың олимпиадалық білім беру құндылықтарын жете түсінбеуі.

Іздену жұмысы барысында дене шынықтыру мұғалімдерінің, жаттықтырушы-оқытушылардың, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқа да санаттағы мамандардың олимпиадалық білім беру бойынша жұмыс тәжірибесін зерделеу мақсатында жүргізілген сауалнама Қазақстан Республикасында олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру қажеттілігін көрсетті.

Өйткені, алынған мәліметтер дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың едәуір бөлігі өздерінің білімі мен бағыты бойынша олимпиадалық білім беру жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге жеткілікті дайын емес екенін көрсетеді.

Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімдерінің болуы олимпиадалық сауаттылықты педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді деген тұжырымды дәлелдеу үшін дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттеріне «Олимпиадалық ойындарға көзқарасы, қызығушылығы және олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасу деңгейі» атты екінші сауалнамамызды жүргіздік.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны жоғары оқу орнының педагогикалық үрдісі болғандықтан, аталған сауалнамаға дене шынықтыру және спорт мамандығының 3-курс студенттері алынды. Оның ішінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті 73 студенттің, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен 75 студенттің, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінен 77 студенттің жауаптары алынды (Қосымша Б).

Дене шынықтыру және спорт мамандығында оқып жатқан студенттерге қойылған сауалнама нәтижесіне келетін болсақ, «Сіз үшін Олимпиада ойындарына, Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне қатысты тақырыптар қызықты ма» деген сұраққа Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (АӨУ), Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (АУ), М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің (БҚУ) студенттерінің барлығы дерлік орташа есеппен 74,4% қызығушылық танытады, тек 22,3% ғана қажеттілігіне қарай қызығады, мені мүлдем қызықтырмайтындар қатары болмашы 3% құрап отыр. Келесі «Олимпиада ойындары мен олимпиадалық қозғалыс туралы көбірек білгіңіз келе ме» сұраққа 90 % болашақ мамандар Олимпиада ойындарының жан-жақты дамулары үшін кәсіби қажеттілігін түсіну негізінде көбірек білгілері келетінін айтуға болады. Келесі сұрақта спортшылардың басым көпшілігі оңайлықпен қол жеткізе алмайтын жетістікке, яғни «Сіз Олимпиада ойындарының жүлдегері мен қатысушысы

болғыңыз келе ме» деген сұраққа 96 % ақылдың, дене және жанның сынағынан өтуге қызығушылық танытты. Сонымен қатар ең маңызды «Сіз білім бағдарламаңыз бойынша «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқығыңыз келе ме» деген маңызды сұраққа 85% астамы оқығысы келетін ниеттерін білдірді.

15 кестеде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (АӨУ), Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (АУ), М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің (БҚУ) дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің қатысуымен «Олимпиадалық ойындарға көзқарасы, қызығушылығы және олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтау» сауалнамасы бойынша алынған нәтижелер көрсетілген.

Кесте 15 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық ойындарға көзқарасы мен қызығушылығы, %

№ р/с	Сұрақтар мен жауаптар тізбесі	Жоғары оқу орындарының атауы		
		БҚУ, n=77	АУ, n=75	АӨУ n=73
1	Олимпиада ойындарына және жүлдегерлеріне қатысты тақырыптар қызықты ма? а) қызықты б) қажеттілігіне қарай қызығамын в) мені мүлдем қызықтырмайды	72,2 27,8 -	77,33 16 6,67	76,7 23,3 -
2	Олимпиада ойындары мен олимпиадалық қозғалыс туралы көбірек білгіңіз келе ме? а) ия б) жоқ в) бұл туралы ойламаймын	88,3 5,19 6,49	85,3 8 6,67	93,1 4,11 1,37
3	Сіз Олимпиада ойындарының жүлдегері мен қатысушысы болғыңыз келе ме? а) ия б) жоқ в) жауап беруге қиналамын	81,82 6,49 9,09	82,67 9,33 8	86,3 4,11 9,59
4	Сіз білім бағдарламаңыз бойынша «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқығыңыз келе ме? а) ия, оқығым келеді б) менің ойымша, оқу қажет емес в) жауап беруге қиналамын	85,2 7 7,8	85,3 6,6 8	84,9 5,5 9,6

Келесі кезекте 16 кестеде дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасуын анықтауда дұрыс жауап беру нәтижелері берілген.

Кесте 16 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасуы, %

№ р/с	Сұрақтар	Жоғары оқу орындарының атауы		
		БҚУ, n=77	АУ, n=75	АӨУ, n=73
1	Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Олимпиада чемпионын көрсетіңіз	62,9	62,67	65,8
2	Ж.Үшкемпіров, Ш. Серіков қандай спорт түрлері бойынша Олимпиада ойындарының чемпиондары болғанын белгілеңіз	95,7	86,67	86,3
3	Қазақстан қай жылдан бастап Жазғы Олимпиада ойындарына Тәуелсіз мемлекет ретінде қатыса бастағанын белгілеңіз	46,6	46,67	57,7
4	Б. Саттарханов, Е.Ибраимов, О.Шишигина қай Олимпиада ойындарының чемпиондары болғанын көрсетіңіз	85,2	74,6	86,3
5	Вэл Баркер кубогын жеңіп алған тәуелсіз Қазақстанның бокстағы алғашқы чемпионын белгілеңіз	45,2	62,6	63
6	Жүзуден алтын медаль жеңіп алған Қазақстанның алғашқы спортшысын көрсетіңіз	87,8	96	91,8

Дене шынықтыру және спорт мамандарына жүргізілген «Олимпиадалық ойындарға көзқарасы, қызығушылығы және олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасу деңгейі» сауалнамасында берілген жауаптарды жүйелей келе, біз мынадай қорытындыға келдік. Зерттеуге Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (АӨУ), Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (АУ), М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің (БҚУ) дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттеріне жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау негізінде олимпиадалық білім беру саласындағы арнайы курсты әзірлеу қажеттілігін анықтады. Өйткені студенттердің ең жеңіл, білуі тиіс деген сұрақтардың өзіне тек 70%-ы ғана дұрыс жауап бере алды. Қате берген жауаптардың жалпы көлемі 30% құра отыр.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттері мен көптеген спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар, дене шынықтыру мұғалімдері мен спорттық қызмет басшылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері жастардың спортқа, Олимпиада ойындарына деген қызығушылығының артуымен қатар, олимпизм мұраттарының, құндылықтары мен дәстүрлерінің нашар игерілгендігін айқын көрсетеді. Бұл жағдаяттан олимпиадалық қозғалыстың дамуы, бүкіл қоғамның ілгерілеуі үшін олимпиадалық білімнің өзектілігі мен қажеттілігін растайтынын көруге болады.

Тәжірибе жүргізу барысында Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенттерінен тұратын бақылау (30 студент) және тәжірибелік (30 студент) екі тобы құрылды.

Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімінің жоғары деңгейі олардың олимпиадалық сауаттылығын қалыптастырудың алғы шарты деген тұжырымды дәлелдеу үшін, біз дене шынықтыру және спорт мамандарына «Олимпиадалық сауаттылық» тестісін жүргіздік.

Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3-курс студенттерінің олимпиадалық қозғалысы саласындағы білімдерін тексеру мақсатында эксперимент басталғанға дейін «Олимпиадалық сауаттылық» тесті әзірленіп және өткізілді. Оған 3 блокқа бөлінген тест сұрақтары енгізілді, бірінші блокта Ежелгі Олимпиада ойындары тест тапсырмалары, 2 блокта – Қазіргі Олимпиада ойындарының жандануы тапсырмаларымен байланысты, 3 блокта Қазақстандағы олимпиада қозғалысының дамуына қатысты сұрақтар болды. Әр блок 30 сұрақтан тұрды және жалпы алғанда 90 сұрақ тест тапсырмасынан тұрды, олар бойынша олимпиадалық сауаттылық деңгейі анықталды. Жалпылама блок бойынша тест үлгісі қосымша көрсетілген (Қосымша Ж).

Тәжірибелік және бақылау топтарының «Олимпиадалық сауаттылық» тестісі бойынша тапсырмаларын орындау көрсеткіштері толық нәтижелері қосымшада көрсетілген (Қосымша Д). Төменде 16 кестеде экспериментке дейін тәжірибе және бақылау топтарындағы «Олимпиадалық сауаттылық» тестінің үш блогы көрсеткіштерінің айырмашылықтары берілген. Тест нәтижелері 100 баллдық жүйемен сипатталды. Сұрақтың әрбір дұрыс жауабы есептелді.


17 кестеде келтірілген экспериментке дейінгі білім деңгейінің көрсеткіштерін (дұрыс жауаптар саны) салыстырмалы талдау нәтижелері екі топтың да орташа есеппен 27,8-ден 28,2 баллға дейін жинағанын көрсетеді. Тәжірибелік топта тесттің барлық үш блогы бойынша орташа нәтижелер бақылау тобының нәтижелерінен төмен екенін атап өткен жөн. Алайда, Стьюдент t-критерийін есептеу бұл айырмашылықтардың жоқ екенін көрсетті. Барлық үш жағдайда Стьюдент t-критерийдің топтар арасындағы мәндері қажетті маңыздылық деңгейіне жетпейді. Ежелгі Олимпиада ойындары бойынша топтардың білімі анықталған бірінші блокта Стьюдент t-критерийінің мәні - 0,125, сенімділік деңгейі - $P \geq 0,05$. Бұл факт бақылау тобының топтық орташа мәні тәжірибе топқа (27,8 балл) қарағанда біршама жоғары (28,2 балл) болғанымен, білім деңгейінде статистикалық айырмашылық жоқ екенін көрсетеді.

Осыған ұқсас көрініс екінші «Қазіргі Олимпиада ойындарының жаңғыруы» және «Қазақстандағы Олимпиадалық қозғалыс» үшінші блогында да байқалады. Екінші блокта Стьюдент t-критерийдің мәні - 0,678, сенімділік деңгейі $P \geq 0,05$. Үшінші блокта Стьюдент t-критерийдің мәні - 0,196, сенімділік деңгейі $P \geq 0,05$. Сонымен, екі топтағы білім көлемін эксперимент алдында салыстыру нәтижесі оның шамамен бірдей екендігін және тәжірибе және бақылау топтары арасында айырмашылықтардың жоқтығын көрсетеді.

Кесте 17 – Экспериментке дейін тәжірибе және бақылау топтарындағы «Олимпиадалық сауаттылық» тестінің үш блогы көрсеткіштерінің айырмашылықтары, $n' = n_1 + n_2 - 2 = 58$

Тест блогының атауы	Тәжірибе тобы n=30		Бақылау тобы n=30		t	P
	\bar{X}	S	\bar{X}	S		
1 блок: Ежелгі Олимпиада ойындары	27,8	6,564	28,2	5,717	0,125	$\geq 0,05$
2 блок: Қазіргі Олимпиада ойындарының жандануы	30,3	6,310	30,5	6,657	0,678	$\geq 0,05$
3 блок: Қазақстандағы Олимпиадалық қозғалыс	30	10,324	31,2	5,096	0,196	$\geq 0,05$

8 суретте экспериментке дейінгі дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің «Олимпиадалық сауаттылық» тесті бойынша салыстырмалы нәтижелерінің көрсеткіші берілген.



Сурет 8 - ДШЖС мамандығы студенттерінің «Олимпиадалық сауаттылық» тесті бойынша салыстырмалы нәтижелерінің көрсеткіші, балл

Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық білім сауаттылығын анықтауға арналған тестінің

нәтиже көрсеткіштері бойынша студенттердің олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасу деңгейін көтеру үшін қалыптастырушы экспериментін қажет етеді.

Төменгі 18 кестеде бақылау тобы және тәжірибе тобы бойынша экспериментке дейінгі К.Н. Ефременковтың «Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық» сауалнамасының нәтижелері берілген.

Кесте 18 - К.Н. Ефременковтың «Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық сауалнамасының» нәтижелері, %

№ р/с	Сұрақтар	Бақ.	Тәж.	Бақ.	Тәж.
		тобы	тобы	тобы	тобы
		дұрыс жауап	дұрыс емес	дұрыс жауап	дұрыс емес
1	2	3	4	5	6
1	Мен олимпиадалық қозғалыс, олимпизмнің мұраттары мен құндылықтары туралы көбірек білгім келеді	42	58	56	44
2	Менің ойымша, өзімді олимпиадалық дәстүрлер аясында жетілдірудің қажеті жоқ	52	48	55	45
3	Мен өз күшіме сенімдімін	50	50	45	55
4	Мен олимпиадалық дәстүрлер аясында ойластырғандарымды жетілдірудің жүзеге асатынына сенемін	55	45	55	45
5	Менде олимпизм қағидалары туралы сабақ алуға құлшыныс жоқ	60	40	58	42
6	Олимпиадалық білім болашақ қызметіме септігін тигізбейді	50	50	52	48
7	Мен олимпиадалық дәстүрлер аясында өзімді жетілдіруде жақсы және тиімді жұмыс істегім келеді	45	55	48	52
8	Мен өзімді қажет кезде өзгерте аламын	42	58	55	45
9	Менің проблемаларым көбінесе олимпиадалық білім беру шеңберінде әртүрлі тапсырмаларды орындай алмауыма байланысты және т.б.	52	48	45	55
10	Мен басқалардың олимпиадалық білім беру аясындағы қасиеттері мен мүмкіндіктері туралы пікіріне қызығушылық танытамын	50	50	55	45
11	Маған өз жоспарларыма қол жеткізу және олимпиадалық дәстүрлер аясында өзімді жетілдіру қиын	60	40	58	42
12	Мен кез-келген жағдайда сәтсіздіктер мен қателіктерден қорықпаймын	50	50	60	40
13	Менің дене жағдайым таңдалған спорт түріне, денсаулық сақтаудың заманауи жүйелеріне сәйкес келеді	45	55	42	58
14	Жоғарыдағы жағдай менікі, мен шынымен де бірдеңе жасағым келсе де, өзгеремін	42	58	55	45

Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білім алуға дайындығының жоғары деңгейі олардың олимпиадалық білімін жетілдіруге тікелей әсер етеді деген тұжырымды дәлелдеу үшін біз К.Н. Ефременков құрастырған «Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық» сауалнамасы (Қосымша Е) қосымшада көрсетілген.

Біздің жүргізген сауалнама дене шынықтыру және спорт мамандарының оқушы жастарға олимпиадалық білім беруді тарату бойынша жұмысқа дайындық деңгейін түсіндіруге септігін тигізді. Біздің жүргізген сауалнамада көрсеткендей дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білім беру жұмысына әлсіз дайындығын және осы білім бойынша кәсібилігін арттыруды қажет екендігі анықталды.

Нәтижеде көрсетілгендей, эксперименттік жұмыстарды жүргізгенге дейінгі бақылау және тәжірибелік топтардың олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық көрсеткіш деңгейлері арасында айтарлықтай айырмашылық болмады.

Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық мәдениетінің қалыптасуы олимпиадалық білім беруді педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді деген тұжырымды дәлелдеу үшін, біз «Тұлғаның олимпиадалық мәдениетін диагностикалауды» [185] қолдану көмегімен жүргіздік.

19 кестеде дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің блогтар бойынша олимпиадалық мәдениеттің қалыптасуын бақылау және тәжірибе топтары бойынша деңгейлік көрсеткіштері берілген.

Кесте 19 - Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық мәдениетінің ақпараттық блогының қалыптасуының деңгейлік көрсеткіштері, %

Спорт және олимпизм туралы білімдерінің қалыптасуы деңгейлері						
Қабілеттері	жоғары		орташа		төмен	
	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ
Олимпиада ойындары, олимпиадалық қозғалыс, мақсаттары, міндеттері, мұраттары, құндылықтары туралы олимпиадалық білімдер кешені	34	32	37	39	29	29
Олимпиада ойындары мен олимпиадалық қозғалыс туралы білім алудағы танымдық белсенділігі	20	22	44	42	36	36

Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандардың спорт және олимпизм туралы білімдерінің қалыптасу деңгейлері бойынша қабілеттерінің қалыптасуы, оның ішінде, олимпиадалық ойындар, олимпиадалық қозғалыс, мақсаттары, міндеттері, мұраттары, құндылықтары туралы олимпиадалық білімдер кешені мен олимпиадалық ойындар мен олимпиадалық қозғалыс туралы білім алуға танымдық белсенділігінің төмендігі байқалады, сонымен қатар екі топта да айырмашылық жоқ.

20 кестеде дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарлана отырып, спортты бағалауды тұжырымдауы және негіздеуінің қалыптасу деңгейлері берілген. Онда олимпизм идеалдарын, олимпиадалық спорт пен қозғалысты оң бағалаулары, олимпиада қозғалысын, сонымен қатар спортты олимпизм тұрғысынан оң бағалауды ұғынуы мен түсіндіруі қабілеттері қарастырылады.

Кесте 20 - Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық мәдениетінің бағалау блогтарының қалыптасуының деңгейлік көрсеткіштері, %

Олимпиадалық идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарлана отырып, спортты бағалауды тұжырымдауы және негіздеуінің қалыптасу деңгейлері						
Қабілеттері	жоғары		орташа		төмен	
	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ
Олимпизм идеалдарын, олимпиадалық спорт пен қозғалысты оң бағалауы	38	30	34	40	29	30
Олимпиада қозғалысын, сонымен қатар спортты олимпизм тұрғысынан оң бағалауды негіздеу	27	20	43	41	30	37

Кесте 21 - Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық мәдениетінің мотивациялық блогтарының қалыптасуының деңгейлік көрсеткіштері, %

Олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, нормаларға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған спортқа қатысты қызығушылықтарының қалыптасуы деңгейлері						
Қабілеттері	жоғары		орташа		төмен	
	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ
1	2	3	4	5	6	7
Спорттық шараларға қызығушылығы, қатысуға тілек білдіруі	26	29	44	41	30	30

21 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Олимпиадалық акцияларға қызығушылығы	25	18	25	45	50	35
Олимпиадалық мұраттар мен қағидаттарға назарын аудару ниетінің болуы	21	20	52	43	27	37
Олимпизмнің идеяларын, құндылықтарын түсіндіруге, насихаттауға, олимпиадалық қозғалысқа белсенді қатысуға деген ұмтылысының болуы	27	20	43	41	30	39

Кесте 22 - Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің олимпиадалық мәдениетінің ұйымдастырушылық блогының қалыптасуының деңгейлік көрсеткіштері, %

Олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарлана отырып, спорт саласындағы қабілеттер, іскерліктер мен дағдыларының қалыптасу деңгейлері						
Қабілеттері	жоғары		орташа		төмен	
	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ
1	2	3	4	5	6	7
Қарқынды спорттық жаттығуларды әдістемелік сауатты құра білу арқылы жоғары жетістіктерге жету	23	20	45	60	32	20
Салауатты өмір салты шеңберінде спортты басқа құралдармен үйлестіре алуы	20	25	44	50	36	25
Әрқашанда адал және әділ күрес жүргізуге ерік білдіруі	25	25	44	55	31	20
Спорттың сұлулығын, спорттың эстетикалық құндылықтарын көру, сезіну, дұрыс түсінуі	22	22	45	48	32	30
Спортшылармен, жаттықтырушылармен, төрешілермен, журналистермен, көрермендермен және т.б. адамгершілік қатынасы	23	24	44	46	33	30

22 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Спортпен шұғылдану барысында табиғатқа мәдени көзқарасы	20	23	47	50	32	27
Олимпизмнің идеяларын түсіндіре алу және насихаттай білу	22	21	48	45	30	24

Кесте 23 - Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық жеке мәдениеттің мінез-құлық блогының қалыптасуының деңгейлік көрсеткіштері, %

Олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған спорттағы іс-шаралар нысандарына нақты қатысуының қалыптасу деңгейлері						
Қабілеттері	жоғары		орташа		төмен	
	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ	бақ.топ	тәж.топ
Олимпиадалық акцияларға, олимпизм идеалдарына бағытталған спорттағы іс-әрекеттің әртүрлі нысандарына нақты қатысуы	25	23	25	40	50	37
Олимпиадалық белсенділіктің нәтижелері: жоғары спорттық жетістіктерге жету, «Fair Play» қағидаттарына сүйену, жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның қасиеттерінің болуы	23	21	45	42	32	37

23 суретте көрсетілгендей студенттерге олимпиадалық білім беру процесінде тұлғаның олимпиадалық мәдениетін диагностикалаудың алғашқы кезеңіндегі жалпы нәтижесі бойынша олимпиадалық жеке мәдениеттің барлық блоктары бойынша бақылау тобында да, тәжірибелік топтарда да «жоғары» көрсеткіш – 20-25% аралығын, «орташа» бойынша – 40-55% аралығын, ал «төмен» көрсеткіш бойынша – 30-50% аралығын құрады. Бұл нәтиже көрсеткіштері білім алушылардың олимпиадалық білімін, тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру, осы мәдениеттің деңгейін дәйекті және біртіндеп арттыру қажеттігін тудырады.

Студенттерге олимпиадалық білім беру процесінде тұлғаның олимпиадалық мәдениетін диагностикалаудың алғашқы кезеңіндегі жалпы нәтижелерге сүйенсек, студенттердің олимпизмнің құндылықтарына бағдарлануы әлдеқайда төмен екендігін байқауға болады. Осыған байланысты

біз құрастырған «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні негізінде студенттердің олимпиадалық мәдениетін көтермелеу бағытында арнайы жұмыстардың жүргізілуі қажеттілігіне көз жеткіздік.

Бұл қажеттіліктерді шешу қазіргі уақытта олимпиадалық қозғалыс аясында жас ұрпақпен жүргізілетін педагогикалық жұмыстың әлсіз буындарының бірі болып табылады. Сондықтан келесі бөлімде Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің мазмұнын «Олимпиадалық білім беру» элективті курсының бағдарламасын сипаттаймыз.

4.2 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің мазмұны мен әдістемесі

Арнайы жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, олимпиадалық білім беру әлемде ғылыми зерттеулерді қажет ететін мәселе ретінде оқытушыларды, мұғалімдерді, жаттықтырушыларды, нұсқаушыларды, әдіскерлерді және т.б. дайындау бағытында дене шынықтыру жүйесін жетілдіруді қажет етеді. Бұл көрініс дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім берудің одан әрі оны мемлекеттік білім беру стандарттары деңгейінде іске асыра отырып әзірлеудің басым бағыты болып табылады.

Бұл бөлімде диссертациялық зерттеу жұмысымыз негізінде жасалған дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беру жүйесін қалыптастырудың құрылымдық–мазмұндық моделін жүзеге асыру бөлігін сипаттайтын боламыз. Студенттердің олимпиадалық қозғалыс, олимпиадалық білім жайындағы түсініктерінің жеткіліксіз болғандығын анықтаушы эксперимент көрсеткеннен кейін, біздің алдымызда осы олимпиадалық сауаттылық аясындағы олқылықты толтыру міндеті тұрды. Ол үшін дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді жаңа мазмұнмен толықтыру мәселесін шешу қажеттілігі туындады.

Дене шынықтыру және спорт мамандығына олимпиадалық қозғалыс саласындағы біліммен тікелей байланысты тек «Дене шынықтыру және спорт тарихы» пәнін байқауға болады, онда спорт түрлерінің тарихымен шектеледі. «Олимпизм», «олимпиадалық білім» ұғымдары дене шынықтыру және спорт ұғымдарына енсе де, бұл ұғымдар мүлдем қарастырылмаған деуге негіз бар.

Біз әзірлеген олимпиадалық білім берудің негізгі идеясы дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беру, кемінде олимпизм туралы білімді игеру және Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы дене шынықтыру және спорт мамандығында оқитын студенттерді кәсіби дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беру процесін тұрақты дамыту тетігін құру болып табылады.

Жүргізілген зерттеу жоғары оқу орындары үшін «Олимпиадалық білім беру» пәнінің моделін жасауға мүмкіндік берді, бұл біздің ойымызша, дене шынықтыру және спорт мамандарын кәсіби дайындауда қажет. Моделдің мазмұны 9 суретте көрсетілген.



Сурет 9 - «Олимпиадалық білім беру» пәнінің құрылымдық- мазмұндық моделінің сызбасы

Бұл елімізде олимпизм туралы білімі мен дағдылары бар қазіргі заманғы дайындық сапасына қол жеткізуге мүмкіндік беретін мемлекеттің дамуы мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін мамандардың дайындалуына септігін тигізеді.

Жоғарыда аталған барлық аспектілер олимпиадалық білім беру компоненттерін жүзеге асыру аясында арнайы курстар құру және енгізу үшін алғышарттар мен жағдайларды қалыптастырды.

Осыларға тоқтала келе, дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білімі жүйесін қалыптастыруға бағытталған өзіміз дайындаған элективті пәннің мазмұны мен жүргізілу әдістемесіне тереңірек тоқталамыз.

Тәжірибе тобы біз жасаған олимпиадалық білім беруді жетілдіруге бағытталған авторлық әдістеме бойынша, ал бақылау тобы жалпы қабылданған жоғары оқу орындарының әдістемесі бойынша оқыды. Авторлық әдістеменің мазмұны: олимпиадалық білімнің теориялық базалық білімін қамтитын 15 сағаттық теориялық курс; 15 сағат – «Олимпиадалық ұяшық», «Олимпиада әліппесі» деп аталатын зияткерлік ойындары мен олимпиада сабақтары өткізілді; 15 сағат – оқытушы басшылығымен студенттің орындайтын өзіндік жұмысы (ОБСӨЖ), онда олимпиадалық сөзжұмбақтар шешіліп және олимпиадалық викториналар өткізілді; 45 сағат – студенттің өзіндік жұмысынан (СӨЖ), олар бойынша олимпиадалық терминология бойынша тапсырмалар тексерілді, дөңгелек үстелдер мен рөлдік ойындар ұйымдастырылды.

Бақылау тобында пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің (ПОӘК) типтік мазмұнына сәйкес дәрістер курсы – 15 сағат, 15 семинар, 15 сағат оқытушы басшылығымен студенттің орындайтын өзіндік жұмысынан (ОБСӨЖ) және 45 сағат студенттің өзіндік жұмысынан (СӨЖ) тұрады.

Білім беру бағдарламасына сәйкес құрылған «Олимпиадалық білім беру» бағдарламасы келесі компоненттерден тұрады: пәнді игерудің мақсаты мен міндеттері, негізгі білім беру бағдарламасының құрылымындағы пәннің орны, пәннің құрылымы мен мазмұны, осы курсты оқу барысында алынған болжамды құзыреттер, оқу технологиялары, білім алушылардың ағымдағы және қорытынды білімін бағалау құралдары, пәнді оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

«Олимпиадалық білім беру» пәнінің мақсаты - студенттерді болашақ мамандығының педагогикалық тәжірибесінде қолдана алатын олимпизм, олимпиадалық қозғалыс және олимпиада ойындары туралы біліммен қаруландыру. Студенттердің әрі қарайғы жұмысы барысында олимпизм, олимпиадалық қозғалыс және олимпиада ойындары туралы қоғамдық пікірді жақсартуға ықпал ететін белгілі бір білім деңгейін қалыптастыру және сайып келгенде, қоғамдағы олимпизмнің гуманистік құндылықтарын жүзеге асыруға, жастардың бойында асыл мінез-құлық қалыптастырып, үйлесімді дене дамуына ұмтылуға, дене дайындығы және рухани қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Пәннің міндеттері:

- Студенттерде олимпиада ойындары, олимпиадалық қозғалыс, олардың

тарихы, олимпизмнің мақсаттары, міндеттері, мұраттары мен құндылықтары, жалпы гуманизм және спорттың гуманистік әлеуеті туралы берік, терең білім қалыптастыру.

- Студенттерді болашақ жұмысында балалар мен жастардың спортқа, дене жаттығуларымен шұғылдануға деген ынтасын, олимпиада ойындары мен олимпиадалық қозғалысқа деген қызығушылығын, спорт арқылы гуманистік құндылықтарды іске асыруға деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал ететін біліммен қаруландыру.

Пәндердің құрылымы мен мазмұнына тоқталсақ, студенттерді болашақ жұмысында балалар мен жастардың спортқа, дене жаттығуларымен шұғылдануға деген ынтасын, олимпиада ойындары мен олимпиадалық қозғалысқа деген қызығушылығын, спорт арқылы гуманистік құндылықтарды іске асыруға деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал ететін біліммен қаруландыру.

Әзірленген «Олимпиадалық білім беру» пәні келесі мазмұнды қамтиды: теориялық және практикалық бөлімдер, олимпиадалық білім беру тестісі, олимпиадалық сөзжұмбақ, үлкен олимпиадалық викторина, іскерлік ойындар мен олимпиадалық сабақтардың тақырыбы мен мазмұны.

Мектептегі дене шынықтыру сабақтары бойынша материалдың теориялық бөлігінде олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру аясында спорттық мерекелер, конкурстар, олимпиадалық викториналар, олимпиадалық ойындар бойынша дәрістер, саяхат ойындары, суреттер, пікірталастар, танымдық ойындар және олимпиадалық сөздіктер негізінде әртүрлі бағыттар бойынша олимпиадалық сабақтар өткізілді.

«Олимпиадалық білім беру» пәнінің оқу тақырыптық жоспарында келтірілгендей, мазмұнын 3 модуль бойынша қарастырдық. 1-модуль «Ежелгі Грекияда Олимпиада ойындарының пайда болуы», 2-модуль «Қазіргі заманғы Олимпиада ойындарының жандануы және Қазақстандағы Олимпиада қозғалысы», 3-модуль «Балалар мен жастарға олимпиадалық білім беруді тарату (мектепке дейінгі, мектеп, ЖОО)» деп атадық.

Модульға келетін болсақ, модуль - оқытудағы, тәрбиелеудегі белгіленген мақсаттары мен нәтижелеріне қатысты белгілі бір логикалық түйіні бар білім беру бағдарламасының бөлігі немесе оқу пәнінің бөлігі ретінде түсіндіріледі. Осы себепті модуль бағдарламаның модулінің тәуелсіздігі оның салыстырмалы тақырыптық оқшаулануымен түсіндіріледі [186].

Олимпиадалық білім бойынша практикалық сабақтар оқу материалын игеру жоғары эмоционалды деңгейде танымдық ойындар, олимпиадалық тестілеу, олимпиадалық сөздіктер сайысы, олимпиадалық викторина жарысы түрінде өткізілді. Студенттер бұл сабақтарда қазіргі заманғы олимпизмнің жүйелі білімін, оның қағидаттары мен құндылықтарын, қазіргі қоғамдағы рөлін игеру процесі мен нәтижесін меңгерді, олимпиадалық білім бойынша сауаттылығын арттырды.

24 кестеде ұсынылып отырған «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнінің оқу –тақырыптық жоспары келтірілген.

Кесте 24 – «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнінің тақырыптық жоспары

№	Дәріс	Тәжірибе	ОБСӨЖ	СӨЖ
1 МОДУЛЬ. ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯДА ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ				
1	2	3	4	5
1.1	«Олимпиадалық білім беру» пәнінің курсына кіріспе	«Олимпиадалық білім беру» пәнінің дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындаудағы рөлі	Пәннің пәнаралық мәртебесі	Олимпизм феномені туралы жүйелік білім құрудағы оның рөлі
1.2	Ежелгі Олимпиада ойындары	Антикалық Ойындардың шығу теориясы	Антикалық Олимпиада ойындарын ұйымдастыру және мазмұны	Олимпиада ойындарының салтанаты мен бағдарламасы
2 МОДУЛЬ. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖАНДАНУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОЛИМПИАДА ҚОЗҒАЛЫСЫ				
2.1	Олимпиадалық идеялар мен ойындардың жандануы.	Пьер де Кубертеннің қазіргі олимпизмді қайта бастаудың бастамашысы ретіндегі идеялары	Париждегі Олимпиада ойындарының жандануы және Олимпиада ойындарын құру туралы шешім	Олимпиада қозғалысының қағидаттарын, идеялық мазмұны мен мұраттарын дамыту
2.2	Халықаралық олимпиада комитеті, оның құрылымы мен қызмет бағыттары	Халықаралық олимпиада комитетін (ХОК) құру және оның қызметі	Халықаралық олимпиада комитеті президенттерінің қызметі	ХОК және қазіргі кездегі допингке қарсы күрес
2.4	Олимпиадалық Хартия-заңнамалық база	Олимпиада хартиясы ХОК жұмысының негізі ретінде	Олимпиадалық қозғалыстың қағидаттары, дәстүрлері мен ережелері	Олимпиадалық ынтымақтастық

24 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2.5	Қазіргі олимпиадалық қозғалыстың даму кезеңдері	Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі қазіргі олимпиадалық қозғалыс	Олимпиада ойындарының қалыптасуы мен дамуы	Олимпиадалардың алғашқы ойындарының қорытындылары мен маңызы
2.6	Қазіргі олимпиадалық қозғалыстың даму кезеңдері	Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар арасындағы Олимпиада ойындары	Қысқы Олимпиада ойындарын құру және дамыту	Прогрессивті күштердің фашистік Германияда Олимпиада ойындарын өткізуге қарсы күресі
2.7	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Олимпиада ойындары	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі олимпиадалық қозғалыс	Соғыс кезеңіндегі халықаралық олимпиадалық қозғалыстың дағдарысы	Таңдаған олимпиадалық спорт түрлерінің бірінің дамуы
2.8	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Олимпиада ойындары	Олимпиада ойындарында Кеңестік спортшылар	Кеңестік спортшылар мен басқа елдердің спортшыларының өнерін салыстырмалы талдау	Олимпиадалық конгрестер, қазіргі олимпиадалық қозғалыс мәселелері
2.9	Тәуелсіз Қазақстанның олимпиадалық қозғалысы	Тәуелсіз қазақстандық спортшылардың Олимпиада ойындарындағы жетістіктері	Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитеті қызметі бағыттары	2020 жылғы Жазғы Олимпиадаға дайындығы
2.10	Олимпиадалық идея белгілерде, рәміздерде және марапаттарда	Олимпиадалық символ және олимпиадалық жалау, алау, олимпиадалық ұран және қағидалар	Олимпиада ойындарының эмблемасы, ант, әнұран, олимпиадалық марапаттар және олимпиадалық тұғыр	Олимпиада ойындарының ашылу және жабылу салтанаты

24 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
3 МОДУЛЬ. БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРҒА ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ТАРАТУ (МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ, МЕКТЕП, ЖОО)				
3.1	Олимпиадалық білім беру тарихы	Олимпиадалық педагогика және олимпиадалық мәдениет теориясы жаңа ғылыми пәндер ретінде	Олимпиадалық білім берудің рухани-адамгершілік және эстетикалық әлеуеті	«Адал ойын» (Fair play) қағидалары
3.2	Олимпиадалық білім берудің өзектілігі мен түсінігі	Олимпиадалық білім берудің халықаралық тәжірибесі және оның Қазақстан білім беру жүйесінің құндылық бағдарларын қалыптастырудағы рөлі	Қазіргі олимпиадалық білім берудің қағидаттары мен технологиялары	Қазақстан Республикасының олимпиадалық білім беру жүйесінің көздері
3.3	Олимпиадалық білім берудің ақпараттық бағыты	Олимпиадалық білім берудің көркемдік-эстетикалық бағыты	Олимпиадалық білім берудің мәдени бағыты	Олимпиадалық білім берудің дене шынықтыру-спорттық бағыты
3.4	Дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауда жоғары оқу орнында олимпиадалық білім берудің тұжырымдамалық негіздері	Мектеп жасына дейінгі балаларға, оқушыларға, жастарға олимпиадалық білім беру	Балаларға, оқушыларға және оқушы жастарға Олимпиадалық білім беру бағыттары мен түрлері	Балалар мен жастарда олимпизмнің негізі ретінде гуманистік құндылықтардың қалыптасуы

«Олимпиадалық білім беру» пәнінің дәрістер кешені оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес құрылды, жүйелілігі қалыптасқан, мазмұны логикаға сәйкес, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының, бірінші кезекте, дене шынықтыру және спорт саласымен тікелей байланысты оқу пәндері шеңберіндегі заңдылықтары мен қағидаттары нақты ашылған, алған білімді тәжірибелік тұрғыда байланыстыру бірлігі сақталған. Теорияда алған білімдерін практикамен байланыстыру оқытушының жетекшілігімен жан-жақты қарастырылып, жүзеге асты. Олимпиадалық дәріс сабақтары бейне-сабақ түрінде өткізіліп, ұсынылатын ақпаратты жеткізу көрнекілік әдістерін, мультимедиялық презентацияларды, бейне көрсетулерді пайдалана отырып жүргізіледі.

1-модульде дене шынықтыру және спорт мамандарына Ежелгі Олимпиада ойындарын сипаттауға, эллиндердің өміріндегі ойындардың ерекше маңыздылығы туралы қорытынды жасауға, ежелгі гректердің дүниетанымын түсіндіруге және оны қазіргі заманмен салыстыруға мүмкіндік беретін жағдай жасалады. Дене шынықтыру және спорт мамандарының бойында Ежелгі Грекиядағы олимпиадалық ойындарының пайда болу және даму тарихы туралы идеяларды қалыптастыру үшін жағдай жасалып, ежелгі және қазіргі уақытта олимпиада ойындарын өткізудегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауды үйренеді. Мамандар Ежелгі Олимпиада ойындарының пайда болуы туралы біледі, алған білімдерін теориялық және практикалық тұрғыдан бекітуге мүмкіндік алады.

2-модульде дене шынықтыру және спорт мамандары олимпиадалық қозғалыс пен олимпиада ойындарының пайда болуымен, бүкіл әлем халықтары қатысатын адамдардың дене дамуы үшін бейбіт жарысымен танысады, Олимпиада ойындарының рәміздері туралы білімдерін, жазғы және қысқы спорт түрлері туралы білімдерін бекітеді. Спортшыларымыздың жетістігі мен спортпен шұғылдануға деген мақтаныш сезімін қалыптастырады.

3-модульде мамандардың бойында олимпизм идеяларын түсіндіру және насихаттау білігі орын алады. Қазақстандық тәуелсіз елдің ұрпағына олимпиадалық қозғалыстың мәні туралы негізгі білімді қалыптастыру, оның негізгі түсініктерін ашу, олимпиадалық спорт пен олимпизмнің құндылық рөлі туралы түсінігі жолдары қарастырылады. Бұл модульде болашақ мамандар олимпиадалық білім беру мазмұнын мектептерде, оқу процесі кезінде олимпизм, олимпиадалық қозғалыс идеяларын бірінші кезекте жаңартылған білім мазмұнында дене шынықтыру сабақтарында, дене тәрбиесі сабақтарында түсіндіру жөніндегі жұмыстарды игереді. Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандары тәжірибесінде олимпизм идеяларын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу үшін түрлі әдістемелік материалдарды меңгереді.

Олимпиадалық білім беру бойынша жүргізілген оқытушы басшылығымен студенттің орындайтын өзіндік жұмысы (ОБСӨЖ), студенттер олимпиада тақырыбына байланысты жағдаяттарды талдау, кейс-стади әдісі, пікіралмасу, сөзжұмбақтар шешу, шешімдер қабылдау тәсілдері арқылы теориялық олимпиадалық білімдерді бекітіп, олимпиадалық қозғалыс шеңберінде

мамандардың олимпиадалық мәдениетін қалыптастыру және дамыту жүзеге асты.

Олимпиадалық білім беру бойынша жүргізілген студенттің өзіндік жұмысы кезінде олимпиадалық тақырыптағы әдебиеттермен жұмыс, олимпиадалық терминология, сөзжұмбақтар шешу түрінде, эссе, презентациялар дайындау және қорғау, олимпиадалық сабақтар мазмұнын құрастыру сияқты әрекеттермен айналысты. Олимпиадалық қозғалыс шеңберіндегі жастарды олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстыруға бағытталған педагогикалық қызметті сипаттау үшін әртүрлі ұғымдарды түсінуі жүзеге асты.

«Олимпиадалық білім беру» пәні бойынша игерген тақырыпты бекіту үшін олимпиадалық викторинаны құрастырдық (Қосымша II).

Д.Н. Ушаковтың түсіндірме сөздігіне сәйкес, викторина – бұл қатысушылар әдетте қандай да бір жалпы тақырыппен біріктірілген бірқатар сұрақтарға жауап беруі керек, бірақ маңызды сипаттама-бұл бәсекелестік екендігін көрсеткен. Сабақтарда студенттерге олимпиадалық білім беруде өзінің зияткерлік, көшбасшылық қасиеттерін көрсету мүмкіндігі, бәсекелестік сезімі, жеңіске ұмтылуда викторина оқытудың тартымды формасына айналды [187].

Тәжірибе көрсеткендей, мұндай тапсырмалар бұрын зерттелген материалды тиімді бекітуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін: оқу, сөйлеу, жазу, тыңдауды қамтитын ықпалдастық қағидаттарына тез қол жеткізуге ықпал етті. Мұндай сабақ барысында студенттер екі командаға бөлініп, оның атын ойлап табуға шақырылады. Әр дұрыс жауап үшін командаға 1 балл беріледі. Ең көп ұпай жинаған команда жеңіске жетті.

Осылайша, сабақта белсенділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың осындай әдісін табуда *олимпиадалық викторинаны* проблемалық тапсырмаларды қамтитын әлеуетті әдістердің бірі ретінде қарастырдық.

В.М. Полонскийдің (2019) пікіріне сүйенсек, білім беру теориясы мен практикасындағы сөздіктердің рөлі, педагогиканың ұғымдық-терминологиялық аппаратын сақтау және дамыту, зерттеу нәтижелерін ұсыну және олардың жалпы білім жүйесінде орналасуы туралы кең түсінік берді [188]. Сөздік - кез-келген сұраққа жауап беретін таптырмас көмекші екендігіне жан-жақты талдау жасалды.

Е. Селезнева (2019) оқу іс-әрекетінде сөзжұмбақтарды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады деп көрсетті, оның ішінде үй тапсырмасын тексеру кезеңінде, тақырыпты оқу кезеңінде, зерттелген материалды қайталау және бастапқы бекіту кезінде, сабақтың соңғы кезеңінде сөзжұмбақ білімді жаңартудың, жалпы күзіреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы бола алатындығы туралы пікірін білдірді [189].

Сөзжұмбақпен жұмыс жасауда бір уақытта еріктілік пен міндеттеме, ойын-сауық пен шиеленіс, эмоционалдылық пен ұтымдылық, жеке қызығушылық пен жауапкершілік байқалды.

Сөзжұмбақты құрудың кезеңдері:

1. Дайындыққа ақпаратты іздеу, олимпиадалық тақырып бойынша терминдер тізімі жасалды;

2. Ең бастысы-таңдалған сөздерге сұрақтар құрастыру арқылы мәтіннің емлесі тексерілді;

3. Қорытынды-жобаны орындау әдісін таңдау арқылы сөзжұмбақ дизайны жазбаша түрде, Microsoft Word мәтіндік процессорында, Microsoft Office Excel бағдарламасында, Power Point бағдарламасында жүзеге асты.

Олимпиадалық сөзжұмбақты қолдану «Олимпиадалық білім беру» пәні бойынша студенттердің олимпиадалық білімін тексеруге ғана емес, сонымен қатар осы білім салаларынан білімді ықпалдастықта қолдануға көмектеседі. «Олимпиадалық білім беру» пәні шеңберінде білім алушыларға арнап жасалған олимпиадалық сөзжұмбақ үлгісі қосымшада көрсетілген (Қосымша К).

А.В. Широкова (2019) болса «Дене шынықтыру тарихы» және «Олимпиадалық қозғалыс» курстары мысалында арнайы оқу пәндері бойынша семинар сабақтарын өткізу кезінде бакалавриат кезеңінде дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындаудағы зияткерлік ойынның рөлін анықтаған [190]. Нәтижесінде зерттеуде зияткерлік ойынның семинар сабақтарын өткізу кезінде оқыту әдісі ретінде артықшылықтарын анықтады және болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің университетте оқу процесінде зияткерлік ойындарға қатынасын зерттеді.

Осыған сүйене келе, семинар сабақтарын өткізу кезінде оқыту әдісі ретінде «Олимпиадалық ұяшық» зияткерлік ойынын әзірледік. Дұрыс ұйымдастырылған зияткерлік ойын сабақта оқуға қолайлы эмоционалды әсер жасауға, қарым-қатынастың барлық қатысушылары арасында психологиялық байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Ойын жағдайында студенттердің зияткерлік күштері жұмылдырылады. Топтық жұмыс түрлері студенттердің қарым-қатынас дағдыларын дамытады, сонымен қатар командада жұмыс істеу, өзара түсінушілікке жету, топтың әр мүшесінің құндылығын түсіну үшін уақытты қажет ететін дағдыларды қалыптастырады.

«Олимпиадалық ұяшық» зияткерлік ойынында студент «Олимпиада тақырыптары» ойын слайдында орналасқан біреуін ұпай саны көрсетілген ұяшықтарды таңдаудан басталады. Сұрақтар ойынның әр тақырыбына сәйкес сұрақтан тұратындай етіп құрастырылған. Ойынға 5 тақырып ұсынылады. Ұпай саны 10-нан 50-ге дейін өзгереді. Ұпай саны неғұрлым жоғары болса, соғұрлым сұрақ қиын болады.

Ойын барлық сұрақтар ойналғанға дейін жалғасады. Ойынды келесі жолдармен ұйымдастырылды:

а) бір-біріне қарсы ойын (студенттер арасында)

б) командалық ойын (студенттер 2 командаға бөлінеді). Бір команда қате жауап берсе жауап беру құқығын басқа командаға береді. Ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз болып саналады.

10 суретте «Олимпиадалық ұяшық» зияткерлік ойынының скриншоты берілген.



Сурет 10 - «Олимпиадалық ұяшық» зияткерлік ойынының скриншоты

Сонымен қатар ойынды оқытудың барлық кезеңдерінде қолдануға болады - жаңа материалды енгізуден бастап алынған білім мен дағдыларды бақылауға дейін «Олимпиада әліппесі» зияткерлік ойын формасын қолданудың маңызды артықшылығы болды. Бұл бөлімде экраннан әріптер көрсетіледі. Әріпті таңдағаннан кейін сұрақ қойылады, ал жауап сол әріптен басталады. Зияткерлік ойын барысында студенттердің жарқын эмоциялары, оның нәтижесі үшін жауапкершіліктің артуы оқу материалын жақсы меңгеруге ықпал етеді, бұл бақылау тесттерімен расталады. Осы тұрғыда оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын қолдану оқу процесін күшейтуге, қабылдау, түсіну жылдамдығын және ойлау тереңдігін арттыруға мүмкіндік береді, сабақ түрлі-түсті және танымдық бағытта өтеді.

Пән бойынша оқу материалының студенттерге әсері көбінесе оның иллюстрациялық дәрежесі мен деңгейіне байланысты. Оқу материалының көрнекі қанықтылығы оны жарқын, сенімді етеді, оны жақсы игеруге және есте сақтауға ықпал етеді. Әрине, дене шынықтыру және спорт мамандығындағы студенттерге оқу үрдісінде олимпиадалық білім берудің негізгі бағыттарын жеткізуде ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану студенттердің эмоциялық қабылдауын ынталандырады.

11 суретте «Олимпиада әліппесі» зияткерлік ойынының скриншоты берілген.



Сурет 11 - «Олимпиада әліппесі» зияткерлік ойынының скриншоты

Төменде «Олимпиада әліппесі» зияткерлік ойынында қолданылған сұрақтар тізбесі келтірілген.

А - Олимпиада туы қай қалада алғаш рет көтерілді? (*Антверпен, Вельгия*).

Ә - Баскетболдан қазақтан шыққан тұңғыш чемпиондық атақты 1972-жылы Мюнхен Олимпиадасында алған баскетболшы? (*Әлжан Жармұхамедов*).

Б - Садақтан жанып тұрған жебе арқылы Олимпиадалық алау қай қалада жанып тұрды? (*Барселона, Испания*).

В - Бокстан 1996 Атланта Олимпиада ойындарының чемпионы, Баркер кубогының иегері? (*Василий Жиров*).

Г - Олимпиада ойындарының ашылуында командалар ұйымдастырушы елдің алфавиті ретінде жүреді. Бірақ алда бір елдің командасы әрдайым алда келеді. Қандай? (*Греция*).

Г - 1960 жылы Рим олимпиадасынан күміс медалға иеленген, КСРО құрамында Олимпиадаға қатысқан тұңғыш қазақ желаяғы? (*Ғұсман Қосанов*).

Д - Жүзуден Рио-де Жанейродағы Олимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алып, спорттың бұл түріндегі тұңғыш қазақстандық чемпион? (*Дмитрий Баландин*).

Е – 1956 жылы Мельбурнда 3000 метрге жүгіруден кедергілермен жарыстарға қатысқан бірінші қазақстандық олимпиадашы? (*Евгений Кадяйкин*).

Ж – Жамбыл облысында дүниеге келген грек-рим күресінен 1980 ж. Мәскеу Олимпиадасының чемпионы? (*Жақсылық Үшкемпіров*).

З - Диаклис VII Олимпиада ойынында бірінші олимпионик ретінде немен марапатталған? (*зәйтүн гүл шоғымен*).

И - Элида шағын грек мемлекетінің патшасы, оның атымен Олимпия қаласында атлетикалық ойындар мекемесі байланыстырады (*Ифит*).

К – Тарих бізге б. з. б. 776 ж. ойындарының жеңімпазы-Элиданың жылдам аспазшысы. Осы атымнан Олимпиада қозғалысының тарихы басталады. Оны атаңыз? (*Корэб, немесе Кораибос*).

Қ - Нелли Ким Олимпиада ойындарында ең көп медаль алған әйгілі қай елдің гимнастшысы ретінде танылды? (*Қазақстан*).

Л - ХОК штаб-пәтері қай қалада орналасқан? (*Лозанна, Швейцария*).

М - Халықаралық Олимпиада күні – ХОК шешімімен жыл сайын қай айда тойланады? (*маусымда*).

Н - Қатыгездігімен танымал болған Рим императоры жарыстарға жеке қатысуды қалаған кезде, ол арбалар жарысының басында мақтанышпен жалғыз басты. Өмірін босқа өткізбеу үшін бірде-бір спортшы онымен бәсекеге түспеді. Екі рет құлап, ол мәреге жетіп, Олимпиада зәйтүн гүл шоқтарын алды. Кім бұл? (*Нерон*).

О - Ежелгі Грецияда ойын жеңімпазын қалай атады? (*Олимпионик*).

Ө-Олимпиада ойындарының чемпионы, жеңіл атлет Ольга Рыпакованның дүниеге келген қаласы (*Өскемен*).

П - Күрес өнерін жетік меңгерген алып күш иесі (*Палуан*).

Р - Жоғары спорттық жетістіктері? (*Рекорд*).

С - Жарыстың белгілі бір орыннан басталған сәті? (*Сөре*).

Т - 1996 жылы Атлантада өткен XXVI Жазғы Олимпиада ойындарына Қазақстан Ұлттық құрамасы тұңғыш рет қалай қатысты? (*Тәуелсіз ел ретінде*).

Ү - Ольга Рыпакова Қазақстан тарихындағы неше дүркін Олимпиада ойындарының жүлдегері (*үш дүркін*).

Ф - Олимпиада ойындарын жаңғырту туралы шешім қабылданған ел? (*Франция*).

Х - Борис Александров Қысқы Олимпиада ойындары бойынша Қазақстаннан шыққан тұңғыш қандай спорттың чемпионы? (*Хоккей*).

Ч - Жеке түрдегі жарыстың жеңімпазы (*Чемпион*).

Ш - 1980 жылы өткен XXII жазғы Олимпиада ойындарында грек-рим күресінен КСРО чемпионы? (*Шәміл Серіков*).

Э - Ежелгі Грециядағы төрешілер мен ойындарды бөлушілер қалай аталды? (*Элладониктер*).

Ю - Атланта Олимпиадасының чемпионы, Қазақстандық грек-рим күресінен палуан? (*Юрий Мельниченко*).

М.В. Коренева (2018) және басқалары бакалавр деңгейіндегі студенттерді оқытудың белсенді нысандарының бірі ретінде іскерлік ойындарды іске асыру шарттары мен ерекшеліктерін қарастырады [191].

Аталған бағыттың маңызды білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретінін есепке ала келе, біз де өз жұмысымызда бірқатар *іскерлік ойындары* ұйымдастыруды көздедік.

«Олимпиадалық білім беру» пәнін іске асыру шеңберінде өткізілген іскерлік ойындардың тақырыбы 25 кестеде келтірілген.

Кесте 25 – «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқыту шеңберіндегі іскерлік ойындардың тақырыбы

Атауы	Мақсаты	Міндеттері
Қазіргі олимпиадалық қозғалыстағы допингпен күрес	Студенттердің олимпиадалық қозғалыстағы «адал» спортқа деген оң көзқарасын қалыптастыру.	1.Олимпиада ойындарындағы оң допинг-үлгілермен байланысты қазақстандық проблемалық жағдайды қарастыру. 2.Допингке қарсы күрестің халықаралық тәжірибесін зерделеу. 3.Қазіргі елдегі олимпиадалық қозғалыста допингті қолданумен күресу тәсілдерін әзірлеу.
Қазіргі Қазақстандағы халықаралық олимпиадалық қозғалыстағы Fair Play	Студенттерді «Адал ойын» қағидаларын ұстануға ынталандыру.	1. «Fair Play» халықаралық қозғалысының тарихы мен қазіргі жағдайын зерттеу. 2. Оқушы жастар арасында «Fair Play» қағидаттарын тарату бойынша ұсыныстар әзірлеу.
Коммерцияландыру және халықаралық спорттық қозғалыстар	Студенттерді қазіргі заманғы халықаралық спорт қозғалысын коммерцияландыру мәселесімен таныстыру.	1.Олимпиадалық спортты коммерцияландыру-спортшыларды материалдық-қаржылық ынталандырудың тиімді жүйесі. 2. Коммерцияландырудың спорттың табиғаты мен құндылығына әсер ету тұрғысынан бағалауда теріс салдары мәселелерін талдау.
Қазақстанда олимпиадалық білім беру бағдарламасын қалыптастыру	Балалар мен жастарға олимпиадалық білім берудің «олимпизм рухында», «олимпиадалық идеалдар мен құндылықтар рухында», «Олимпизм қағидаттарын сақтау рухында» тәрбиелеуге ынталандыру.	1.Олимпиада ойындары, олимпиадалық қозғалыстың тарихы, олимпизмнің гуманистік мұраттары мен құндылықтары туралы білімді қалыптастыру жолдарын анықтау 2. Балалар мен жастардың дене шынықтыру-спорт қызметі арқылы Олимпизм қағидаттары мен құндылықтарын практикалық игеру үшін іскерліктер мен дағдыларды талдау.
Қазақстанның «Олимпиада үміттері»	Дене шынықтыру мен спортты, олимпиадалық білім беруді дамыту бойынша жалпы білім беру мекемесінің қызметін жандандыру, өскелең ұрпақты дене шынықтыру-спорттық тәрбиелеу жүйесін қарқынды қайта құру.	1.Оқушыларды, олардың ата-аналарын және педагогтарды дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылдануға тарту, салауатты өмір салтын насихаттау. 2.Мектеп оқушыларына олимпиадалық білім беруді енгізу. Халықты біріктіру идеясы, олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру арқылы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру. 3. Спортқа дарынды балаларды одан әрі мақсатты дайындау үшін анықтау.

Осылайша, студенттерге тиісті құзыреттілікті игерту мақсатында бірқатар белсенді және интерактивті формалармен қатар, практикалық сабақтар кезінде өткізілетін іскерлік ойындарды қолданудың басым бағыттарын келтірдік.

Сондай-ақ, іскерлік ойынның артықшылықтарының бірі ұжымдық оқыту әдісі екенін атап өткен жөн, өйткені шешім іздеу жеке топтың пікірін қорғауда да, басқа топтардың шешімдерін сынға алуда да ұжымдық түрде жүзеге асырылады

Бұл зерттеудің шеңбері барлық ұсынылған іскерлік ойындардың маңызды аспектілері мен ерекшеліктері туралы егжей-тегжейлі айтуға мүмкіндік бермейді. «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқыту аясында бірнеше іскерлік ойындарды ұйымдастыру қағидаттарын қарастырамыз. Осы бағыттың маңызды білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқыту аясында «Қазіргі олимпиадалық қозғалыстағы допингпен күрес», «Қазіргі Қазақстандағы халықаралық олимпиадалық қозғалыстағы Fair Play», «Коммерцияландыру және халықаралық спорт», «Қазақстанда олимпиадалық білім беру бағдарламасын қалыптастыру», Қазақстанның «Олимпиада үміттері» тақырыптарындағы өз жұмысымызда бірқатар іскерлік ойындарды ұйымдастыруды көздедік. Іскерлік ойындардың негізгі мақсаттары студенттерді олимпиадалық қозғалыстағы «Fair Play» спортқа деген оң көзқарасын қалыптастыру, «Fair Play» қағидаларын ұстануға ынталандыру, қазіргі заманғы халықаралық спорт қозғалысын коммерцияландыру мәселесімен таныстыру, балалар мен жастарға олимпиадалық білім берудің «олимпизм рухында», «олимпиадалық идеалдар мен құндылықтар рухында», «олимпизм қағидаттарын сақтау рухында» тәрбиелеуге ынталандыру, дене шынықтыру мен спортты, олимпиадалық білім беруді дамыту бойынша жалпы білім беру мекемесінің қызметін жандандыру, өскелең ұрпақты дене шынықтыру-спорттық тәрбиелеу жүйесін қарқынды қайта құру.

Олимпиадалық сабақтың көрнекілігіне сабақты өткізуге чемпиондарды, атақты спортшыларды, Олимпиада ойындарына дейінгі түрлі деңгейдегі жарыстардың жеңімпаздарын шақырту кірді.

«Олимпиадалық білім беру» оқу процесінде *олимпиадалық сабақтар* өткіздік.

Келесі кезекте *олимпиадалық сабаққа* тоқталамыз. Олимпиадалық сабақ - игерген білімдерін болашақ дене шынықтыру және спорт саласы қызметінде оқушылар арасында олимпиадалық идеалдарды тарату проблемалары бойынша оқу-әдістемелік ұсыным ретінде әзірленді. Сондай-ақ оқушылар арасында олимпиадалық идеалдарды тарату саласындағы озық тәжірибені зерделеу және қорыту, сондай-ақ оны практикаға енгізу үшін олимпиадалық білімді біріктіру аясында жүзеге асты.

«Олимпиадалық сабақ» өткізу дене шынықтыру және спорт мамандарына бірқатар тәрбиелік және білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндік береді:

- олимпиадалық қозғалыстың құндылықтары мен қағидаттарына негізделген спорттық және күнделікті іс-әрекеттегі мүдделерді, құндылық бағдарларын, мінез-құлық мотивтерін қалыптастыру;

- дене шынықтыру және спорт саласындағы білім деңгейін, білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудағы олимпиадалық мәдениеттің маңыздылығын арттыру;
- салауатты өмір салтының маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының ұлттық дене шынықтыру және спорт дәстүрлері, олимпиадалық қозғалысы туралы білім қалыптастыру;
- олимпизм, Халықаралық олимпиадалық қозғалыс тарихын зерделеуге танымдық қабілеті мен қызығушылығын дамыту;
- мотивацияны қалыптастыру және жетілдіру, спортпен жүйелі айналысу қажеттілігі;
- олимпизм идеяларын түсіндіру және насихаттау қабілетін дамыту.

«Олимпиадалық білім беру» оқу процесінде студенттердің тәжірибелік міндеттер мен рөлдік ойындардың нұсқаларын кешенді пайдалануға, мектеп және жаттықтырушылар практикасынан өту кезінде балаларды тәрбиелеу үшін олимпиадалық білім беру біліктері мен дағдыларын бекітуге көп септігін тигізеді. «Олимпиадалық білім беру» оқу процесінде олимпиадалық сабақты құруда, ұйымдастыруда және өткізуде төменде 12 суретте көрсетілген негізгі құндылықтар мен қағидаттарға сүйендік.



Сурет 12 – Олимпиадалық құндылықтар мен қағидалар

Олимпиадалық сабақтың белсенділігін викториналар, конкурстар, іскерлік ойындар, командалардағы жұмыстар, олимпиадалық зияткерлік ойындар, олимпиада спортшыларымен кездесулер өткізу арқылы арттырдық. Сабақ

барысында әртүрлі әдістер мен әдістерді оңтайлы түрде біріктіру, сабақтың эмоционалды болуына септігін тигізеді.

Олимпиадалық сабақтың өзектілігі олимпиадалық қозғалыстағы қазақстандық ұлы спортшылар, чемпиондар мысалында дамуда және спортпен шұғылдану кезінде дамуы керек жеке қасиеттер, олимпиадалық құндылықтар туралы болды. Төменде «Олимпиада және олимпиада қозғалысы» деп аталатын сабақ үлгісін келтірдік.

Тақырыбы: Олимпиада және олимпиада қозғалысы.

Мақсаты: Студенттердің олимпиадалық білім беру саласындағы білімдерін кеңейту.

Міндеттері:

Олимпиада идеалдар, олимпиадалық дәстүрлері және олимпиадалық қозғалысты дамыту туралы білім деңгейін арттыру;

Олимпиада қозғалысы мен дене шынықтыру мен спортты насихаттау;

Салауатты өмір салтын насихаттау;

Студенттерді дене шынықтыру және спортпен айналысуға тарту.

Бірінші тур

I тур ойынының барысы

Бірінші тур үшін бес конвертті дайындау қажет болады — сары, жасыл, қара, қызыл және көк түсті; екі жағы тиісті түстерге боялған текше; жетондар. Ойын басталмас бұрын қатысушылардың үстелге шығу кезектілігін анықтап алу үшін жеребе өткізіледі. Ойнаушы үстелге шығып, текшені лақтырады, содан кейін беті түскен түспен сәйкес келетін конверттен сұрақты алады; егер ойыншының беті ақ түсті болса, кез келген конверттен сұрақты ала алады. Сұраққа жауап берген адам жауап бермеген жетон алады-сұрақты конвертке қайтарады және өз орнына отырады. Үстелге келесі ойыншы шығады және викторина жалғастырылады. Алты жетон жинап, екінші турға өткізіледі.

Қызыл конверттің сұрақтары:

Ежелгі Грекия ойындарының тарихынан.

1. Ежелгі Грекияда Ойындар қай жерде өткізілді? (*Пелопоннеск түбегінде, Алфей өзенінің жағасында Олимпия қаласында*).

2. Ежелгі олимпиадашылар қандай түрлерде жарысты? (*Бессайыстан: ұзындыққа секіру, найза мен диск лақтыру, күрес; жұдырықтасу; сондай-ақ арба жарыс, марафон қашықтығына толық жауынгерлік қару-жарақпен, ақындар мен музыканттар жарысымен жүгіру*).

3. Ежелгі Грекияда олимпиаданың ойындары кезінде не жарияланды? (*Қасиетті бітім. Бірақ б.э.д. 36 жылы аркадийлер қасиетті бітімді бұзып, Олимпияны басып алды. Гректер ашуланып, Ойындарға ұзақ уақыт қатысуға тыйым салды*).

4. Ежелгі Грекияның атақты адамдарының қайсысы ойындарға қатысты? (*Медицинаның әкесі - Гиппократ, философтар- Сократ және Платон, математик және философ - Пифагор*).

5. Жылдың қай уақытында және қандай кезеңдермен ойындар өткізілді? (*Әр төрт жыл сайын, егін мен жүзім жинау арасында*).

6. Олимпиада ойындарына кім жіберілді? (*Еркектер – гректер*).

7. Эллада бір сатыға жүгіруден жарысты. Бұл қашықтықты Геракл өзі белгілеген. Ол қашықтықты немен өлшеді? (*Аяқ табандарымен: кезең шамамен 600 табан адымына немесе 192 м 27 см.*).

8. Алғашқы Олимпиада ойындары қашан өтті? (*Б. з. д. 776 ж.*).

9. Олимпиада ойындары Кімнің құрметіне өткізілді? (*Зевстің құрметіне*).

10. Родос аралында олимпиадашылар әулеті тұрды. Отбасы басшысы, оның ұлдары мен немерелері 80 жылдан астам Олимпиада ойындарында өнер көрсетіп, 12 ойындарға қатысып, өз аралына тоғыз лавр гүлшоқтарын жеңіп алды. Әулеттің негізін қалаушы аты? (*Диогор*).

Жасыл конверттің сұрақтары:

Қазіргі Олимпиада ойындарының тарихынан.

1. Олимпиада ойындарын қайта жандандыруды кім ұсынды? (*Француз қоғам қайраткері барон Пьер де Кубертен*).

2. Қазіргі заманның алғашқы Олимпиада ойындары қашан және қайда өткізілді? (*1896 жылы Афинада*).

3. Алғашқы қысқы Олимпиада ойындары қай жылы өтті? (*1924 жылы Шамони Франция*).

4. Олимпиада Ойындарының ұраны («*Жылдамырақ! Жоғары! Күштірек!*»).

5. Әлемдік соғыстарға байланысты қандай ойындар өтпеді? (*Алтыншы (1916), он екінші (1940), он үшінші (1944)*).

6. Кеңес спортшылары Олимпиада ойындарына алғаш рет қай жылы қатысты? (*1952 жылы Хельсинки, Финляндия, XV Олимпиада ойындары*).

7. Олимпиада ойындарына әйелдер қашан қатыса бастады? (*1900 ж, II Олимпиада ойындары*).

8. Бірінші рет Қазақстан спортшылары Олимпиада ойындарында қашан өнер көрсетті? (*1952-1988 жылдар аралығында Қазақстан спортшылары КСРО құрамына кірді. 1992 жылы Қазақстан командасы біріккен команда құрамында өнер көрсетті*).

9. Қазақстан қай жылы тұңғыш рет тәуелсіз мемлекет ретінде өнер көрсетті? (*1994 жылы Лиллехаммердегі қысқы Олимпиадада*).

10. 2000 жылы Олимпиада ойындары өткізілген Континент? (*Австралия*).

Сары конверттің сұрақтары:

Көрнекті спортшылар.

1. 1960 ж. Рим Олимпиадасында 4x100 м. эстафета жарысында қазақ жастары арасынан Олимпиадаға тұңғыш қатысып, күміс медаль алған жеңіл атлет? (*Ғұсман Қосанов*).

2. Бірінші Олимпиада чемпионы? (*Американдық жеңіл атлет Джеймс Конноли үш аттап секіру нәтижесі — 13 м 71 см.*).

3. Екі дүркін Олимпиада чемпионы, диск лақтырушысы, Кеңес спорт тарихында бірінші алтын медаль жеңіп алушы? (*Нина Пономарева*).

4. Ерекше гимнастшы: 18 олимпиадалық медаль бар, оның ішінде тоғыз — алтын? (*Лариса Латынина*).

5. Осы жеңіл атлеттің жұлдызы үш жыл қатарынан жарқырап тұрды: 1962, 1963, 1964 жылдары. Ол әлемдегі ең үздік спортшы деп аталды? *(Валерий Брумель)*.

6. Тәуелсіз Қазақстанға алғашқы алтынды әкелген танымал шаңғышы? *(Владимир Смирнов)*.

7. Жеңістің құрметіне Олимпиадалық стадионда Кеңес Одағының әнұраны алғаш рет ойналды? *(Дискіні лақтырушылардың құрметіне: алтын - Нина Ромашкова-Пономарева, күміс - Елизавета Багрянцева және күміс - Нина Лумбадзе)*.

8. Ауыр салмақ санатында 1988 ж. Сеулде алтын медаль, 1996 ж. Атланта Олимпиадасында күміс медаль иеленген қазақстандық ауыр атлет? *(Анатолий Храпатый)*.

9. Қазақтан шыққан тұңғыш чемпион атанған 1972 жылы Мюнхен Олимпиадасының баскетболшысы? *(Әлжан Жармұхамедов)*.

10. 1996 жылы Атланта өткен Олимпиада ойынынан кейін Вел Баркер кубогын жеңіп алған қазақстандық боксшы? *(Василий Жиров)*.

Қара конверттің сұрақтары:

Олимпиада мозаикасы.

1. Олимпиада туы дегеніміз не? *(Көк, қара, жасыл, сары және қызыл түсті бес өрілген сақинасы бар ақ мата. Бес түсті бес континентті білдіреді)*.

2. «Олимпиадалық қозғалыс әуесқой спорттың негізі болып табылатын физикалық және моральдық қасиеттерді дамытуға, жастарды спорт арқылы жақсы түсіністік пен достық рухында тәрбиелеуге, осылайша жақсы және бейбіт әлемді құруға ықпал етуге шақырады.» Бұл қандай мәтін? *(Олимпиадалық Хартия)*.

3. Пьер де Кубертеннің атақты «Спортқа мадақ!» өлеңнің атты басты сөздерін айтыңыз? *(«Спорт, Сен-әлемсің!»)*.

4. Әлемдегі олимпиадалық қозғалысты басқаратын ұйым қалай аталады? *(Халықаралық Олимпиада комитеті-ХОК)*.

5. Олимпиада ойындарының ашылуында қабылдаушы елдің көрнекті спортшыларының бірі Ойындарға қатысушылар атынан сөз сөйлейді. Бұл қандай сөйлеу түрі? *(Олимпиадалық ант)*.

6. Саяси себептер бойынша кеңес спортшыларының қатысуынсыз қандай Олимпиада ойындары өтті? *(XXIII жазғы Олимпиада ойындары, 1984 ж., Лос-Анджелес, АҚШ)*.

7. XXII жазғы Олимпиада ойындары Мәскеуде қай жылы өтті? *(1980 жыл)*

8. Олимпиада алауы қалай жағылады? *(Факелге линзалар мен шағылдырғыштар жүйесінің көмегімен жиналған күн сәулесінің шоғырын жібереді)*.

9. Олимпиада ойындарының ашылу салтанатында қандай елдің командасы бірінші болып шығады? *(Елдер шеруінде бірінші болып әрқашан Греция)*

командасы шығады. Содан кейін елдер командалары алфавиттік тәртіппен жүреді. Ойындарды өткізетін елдің командасы шеруді жабады).

10. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада Комитетінің Бірінші Президенті, кейіннен ұйымның Вице-президенті және Бас хатшысы? (Тимур Досымбетов (1990 – 1992 жж., 2002 – 2006 жж.).

Көк конверттің сұрақтары:

Қазақстан Олимпиадасы

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті қай жылы құрылды? (1990 жылдың 3 ақпанында құрылып, 1992 жылдың наурыз айында Халықаралық Олимпиадалық комитеті тарапынан ресми түрде танылды).

2. 1980 жылы Мәскеу Олимпиада чемпионы атанған Шәміл Керімұлы Серіков қандай спорт түрінде өнер көрсетті? (палуан, грек-рим күресі).

3. Қазақстанның еңбегі сіңген спорт шебері, 1996 жылғы Атланта Олимпиадасы жеңімпазы болған бессайысшы? (Александр Парыгин).

4. 2016 жылы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өткен Олимпиада ойындарының жеңімпазы, әрі бокстан команда капитаны болған боксшы? (Данияр Елеусінов).

5. Өскеменде жеңіл атлетика манежі қай Олимпиада чемпионы есімімен аталады? (Ольга Рыпакова).

6. Атлантада қола және Сидней Олимпиада ойындарында алтын иеленген Қазақстанның туұстаушы боксшы? (Ермахан Ыбрайымов).

7. 2004 жылы Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, беделді американдық USA Today басылымының нұсқасы бойынша «Жыл боксшысы» атанған қазақстандық кәсіпқой боксшы? (Геннадий Головкин).

8. 1988 жылға дейін қазақ спортшылары өнер көрсеткен құрама командасы қалай аталады? (КСРО).

9. 1998 жылы Наганода өткен XVIII қысқы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, қазақстандық конькиші (Людмила Прокашева).

10. Бокстан Сидней Олимпиадасының чемпионы құрметіне Бекзат Саттарханов атындағы дарынды балалардың спорт мектеп-интернаты қай қалада орналасқан? (Шымкент).

Екінші тур

II тур ойынының барысы

Екінші тур үшін — «Олимпиадалық әліппе» карточкалары — бір жағында әрпі жазылған, екінші жағында сұрақ жазылған. Үстелде әріптер әліпбилік ретпен жазылған. Ең көп жетоны бар қатысушы әріпті таңдап, сұрақ оқиды, егер дұрыс жауап берсе — жетон алады, ал жауап бермесе-ойыннан шығады. Ол үшін басқа қатысушы жауап бере алады және жетон алады. Содан кейін тағы бір қатысушы шығады және т.б. жауап ойнаушы таңдаған әріппен басталуы керек. Ең көп жетондар жинаған студенттер үшінші турға өтеді.

Оқыту шеңберінде білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес сабақтарды өткізудің белсенді және интерактивті нысандарына маңызды орын бөлінген: тестілеу, іскерлік және рөлдік ойындар, халықаралық спорттық іс-шараларды, жарыстарды, Олимпиада ойындарын, өңірлік ойындарды талдау

(дене шынықтыру және спорт маманы қызметіне қажетті оңтайлы дағдылар мен іскерлікті табысты құру үшін өз бетінше жұмыспен тығыз байланыста), сондай-ақ Олимпиада ойындарына қатысушылар мен Олимпиада чемпиондарының, халықаралық қоғамдық спорт бірлестіктері өкілдерінің, Қазақстан Республикасы, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, дене шынықтыру, спорт және олимпиадалық қозғалыс саласындағы мамандардың шеберлік сыныптары.

Жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі әсіресе Олимпиада ойындары қарсаңында, олимпиадалық қозғалыс тақырыбын зерттеуде оқытудың белсенді формаларын қолдану ауадай қажет, бұл тек дене дайындығы ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой жұмысын сәтті үйлестіруге, студенттердің зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді, олимпиадалық білімнің көкжиегін кеңейтеді.

Жоғарыда айтылғандардан келесідей қорытынды жасаймыз: олимпиадалық қозғалыс және олимпиадалық білім жас ұрпақты ақылды, адамгершілікті, эстетикалық, толерантты етеді, бұл бұқаралық спортты дамытуға, оған әртүрлі жастағы миллиондаған адамдарды, әсіресе балалар мен жастарды тартуға күшті ынталандыру болып табылады.

Осылайша, «Олимпиадалық білім беру» оқу-әдістемелік кешені шеңберінде іске асырылатын басқа да құралдар мен әдістермен қатар білім алушылардың белсенді жұмысының осы нысанын іс жүзінде енгізу білім алушыларды олимпизм мұраттары мен құндылықтарына тарту процесін оңтайландыруға, олимпиадалық Хартияның негізгі қағидаттарын ұстануға, белсенділікті арттыруға және кәсіби ұстанымды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

4.3 Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді іске асыру әдістемесінің тиімділігін эксперименттік негіздеу

Елімізде дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді қалыптастыру - бұл жаңа деңгейдегі кәсіби кадрларды дайындау жүйесін дамытудағы жаңа қадам, оның қажеттілігі бүгінде айқын болғанын көруге болады. Өйткені қазіргі уақытта олимпиадалық білім беру қажеттілігінің туындауына екі себеп бар екендігі анықталды. Біріншіден олимпиадалық білім берудің жалпы спорттың бұқаралылығы және танымалдылығы, екіншіден олимпиадалық білімді берудің өзектілігі халықаралық деңгейде танылып Ұлыбритания, АҚШ, Жапония, Австралия, Финляндия, Польша, Ресей және т.б. елдерде олимпиадалық білім беру жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектеп бағдарламаларына енгізілген.

Зерттеу жұмысымыздың бұл бөлімінде дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді іске асыру тиімділігін және «Олимпиадалық білім беру» дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерін дайындауға арналған элективті пәнінің тиімділігін

зерттеу мақсатында алғашқы анықтау кезеңінде жүргізілген зерттеу әдістемелері сыналұшылардан қайта алынды.

Осыған байланысты сынаққа қатысушылардан екінші рет «Олимпиадалық сауаттылық» тесті жүргізіліп, барлық сыналұшылардың жауаптарын өңдедік.

Екі топқа да оқу жоспарына сәйкес «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні 1 семестр бойы жүргізілді. Бақылау тобында элективті пәннің стандартты бағдарламасы бойынша жұмыс істеді.

Оқу семестрі аяқталғаннан кейін тәжірибелік және бақылау топтарының студенттері қайта тестілеуден өтті. «Олимпиадалық сауаттылық» тесті бойынша қайта тестілеуде бірінші қолданған тест тапсырмаларын пайдалана отырып өтті. Өзгерістерді анықтау үшін тәжірибелік және бақылау тобының алынған көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргіздік. Студенттің t-критерийін қолдана отырып талдау нәтижелері жасалынды.

26 кестеде эксперименттен кейінгі тәжірибе және бақылау топтарындағы «Олимпиадалық сауаттылық» тестінің үш блогы көрсеткіштерінің айырмашылықтары берілгенін байқауға болады.


Кесте 26 - Эксперименттен кейінгі тәжірибе және бақылау топтарындағы «Олимпиадалық сауаттылық» тестінің үш блогы көрсеткіштерінің айырмашылықтары, $n' = n_1 + n_2 - 2 = 58$

Тест блогының атауы	тәжірибе тобы n=30		бақылау тобы n=30		t	P
	\bar{X}	S	\bar{X}	S		
1 блок: Ежелгі Олимпиада ойындары	91,4	6,687	72,7	4,16	11,113	$\leq 0,01$
2 блок: Қазіргі Олимпиада ойындарының жандануы	90	6,363	74	4,16	11,360	$\leq 0,01$
3 блок: Қазақстандағы Олимпиадалық қозғалыс	92,4	3,17	71	4,16	10,954	$\leq 0,01$

Кестеге көрсетілген мәліметтерді салыстырғанда барлық үш блок бойынша тәжірибелік топтағы білім көлемінің орташа көрсеткіштері айтарлықтай өскенін көрсетеді, ал бақылау тобында нәтижелер жақсарды, бірақ онша байқалмайды. Алғашқы тест блогында «Ежелгі Олимпиада ойындары» бойынша тестілеу нәтижесінің Студент t-критерийі мәні - 11,113, сенімділік деңгейі - $P \leq 0,01$ екенін көрсетеді, бұл тәжірибелік топтың Ежелгі Олимпиада ойындарының тарихы туралы білім көлеміндегі бақылаудан айтарлықтай артықшылығы. Екінші тест блогы бойынша «Қазіргі Олимпиада ойындарының жандануы» бойынша тестілеу нәтижесінің Студент t-критерийі мәні - 11,360,

сенімділік деңгейі - $P \leq 0,01$ құрайды, бұл тәжірибе топтың білім көлемінде бақылаудан басым екендігін көрсетеді. Бұл «Қазақстандағы Олимпиадалық қозғалыс» 3-блогына да қатысты. Осы блок бойынша эксперименттік топтың білімі бақылау тобының нәтижелерінен жоғары болды, Стьюдент t-критерийі мәні - 10,954, сенімділік деңгейі - $P \leq 0,01$ құрады.

Бұл 13 суретте көрсетілген дәлелдеулерден дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім деңгейін арттыру үшін оқу жоспарына «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнін оқыту кезінде олимпиадалық білім беруді жетілдіру әдістемесінің ықпалын көруге болады.




- 1 блок: Ежелгі Олимпиада ойындары
- 2 блок: Қазіргі Олимпиада ойындарының жандануы
- 3 блок: Қазақстандағы Олимпиадалық қозғалыс

Сурет 13 - ДШЖС мамандығы студенттерінің «Олимпиадалық сауаттылық» тесті бойынша салыстырмалы нәтижелерінің көрсеткіші, балл

«Олимпиадалық сауаттылық» тестісінің нәтижесін қорытындылай келе, «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнін игеру тәжірибе топтағы білім көлемі мен сапасының бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жақсарғаны олимпиадалық қозғалыс саласында сауаттылық білім деңгейіне оң әсер еткеніне толық негіз бар.

Келесі кезекте К.Н. Ефременковтың «Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі


дамытуға дайындық» сауалнамасын екінші рет жүргіздік. 14 суреттегі сауалнама нәтижесі бойынша да едәуір өсімге қол жеткіздік.



Сурет 14 - К.Н. Ефременковтың «Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім бойынша өзін-өзі дамытуға дайындық» сауалнамасының салыстырмалы нәтижелері, %

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезегінде студенттерге олимпиадалық білім беру процесінде тұлғаның олимпиадалық мәдениетін диагностикалау әдістемесі екінші рет жүргізілді. Алынған нәтижелер бойынша алғашқы кезеңмен салыстырғанда тәжірибеге қатысушылардың олимпиадалық мәдениет деңгейлері мен көрсеткіштерінің әлдеқайда өзгергендігін байқауға болады.


Бұл нәтижелерді төмендегі 15 суреттен спорт және олимпизм туралы білімдерінің қалыптасуы деңгейлері салыстырмалы көрсеткіштерін көруге болады.



Сурет 15 - Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық мәдениеті ақпараттық блогының екінші кезең бойынша деңгейлері мен көрсеткіштері, %

Бұл блок бойынша көрсеткіштерде өте жақсы даму динамикасы бар, керісінше «төмен» деңгей нәтижелері едәуір азайған.

16 суретте олимпиадалық идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарлануының қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері берілген.




Сурет 16 - Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық мәдениетінің бағалау блогының екінші кезең бойынша қалыптасу деңгейлері мен көрсеткіштері, %

Бұл блок бойынша да олимпиадалық мәдениеттің бағалау деңгейлері «жоғары» көрсеткішті көрсетті. «Төмен» деңгей мен «орташа» деңгей пайыздары едәуір азайған.


17 суреттен олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған спортқа қатысты қызығушылықтарының қалыптасуы деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштерін көруге болады.

Тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің мотивациялық блогы бойынша да тәжірибелік топ сыналушыларының олимпиадалық акцияларға қызығушылығы, олимпиадалық мұраттар мен қағидаттарға назарын аудару ниетінің болуы, олимпизмнің идеяларын, құндылықтарын түсіндіруге, насихаттауға, олимпиадалық қозғалысқа белсенді қатысуға деген ұмтылысының болуының «жоғары» көрсеткіштері 70-81 пайыз аралығына дейін көтерілсе, ал аталған көрсеткіштер бойынша «орташа» деңгей 15-27 пайызға, «төмен» деңгей 2-5 пайызға дейін азайған. Бақылау тобының сыналушыларының «жоғары» көрсеткіштері 25-52 пайыз, «орташа» деңгей 21-27 пайыз, «төмен» деңгей 27-50 пайыз құрап отыр. Бұл жүргізілген қалыптастыру экспериментінің және «Олимпиадалық білім беру» элективті курсының тиімділігін нақты көрсетеді.



Сурет 17 - Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық мәдениетінің мотивациялық блогының екінші кезең бойынша қалыптасу деңгейлері мен көрсеткіштері, %


18 суретте олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарлана отырып, спорт саласындағы қабілеттер, іскерліктер мен дағдыларының қалыптасу деңгейлері берілген.



18 сурет - Олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған спорттағы қабілеттерінің қалыптасу деңгейлері, (%)

Жеке тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің ұйымдастырушылық блогының екінші кезеңі бойынша алынған нәтижелер бойынша студенттерге мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдылар мен дағдылардың қалыптасу деңгейлері «жоғары» көрсеткіш бойынша 71-85% аралығын құрады, ал студенттерге мүмкіндік беретін өте шектеулі дағдылардың болуы керісінше 0-7% дейін азайған. «Орташа» деңгей бойынша да 10-25% дейін кему динамикасы байқалады.

19 суретте олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған спорттағы іс-шаралар нысандарына нақты қатысуының қалыптасу деңгейлері берілген.



Сурет 19 - Дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық мәдениеттің мінез-құлық блогының екінші кезең бойынша қалыптасу деңгейлері мен көрсеткіштері, %

19 суретте көрсетілгендей студенттердің олимпиадалық жеке мәдениеттің мінез-құлық блогы бойынша тәжірибелік топтарда да «жоғары» көрсеткіш – 73-81% аралығын, «орташа» бойынша – 12-20 % аралығын, ал «төмен» көрсеткіш бойынша – 7 %-ды құрады. Бұл нәтиже көрсеткіштері білім алушылардың олимпиадалық білімін, тұлғаның олимпиадалық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру, осы мәдениеттің деңгейін дәйекті және біртіндеп арттыру мақсатында жүргізілген эксперименттік жұмыстардың тиімділігін толықтай көрсетеді.

Бұл дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауға арналған «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнінің студенттердің олимпиадалық білімге мен мәдениетке деген мотивациясын арттырудағы тиімділігін толық дәлелдейді.

«Олимпиадалық білім беру» пәнін оқығаннан кейін олимпиадалық білім берудің рөлі, олимпизм мұраттары мен құндылықтарына танысуы, жас ұрпаққа олимпиадалық білім беруді жүргізуге дайындығы туралы зерттеу жүргіздік.

Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауға арналған «Олимпиадалық білім беру» элективті оқу пәнінен алған білімдерінің жоғарылағанын көре отырып, студенттердің олимпиадалық білім беруді іске асыруға дайындығын тексеру мақсатында дене шынықтыру және спорт мамандарына «Олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығы» сауалнамасын жүргіздік.

Сауалнама нәтижесі бойынша «Олимпиадалық білім беру» элективті пәнін оқығаннан кейін дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің тәжірибе тобында олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығын анықтауда біршама әсерлер байқадық. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің тәжірибе тобы «Олимпиадалық білім беру» оқу пәніне 55%-ы үлкен қызығушылықпен қатысқанын, сонымен қатар қызығушылықты сезінсе де әлі де білімдерін толықтырғысы келетіндердің көрсеткіші 40% құрады, тек 5 %-ы жақсы баға алу үшін қатысқанын кестеден байқадық.

Екінші сұрақ бойынша топта алған білімдерін бағалауының «өте жақсы» деңгейі - 58%, «жақсы» - 39%, «қанағаттанарлық» деңгейі – 3% құрады.

Үшінші сұрақ бойынша сыналушылардың барлығы дерлік олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарына таңдау берген. Оның ішінде ең жоғары таңдау «Fair Play қағидасы-спорттық жарыстардағы адал және әділ күрес» құндылығы 62% бағалаған. «Жақсы дамыған адамның идеалы (атлет)» құндылығы 14%, «Жеңіс емес, басты қатысу» құндылығы 16% шектелді, «Жылдам, жоғары, күшті!» спорттық ұраны» 8% құрады.

Төртінші сұрақ бойынша студенттер «олимпизмнің мұраттары және құндылықтарымен таныстым» деп 52%, «олимпиадалық сауаттылығымды арттырдым» деп жауап берді, «олимпизмді жүзеге асыруға біліктілігім қалыптасты» деп 27% таңдау жасады. Сонымен қатар «ештеңе игерген жоқпын» деушілер 0% -ы құрап, қуантарлық сәтті сезіндік.

Бесінші сұрақ бойынша «Отандық спортшылардың өнер көрсетуіне» 33% ең жоғары таңдау жасаған, «Оқушыларға олимпиадалық білім беруді тарату әдістері мен нысандарына» 28%, Ежелгі Олимпиада ойындарына 21%, қазіргі Олимпиада ойындарының қозғалысына 18% қызығушылық танытқан.

Соңғы ең маңызды «Сіз жас ұрпаққа олимпиадалық білім беруді жүргізуге дайынсыз ба, оған қажетті білім мен дағдыларыңыз бар ма?» деген сұраққа 70%-ы «ия, толық көлемде», 25% -ы «ия, бірақ толық емес», 5% -ы «жауап беру қиын» екендігін көрсетті.

27 кестеде дене шынықтыру және спорт мамандарына «Олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығы» сауалнамасының нәтижелері келтірілген.

Кесте 27 - Дене шынықтыру және спорт мамандарына «Олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығы» сауалнамасының нәтижелері, %

№ р/с	Сұрақтар мен жауаптар тізбесі	Тәж.тобы n=30	Бақ.тобы n=30
1	Сіз «Олимпиадалық білім беру» оқу пәніне қандай қызығушылықпен қатыстыңыз? а) үлкен қызығушылық сезіндім б) білімімді әлі де толықтырғым келеді в) тек жақсы баға алу үшін қатыстым г) қызығушылығым болмады	55 40 5 -	32 26 7 35
2	Олимпиадалық білім беруде біліміңізді қалай бағалайсыз? а) өте жақсы б) жақсы в) қанағаттанарлық	58 40 3	40 35 25
3	Олимпизмнің қандай мұраттары мен құндылықтары сіз үшін ең маңызды болып табылады? а) «Fair Play» қағидасы- жарыстардағы әділ күрес б) жақсы дамыған адамның идеалы (атлет) в) «Жеңіс емес, басты қатысу» құндылығы г) «Жылдам, жоғары, күшті!» спорттық ұраны	62 14 16 8	30 20 14 36
4	Олимпиадалық білім беру алуда қандай практикалық дағдыларды игердіңіз? а) олимпизмнің мұраттары және құндылықтарымен таныстым б) олимпиадалық сауаттылығым артты в) олимпиадалық білімді жүзеге асыруға біліктілігім қалыптасты г) ештеңе игерген жоқпын	52 21 27 -	25 30 21 24
5	Олимпиадалық білім беру бойынша қандай ақпараттар қызықтырды? а) ежелгі олимпиада ойындары б) қазіргі олимпиада ойындарының қозғалысы в) отандық спортшылардың өнер көрсетуі г) оқушыларға олимпиадалық білім беруді тарату әдістері мен нысандары	21 18 33 28	34 33 30 6
6	Жас ұрпаққа олимпиадалық білім беруге дайынсыз ба, оған қажетті білім мен дағдыларыңыз бар ма? а) ия, толық көлемде б) ия, бірақ толық емес в) жоқ, мүлдем дайын емес г) жауап беру қиын	70 25 5 -	30 35 15 20

Аталған сауалнаманы жүргізудегі мақсатымыз студенттердің «Олимпиадалық білім беру» оқу пәніне қатынасын мен кәсіби қызметінде қолдана білу қабілеттілігін анықтау болды.

Нәтижесінде дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім берудің рөлі мен кәсіби қызметінде қолдану дайындығының артуына элективті пәннің едәуір әсері бар. Алайда сауалнаманың соңғы сұрағына жүгінсек, тәжірибе топ сыналушылары пәннің тиімділігін 73%-ға бағалаған деп қорытынды айтуға болады. Біздің жүргізген сауалнама дене шынықтыру және спорт мамандарының оқушы жастарға олимпиадалық білім беруді тарату бойынша жұмысқа дайындық деңгейін түсіндіруге септігін тигізді. «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқығаннан кейінгі сауалнама нәтижесі студенттердің оқушыларға олимпиадалық білім беру тәжірибесін қалыптастыруға дайындық жұмыстарын жүргізу қажеттігін көрсетті. Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарына алған білімдері негізінде өскелең ұрпаққа білім беру мекемелерінде олимпизм, олимпиадалық білім берудің мұраттары мен құндылықтарын насихаттауды одан әрі жалғастыру үшін технологиялық қамтамасыз ету ретінде «Олимпиадалық білім негіздері» электронды оқу-әдістемелік әзірлемесі үлкен көмек болады.

Елімізде мектеп оқушылары арасында олимпиадалық білім беретін дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауға жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру жүйесін құрудың ұсынылған қосымша нәтижелері [192-194] жарияланымдарда көрсетілген.

Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау олимпиадалық білім берудің біртұтас көп деңгейлі жүйесін ұйымдастыру негізді деп айтуға болады.

Төртінші бөлім бойынша қорытынды

Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім берудің біртұтас көп деңгейлі жүйесін ұйымдастыру негізді деп айтуға болады. Осылайша, олимпиадалық білім беру жүйесін құру құрылымдық тұрғыдан мүмкін және Қазақстанның барлық оқу орындарын қамтуға қабілетті, ал олимпиадалық білім беру құралдарын пайдалану өскелең ұрпақты шынайы олимпиадалық құндылықтар – құрмет, достық, кемелділікке ұмтылу рухында оқыту мен тәрбиелеудің нақты мүмкіндігін қалыптастырады.

Қазіргі уақытта болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беруді жетілдіру арқылы олимпиадалық білім беруді практикалық тұрғыда мектепке дейінгі, жалпы және жоғары білім беру деңгейінде жалғастыру арқылы біртұтас жүйесін құруға болады. Осылайша, елімізде олимпиадалық білімнің үш негізгі білім сатысына негізделген тәжірибесі қалыптасса, өскелең жас ұрпақтың олимпиадалық білім сауаттылығы артып, олимпиадалық білім берудің біртұтас жүйесін қалыптастыруға мүмкін болатынын ерекше атап өту керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Олимпиадалық білім берудегі ғылыми - зерттеу жұмысының нәтижелері келесі **тұжырымдар** жасауға мүмкіндік береді:

1. Олимпиадалық білім берудің әлемдік тәжірибесі, жоғары оқу орындарында дене шынықтыру мамандарын дайындау бойынша олимпиадалық білім берудің нысандары мен әдістері талданды, осы негізде олимпиадалық қозғалыстың озық тәжірибесіне бағдарланған болашақ дене шынықтыру мамандарын дайындау отандық әдіснамасын жетілдірудің және отандық тәжірибені қорытудың басым бағыттары айқындалды.

Қазіргі қоғамда олимпиадалық мәдениетті қалыптастыру бойынша шетелдік дереккөздерді талдау және олимпиадалық білім беру әдістері отандық олимпиадалық қозғалысты одан әрі жетілдіру үшін болашақ дене шынықтыру мамандарын дайындаудың басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Шетелдік әдебиет көздерін талдау жұртшылық пен спорттық-білім беру ұйымдарының күш-жігеріне қарамастан Қазақстанда бұқаралық олимпиадалық білім мен мәдениеттің жоғары деңгейіне әлі қол жеткізілмегенін көрсетті.

2. Түрлі халықаралық спорт ұйымдарында және әлемдік спорт қоғамдастығының бірқатар беделді елдеріндегі «олимпизм» және «олимпиадалық білім» анықтамалары жинақталып, осы негізде қазақстандық олимпиадалық қозғалыстағы осы ұғымдар нақтыланды.

3. Олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі айқындалды және олимпиадалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын оқытудың әдістемелік тәсілдері мен формалары (олимпиадалық сабақтар, викториналар, сөзжұмбақтар, пікірталастар, іскерлік және зияткерлік ойындар және т.б. өткізу) қалыптастырылды.

4. Тәжірибе топқа авторлық әдістемені қолдану олимпиадалық білім беруді жетілдіруде «Ежелгі Олимпиада ойындары» блогы ($t = 11,113; P \leq 0,01$), «Қазіргі Олимпиада ойындарының жандануы» блогы ($t = 11,360; P \leq 0,01$) және «Қазақстандағы Олимпиадалық қозғалыс» блогы ($t = 10,954; P \leq 0,01$) бойынша бақылау тобының олимпиадалық білім деңгейін сенімді түрде басып озуға мүмкіндік бергені дәлелденді.

Эксперимент соңында тәжірибе тобындағы студенттердің спорт және олимпизм туралы білімдерінің қалыптасуының жоғары деңгейі 35,5%-ға, олимпиадалық қозғалысты бағалауды тұжырымдауы және негіздеуінің қалыптасуының жоғары деңгейі 35%-ға, олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған спортқа қатысты қызығушылықтарының қалыптасуының жоғары деңгейі 37%-ға, олимпиадалық спорт саласындағы қабілеттер, іскерліктер мен дағдыларының қалыптасуының жоғары деңгейі 34%-ға, олимпиадалық үлгілерге, идеалдарға, мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған спорттағы іс-шаралар нысандарына нақты қатысуының қалыптасуының жоғары деңгейі 32%-ға бақылау тобымен салыстырғанда олимпиадалық мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетті.

ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі ұсыныстар жасадық:

1. Дене шынықтыру және спорт бойынша болашақ отандық мамандарды дайындауда олимпиадалық білім беруді дамыту мен жетілдіруді жоспарлауда шетелдік тәжірибені ескеру.

Қазақстандағы ғылыми айналымға олимпиадалық білім беру қызметінің ерекшеліктерін дәлірек көрсететін «олимпизм» және «олимпиадалық білім» ұғымдарын енгізген жөн.

2. Олимпиадалық білім беру мәселесін зерттеген кезде, ең алдымен, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білім беру жүйесінің Олимпиада ойындарына қатынасын, қызығушылығын және қалыптасу деңгейін зерттеу ұсынылады. Ол үшін олимпиадалық ойындарға дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша студенттердің көзқарасы, қызығушылығы мен олимпиадалық білім беру жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін сауалнаманы (Б қосымшасы) пайдалануға болады. Сонымен қатар, бұл дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің дайындығына сәйкес бағдарламалық материалдың мазмұнын реттеуге мүмкіндік береді.

3. Олимпизмнің іргелі идеяларын берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын «Олимпиадалық білім» пәні «Дене шынықтыру және спорт» оқыту бағыты бойынша білім беру бағдарламасының оқу жоспарына базалық пәндер немесе бейіндік пәндер циклінде енгізілуі тиіс. Университеттің ерекшелігіне байланысты «Олимпиадалық білім беру» курсының жұмыс бағдарламасына тақырыптық тесттік блоктар кіруі керек: Ежелгі Олимпиада ойындары, Қазіргі Олимпиада ойындарының қайта жаңғыруы, Қазақстандағы Олимпиадалық қозғалыс).

4. «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқыту шеңберінде диссертацияда әзірленген сабақтарды өткізудің белсенді және интерактивті нысандарын пайдалану керек: олимпиадалық тестілеу, олимпиадалық сөзжұмбақтар, олимпиадалық викториналар, олимпиадалық сөздіктер, олимпиадалық сабақтар, олимпиадалық қозғалыс саласындағы мамандармен шеберлік сыныптары, рөлдік және зияткерлік ойындар («Олимпиада әліппесі» «Олимпиадалық ұяшық»).

Пәннің мазмұнын толық ашу үшін курстың аудиториялық және өзіндік жұмысының үйлесімін біріктіру қажет: теориялық базалық білімді қамтитын олимпиадалық білім берудің теориялық курсы (15 сағат); практикалық сабақтарда – «Олимпиадалық ұяшық», «Олимпиада әліппесі» зияткерлік ойындары және олимпиадалық сабақтар (15 сағат), оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысындағы олимпиадалық сөзжұмбақтар (ОЖСӨЖ), Олимпиадалық викториналар (15 сағат), студенттің өзіндік жұмыстарында (СӨЖ) – олимпиадалық сөздікті, дөңгелек үстелдерді және рөлдік ойындарды өткізу қажет. Бұл олимпиадалық білім беру саласындағы

дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің білім жүйесін табысты қалыптастыруға ықпал етеді.

